ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2) әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық беруші (бұдан әрі – жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық беруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге мүмкіндіктері бар заңды тұлға;

3) әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер – заттай нәтижесі жоқ, қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, техникалық және арнайы құралдарды беруге, оларға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсетуге, техникалық куәландыруға және диагностикалауға, техникалық қолдап отыруға, қызмет көрсетуге және жөндеуге, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуге, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюға және қайта өңдеуге байланысты қызмет, сондай-ақ ғылыми зерттеулер және мемлекетте қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты өзге де қызмет;

4) әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер) – қару-жарақ, әскери, автомобиль және арнайы техника, техникалық және арнайы құралдар, заттай мүлік және арнайы мүлік, құжаттама, зияткерлік меншік құқығы объектілері, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді) өндіруге, сынауға арналған жабдық, көрсетілген тауарларға (өнімдерге) жиынтықтауыштар және қосалқы бөлшектер;

5) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) отандық өндіруші (бұдан әрі – отандық тауар өндіруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру үшін қажетті өндірістік қуаттары бар заңды тұлға;

6) әскери өкілдіктер – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы орындалған жұмыстардың және әскери мақсаттағы көрсетілген қызметтердің сапасын бақылауды және оларды қабылдап алуды жүзеге асыру үшін меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда орналастырылатын оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелері;

7) әскери техника – жауынгерлік машиналар, әскери корабльдер (катерлер мен әскери-көмекші кемелер), әскери әуе кемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары жарақтандырылатын корабльдер (катерлер мен басқа да кемелер), әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары;

8) әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) – шет мемлекетке (шет мемлекеттен, халықаралық ұйымнан) өтеусіз немесе өзге де жеңілдікті негізде қару-жарақты, әскери техника мен әскери мақсаттағы өзге де тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ техникалық қолдау, мамандарды оқыту бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну (алу);

9) әскери-техникалық ынтымақтастық – мемлекеттердің әскери ұйымдарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ олардың қорғаныс өнеркәсібін қолдауға және (немесе) дамытуға байланысты халықаралық қатынастар саласындағы қызмет;

10) әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері – мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге қатысты тиісті қызмет түріне құқығы бар заңды тұлғалар;

11) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері – қойылатын талаптар мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

12) жаңғырту – орындау нәтижесінде қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жекелеген тактикалық-техникалық элементтері олардың негізгі мақсаты бұрынғы күйінде сақтала отырып өзгеретін, оларда қолданылған техникалық құралдардың және жиынтықтаушы бұйымдардың ескірген үлгілерін жаңа, неғұрлым қазіргі заманғы үлгілермен ауыстырумен (немесе жаңа техникалық шешімдер қолданумен) сипатталатын, үлгінің тактикалық-техникалық сипаттамаларын жақсартуға бағытталған жұмыстар кешені;

13) жөндеу – қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың механизмдерінің, жиынтықтаушы бұйымдарының немесе олардың құрамдас бөліктерінің жарамдылығын немесе жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру, тоқтап қалу себептерін жою және жұмсалған ресурсын қайта қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені;

14) қару-жарақ – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға арналған әртүрлі қару түрлері, кешендер мен жүйелер, көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар, оқ-дәрілер, сондай-ақ жүйелер, құрылғылар, жеткізгіштер мен аспаптар;

15) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы – қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу, монтаждау, баптау, жаңғырту, орнату, пайдалану, сақтау, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету, беру, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету;

16) қорғаныс өнеркәсібі – жұмыс істеуі қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеуетті дамыту мақсатында әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіруді, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ететін өнеркәсіп саласы;

17) қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеует – отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін, сондай-ақ шетелдік тапсырыс берушілердің тапсырыстарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға қабілеттілігі;

18) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен – қоғамдық қатынастары қорғаныс өнеркәсібі саласында туындайтын, меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардың жиынтығын қамтитын мемлекеттің әскери ұйымының құрамдас бөлігі;

19) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары – қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы саласында лицензиялары бар отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер;

20) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жаңғырту – қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін жасауды, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді қоса алғанда, өндірілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің) номенклатурасын кеңейтуге, өндіру тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар өндірісін техникалық қайта жарақтандыру, оларды тарту және ендіру жөніндегі жұмыстар кешені;

21) қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) – азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер) ретінде пайдаланылуы не кейіннен бейіні өзгертіліп пайдаланылуы мүмкін өнім мен технологиялар;

22) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс – мемлекетте қорғаныс мұқтаждары, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметі, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен міндеттемелерді орындауы үшін сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін (номенклатурасын) бекітетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық актісі;

23) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына кіретін әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған өтінімді беретін және тиісті тауарларды (өнімдерді), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алатын орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган, олардың ведомстволары;

24) мемлекеттік-қорғаныстық тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) отандық өндірушілерінің және әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерінің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – меншік нысандарына қарамастан әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындайтын және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсететін, біліктілік талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың тізбесі;

25) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы – мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйым және заңды тұлға;

26) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі ғылыми зерттеулер (бұдан әрі – ғылыми зерттеулер) – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қару-жарақтың, әскери техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жаңа үлгілерін жасау, жарақтандыруда тұрған қару-жарақ пен әскери техниканың үлгілерін жаңғырту саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулер, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар;

27) мүлікті жою – мемлекет бақылайтын, пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму жөніндегі қызмет;

28) мүлікті кәдеге жарату – пайдаланылмайтын мүлікті оның ұрысқа тән қасиеттерін пайдалануды немесе тікелей мақсаты бойынша қолдануды болғызбайтын жай-күйге келтіру, сондай-ақ оның құрамдастарын кейіннен пайдалану мақсатында бөлшектеу;

29) мүлікті көму – одан әрі пайдалануға жатпайтын пайдаланылмайтын мүлікті зиянды заттардың қоршаған ортаға түсуін болғызбау мақсатында арнайы белгіленген орындарда оқшаулау;

30) мүлікті қайта өңдеу – пайдаланылмайтын мүлікті тауарларды немесе өзге де өнімді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдаланылатын шикізатты немесе оны өзге де материалдарды ала отырып, оны тікелей мақсаты бойынша пайдалануды болғызбайтын жай-күйге келтіру, сондай-ақ онымен жұмыс істеуді жеңілдету, оның көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында қасиеттерін өзгерту;

31) мүлікті құртып жіберу – пайдаланылмайтын мүлікті толығымен жойып жіберу;

32) оқ-дәрілер – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға тікелей арналған қару-жарақтың құрамдастары, сондай-ақ көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар;

33) пайдаланылмайтын мүлік – қорғаныс объектілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаруланудан шығарылған, тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запаста сақтаудың кепілді мерзімдері өткен, қолданылмайтын басы артық әскери мүлкі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қаруланудан шығарылған, тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запаста сақтаудың кепілді мерзімдері өткен, қолданылмайтын басы артық қаруы, әскери техникасы, арнайы құралдары, жеке қорғану құралдары, радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау мүлкі, арнайы мақсаттағы көлік құралдары, арнайы техникалық құралдары, техникалық құралдары;

34) регламенттелген техникалық қызмет көрсету – қару-жараққа, әскери, автомобиль және арнайы техникаға, техникалық және арнайы құралдарға олардың қызмет ету (пайдалану) мерзімі ішіндегі жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамдылығын ұстап тұру үшін пайдалану құжаттамасында белгіленген белгілі бір жол жүруден, атқарымнан немесе интервалдан кейін мерзімдік техникалық қызмет көрсету;

35) техникалық куәландыру және диагностикалау – қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың техникалық жай-күйін бағалау және оларды одан әрі пайдалану, жөндеу немесе жаңғырту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында жарамсыздықтарды, ақауларды анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

36) техникалық құралдар – қару-жарақты, әскери және арнайы техниканы қолдануға, оларға қызмет көрсетуге, жөндеуге және оларды сақтауға, оқытуға және тылдық қамтамасыз етуге арналған құралдар, жүйелер, кешендер, құрылғылар, байланыс құралдары, оптикалық және электрондық-оптикалық аспаптар, мемлекеттік құпияларды қорғау және радиоэлектрондық күрес құралдары, сондай-ақ қорғаныс объектілері мен өзге де қорғалатын объектілердің күзетін (байқауды), қорғанысын (диверсияға қарсы қорғанысын) қамтамасыз ететін техникалық күзет құралдары;

37) техникалық қызмет көрсету – қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, техникалық және арнайы құралдарды мақсаты бойынша пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде жөндеуаралық кезеңдегі олардың техникалық даярлығын ұстап тұру және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені, оларды өткізу қажеттілігі олардың техникалық жай-күйімен айқындалады;

38) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

39) уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттауды, оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөнінде қызметтер көрсетуді, қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық көрмелерге қатысуды және оларды Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

**2-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі жәнемемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасы**

1. Қазақтан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

## 2-тарау. ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАНЫСТЫҚ ТАПСЫРЫС САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

**3-бап. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік реттеу**

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік реттеу мыналарды:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуді;

2) әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді;

3) құқықтық реттеуді;

4) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыруды;

5) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды ұйымдастыруды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді;

6) ұлттық қауіпсіздік саласындағы және қорғаныс саласындағы ғылымды дамытуды;

7) мемлекеттік органдардың және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының қызметін үйлестіруді;

8) халықаралық ынтымақтастықты;

9) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымын реттеуді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өзге де іс-шараларды қамтиды.

**4-бап. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері**

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін құру;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қазіргі заманғы әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;

3) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптің азаматтық салаларында пайдалану;

4) мемлекетте қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті арттыру және нығайту мүдделерінде қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы түрлерін жасауды қамтамасыз ету;

5) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының экспорттық әлеуетін қолдау және одан әрі дамыту;

6) қолданбалы зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру болып табылады.

**5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өкілеттіктері**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің республикалық мемлекеттік мекемелерін, ұйымдарын, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

3) отандық ғылыми-техникалық әзірлемелерді қаржылық қолдау және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жаңғырту мақсатында құрылатын қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қорын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

4) Ғылыми зерттеулер жөніндегі қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі – Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия) құрады, ол туралы ережені, сондай-ақ оның құрамын бекітеді;

5) уәкілетті ұйымды айқындайды;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын бекітеді;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын бекітеді;

8) уәкілетті органның ұсынуы бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты бекітеді;

9) меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

10) қару-жарақ пен әскери техниканың, стратегиялық материалдардың, озық технологиялардың және әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) айналымын, оның ішінде экспорты мен импортын бақылауды ұйымдастырады;

11) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы қағидаларын бекітеді;

12) пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын бекітеді;

13) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**6-бап. Уәкілетті органның функциялары**

Уәкілетті орган:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады және іске асырады;

2) бірыңғай әскери-техникалық саясатты және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысады;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) мемлекетте қорғаныс мұқтаждарын, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті, қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың қажетті түрлерімен қамтамасыз етуді ағымдағы және перспективалы жоспарлауды ұйымдастыруға қатысады;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

7) қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеуетті дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

8) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, сондай-ақ сенімгерлік басқаруындағы ұйымдардың қызметін ұйымдастырады;

9) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шешімдерін қабылдайды және тәртібін айқындайды;

10) мемлекеттік білім беру тапсырысына қосу үшін қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары жүргізетін білікті кадр ресурстарына ағымдағы және перспективалы қажеттіліктердің мониторингін ескере отырып, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен үшін мамандар даярлау талап етілетін мамандықтардың тізбесін айқындау жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады;

11) мемлекеттік авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарды сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) мемлекеттік авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарын әзірлейді және бекітеді;

13) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы қағидаларын әзірлейді;

14) қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесін әзірлейді;

15) осы Заңның 7-бабының 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын әзірлейді;

17) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен пайдаланылмайтын мүлікке билік етеді және пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу және құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу және пайдаланылмайтын мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде не акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу төлеміне беру туралы шешімдер қабылдайды;

18) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

19) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын әзірлейді;

20) монополияға қарсы органмен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын әзірлейді;

21) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) отандық өндірушілерінің, әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерінің тізілімін қалыптастырады, бекітеді және жүргізеді;

22) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдауды жүзеге асырады;

23) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастырады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жеткізеді;

24) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушымен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады;

25) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруды жүзеге асырады;

26) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделген болса, шарт сомасының үнемделуі орын алған, ол азайтылған не ұлғайтылған, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың мерзімі ұзартылған кезде жоспарлы кезеңге бөлінген шектерде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражатын қайта бөлу туралы шешім қабылдайды;

27) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушыларды әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен) қамтамасыз етеді;

28) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделген болса, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының мемлекеттік мекемелеріне бөледі және олардың тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаларға) сәйкестігін қамтамасыз етеді;

29) ғылыми зерттеулерді салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

30) әскери мақсаттағы технологиялар бойынша жобаларды іске асыруды үйлестіреді;

31) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

32) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулердің сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

33) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мамандандырылған ғылыми бағыттарды әзірлейді;

34) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мамандандырылған ғылыми бағыттар жөніндегі сараптама кеңестерін (бұдан әрі – сараптама кеңестері) құрады, мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша олардың ережелері мен құрамдарын бекітеді;

35) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді бекітеді;

36) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың нәтижелеріне сынақтар жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

37) ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысады;

38) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар әзірлеуді ұйымдастырады және оларды іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асырады;

39) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың мұқтаждары үшін пайдаланылатын әскери ұлттық стандарттарды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, олардың күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

40) әскери ұлттық стандарттарды әзірлейді, келіседі, бекітеді, өзгертеді, олардың күшін жояды және есепке алуды жүргізеді;

41) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**7-бап. Орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы функциялары**

Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның бірінші басшысының актісі негізінде мемлекеттік орган шегінде әскери мүлікті береді;

4) өздерінің жедел басқаруындағы қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына бақылауды жүзеге асырады;

5) мүлікті пайдаланылмайтын мүлік деп тану туралы шешім қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға береді;

7) қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілері және сатып алуға ұсынылатындары үшін тактикалық-техникалық сипаттамаларды айқындайды;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды жүзеге асырады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын оларға жеткізеді;

9) осы Заңның 19-бабы 2-тармағының 2), 3), 7) және 12) тармақшаларында көзделген, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

10) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілеріне мемлекеттік сынақтарды ұйымдастырады және жүргізеді және оларды қаруլануға, жарақтандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдау үшін құжаттама дайындайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарақтандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдау үшін құжаттарды дайындауға, оларды сериялап өндіруге беру үшін конструкторлық, техникалық және өзге де құжаттаманы келісуге қатысады;

13) қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарақтандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдап алуды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери ұлттық стандарттарды әзірлейді, келіседі, әзірлеуге, өзгертуге және олардың күшін жоюға қатысады;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**8-бап. Уәкілетті ұйымның функциялары**

Уәкілетті ұйым:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау кезінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери

(Жалғасы 14-бетте)

(Жалғасы. Басы 1, 13-беттерде)

мақсаттағы жұмыстарды орындау мен әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету үшін сатып алынатын көрсетілген тауарларды (өнімдерді), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер жүзеге асыратын импорттауды қоспағанда, мемлекетте қорғаныс мұқтаждарын, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметі, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі үшін қажетті көрсетілген тауарларды (өнімдерді), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді импорттауды жүзеге асырады;

2) пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды) жүзеге асырады;

3) оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді жүзеге асырады;

4) пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асырады;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

6) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен өндіретін қару-жарақ пен әскери техниканы халықаралық нарыққа ілгерілетуді жүзеге асырады;

7) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің халықаралық көрмелеріне, конференцияларына, семинарларына, таныстыру іс-шараларына, демонстрацияларына, сынақтарына қатысады және оларды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасына сәйкес орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесін жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

9) мемлекеттік кепілдіктермен берілетін мемлекеттік емес қарыздарды тартады;

10) қарыз шартында көрсетілген ұйымдармен мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар шеңберінде кейінге қалдыру төлемімен қорғаныс өнеркәсібі саласында әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) сатып алу және беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету жөніндегі шарттарды жасасады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 3-тарау. ҚОРҒАНЫСТЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

**9-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының функциялары**

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіруді, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді жүзеге асырады;

3) қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру қауіпсіздігін, өндірілген қару-жарақ пен әскери техниканы бақылауды, есепке алуды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

4) өндірілетін, дайындалатын әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге қатысты сыртқы сауда қызметін жүзеге асырады;

5) қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеуетті дамыту жөніндегі іс-шараларды орындауға қатысады;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс іс-шараларының құнын қалыптастырады;

7) басым тәртіппен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындайды және (немесе) орындауға қатысады;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты, шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету үшін, сондай-ақ экспортқа беруді жүзеге асыру үшін тауарларды (өнімдерді), оның ішінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді импорттауды жүзеге асырады;

9) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенде ғылыми және ғылыми-техникалық, оның ішінде өндірісті кеңейту, реконструкциялау және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі жобаларды іске асыруды жүзеге асырады;

10) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық стандарттарды әзірлейді және әзірлеуге қатысады;

12) білікті кадр ресурстарына ағымдағы және перспективалы қажеттіліктердің мониторингін жүргізеді;

13) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарларында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**10-бап. Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау шаралары**

1. Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына қаржылық, ақпараттық-консультациялық қолдау ұсыну, кадр әлеуетін дамытуды қолдау, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруды қолдау, мемлекеттік преференциялар беру мен осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де қолдау шараларын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау шараларын қолдану ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

3. Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау шараларын қолдану:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, жаңғыртуға дайындығын қамтамасыз ету;

2) қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру үшін өнеркәсіптік инфрақұрылымды құру;

3) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орналастыру және орындау рәсімдерін жетілдіру;

4) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру қажеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

**11-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын қаржылық қолдау**

1. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын қаржылық қолдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда ұсынылады.

2. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын қаржылық қолдау:

1) екінші деңгейдегі банктердің және басқа да қаржы ұйымдарының қарыздар беруі жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

2) мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден субсидиялау;

3) негізгі қорларды жаңғыртуға және жаңартуға, өндірісті техникалық қайта жарақтандыруға, қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықты ендіруге, жаңа өндірістерді ұйымдастыруға, жаңа технологияларды сатып алуға бағытталған инвестициялық жобаларды мемлекеттік қаржыландыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтық және кедендік жеңілдіктерді беру;

5) шетелдік берушілермен мәмілелер бойынша шығыстарды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен бағамдық айырма бойынша өтеу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік емес қарыздарды тарту үшін мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекеттің кепілгерліктерін беру;

7) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаржылық қолдаудың өзге де шараларын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

**12-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын ақпараттық-консультациялық қолдау**

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын ақпараттық-консультациялық қолдау:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту үшін қажетті ақпарат қамтылған анықтамалықтар, каталогтар, бюллетеньдер, деректқорлар шығару және (немесе) жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту үшін қажетті ақпаратты орналастыру;

3) көрмелер, конференциялар, семинарлар, таныстыру іс-шараларын, демонстрациялар өткізуді ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды өткізуге жәрдем көрсету арқылы жүзеге асырылады.

**13-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының кадр әлеуетін дамытуды қолдау**

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының кадр әлеуетін дамытуды қолдау:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының жұмыскерлеріне ақпараттық, консультациялық қолдау ұсыну;

2) меншік нысандарына қарамастан ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен де қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары жұмыскерлерінің тәжірибе алмасу, тағылымдамадан өту, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері бойынша келісімдерге қол жеткізу;

3) техникалық жоғары оқу орындары түлектері арасынан оларды қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарында кейіннен жұмысқа орналасу мүмкіндігімен, персоналды іріктеуді жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау;

4) уәкілетті орган ұсынатын мәліметтердің негізінде қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары үшін мамандар даярлау талап етілетін мамандықтарды мемлекеттік білім беру тапсырысына қосу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кадр әлеуетін дамытуды қолдаудың өзге де шараларын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

**14-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының сыртқы экономикалық қызметін қолдау**

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының сыртқы экономикалық қызметін қолдау әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді шет мемлекеттердің нарықтарына ілгерілетуді ұйымдастыру, сондай-ақ шетелдегі қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылады.

**15-бап. Қару-жарақ пен әскери техника айналымының ерекшеліктері**

1. Қазақстан Республикасының аумағында қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу, монтаждау, баптау, жаңғырту, орнату, пайдалану, сақтау, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген қару-жарақ пен әскери техниканың бірлігінде таңбалау белгілемесі болуға тиіс.

4. Қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуды уәкілетті орган, уәкілетті ұйым, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілер және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға құқығы бар субъектілер жүзеге асырады.

Қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алу мемлекеттік материалдық резерв үшін де жүзеге асырылады.

5. Қару-жарақ пен әскери техниканы өткізуді уәкілетті ұйым және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы өткізуге құқығы бар субъектілер жүзеге асырады.

Қару-жарақ пен әскери техниканы, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын және (немесе) уәкілетті ұйымды қоспағанда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға және өткізуге құқығы бар субъектілер арасында өткізуге жол берілмейді.

Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті өткізу осы Заңның 16-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қару-жарақ пен әскери техника міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің нысаналары болып табылмайды.

7. Қару-жарақ пен әскери техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Азаматтық және қызметтік қару айналымының тәртібі Қазақстан Республикасының жекелеген қару түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау саласындағы заңнамасында реттеледі.

**16-бап. Пайдаланылмайтын мүлік айналымының ерекшеліктері**

1. Уәкілетті орган пайдаланылмайтын мүлікке мемлекеттік органдар мүлікті пайдаланылмайтын мүлік деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін билік етеді.

2. Пайдаланылмайтын мүлік пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларына сәйкес беріледі, өткізіледі, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жойылады және қайта өңделеді.

3. Қару-жарақ пен әскери техниканы қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлік Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бағалануға жатады.

Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі өткізілетін пайдаланылмайтын мүліктің бастапқы бағасы баланстық құны негізге алына отырып айқындалады.

4. Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға құқығы бар субъектілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік заңды тұлғаларға өткізу жүзеге асырылады.

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының өзге де тең жағдайларда қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлік оны экспорттау шартымен жабық тендерлер немесе аукциондар өткізу арқылы өткізіледі.

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарында жөндеуді және (немесе) жаңғыртуды талап ететін, қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті жөндеуге және (немесе) жаңғыртуға мүмкіндіктері болған кезде, көрсетілген мүлік пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларына сәйкес оларды жөндеудің және (немесе) жаңғыртудың міндетті шартымен өткізіледі.

5. Пайдаланылмайтын мүлікті уәкілетті ұйым өткізеді.

6. Пайдаланылмайтын мүлікті өткізуден алынған қаражат республикалық бюджетке жіберіледі.

Пайдаланылмайтын мүлікті өткізу бойынша сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларына сәйкес сатып алушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**17-бап. Әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы құқықтық реттеу**

Әскери-техникалық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

**18-бап. Әскери-техникалық ынтымақтастық салалары мен нысандары**

1. Әскери-техникалық ынтымақтастықты әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері мынадай салаларда жүзеге асырады:

1) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өзара жеткізулерді, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді, сондай-ақ халықаралық шарттың тараптары болып табылатын мемлекеттердің заңнамасында әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге жатқызылатын кез келген басқа тауарды (өнімді), жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өзара жеткізулерді жүзеге асыру;

2) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеу, өндіру, жөндеу, жаңғырту, жою және қайта өңдеу жөнінде бірлескен кәсіпорындар, бірлескен өндірістер құру;

3) қорғаныс өнеркәсібі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

4) қару-жарақ пен әскери техниканы стандарттау және біріздендіру, халықаралық шарттардың тараптары болып табылатын мемлекеттердің қарулы күштерін, басқа да әскерлерін, әскери құралымдарын, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын метрологиялық қамтамасыз ету саласында өзара іс-қимыл жасау;

5) әскери-техникалық кадрларды даярлау және оқыту;

6) әскери-техникалық ынтымақтастық шеңберіндегі жарнамалық-көрмелік қызмет, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканың көрмелері мен демонстрациялық байқауларын өткізу;

7) қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың үлгілеріне бірлескен сынақтар жүргізу;

8) өздеріне қатысты халықаралық шарттардың тараптары болып табылатын мемлекеттердің әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілетін әскери-техникалық ынтымақтастықтың өзге де салалары.

2. Әскери-техникалық ынтымақтастықтың нысандары:

1) халықаралық шарттар жасасу;

2) әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың отырыстарын өткізу;

3) әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

4) келісімдердің (келісімшарттардың) тараптары болып табылатын мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілетті органдар және (немесе) уәкілетті ұйымдар арасында келісімдер (келісімшарттар) жасасу;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықтың нақты мәселелері бойынша консультациялар өткізу, мамандар шақыру, тәжірибе және ақпарат алмасу;

6) әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) алу (көрсету);

7) өздеріне қатысты халықаралық шарттардың тараптары болып табылатын мемлекеттердің әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысушылары арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілетін әскери-техникалық ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

3. Шет мемлекетке немесе халықаралық ұйымға әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) көрсету, оның ішінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өтеусіз немесе өзге де жеңілдікті негізде жүзеге асырылады.

Шет мемлекеттен немесе халықаралық ұйымнан әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) алу Қазақстан Республикасының келісімдері, келісімшарттары, халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

## 4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАНЫСТЫҚ ТАПСЫРЫС

**19-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс, оның құрамы мен мазмұны**

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде де, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен де сатып алады.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары өздерінің бюджеттік өтінімдері құрамында мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа енгізуге жататын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруы Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына мыналар кіреді:

1) қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, арнайы құралдарды, оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру (құрастыру), беру, жаңғырту;

2) қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы жөндеу, оларға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсету, техникалық қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау;

3) техникалық құралдарды әзірлеу, жаңғырту, өндіру (құрастыру), беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау;

4) пайдаланылмайтын қару-жарақты, әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын өндіру;

6) ғылыми зерттеулер;

7) қорғаныс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, оларды салу және күрделі жөндеу;

8) қаптаманы өндіру, әзірлеу және беру;

9) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру;

10) қорғаныс мақсаттарында ғарыш жүйелері мен ғарыш объектілерін әзірлеу, жаңғырту, өндіру, беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау, техникалық пайдалану және кәдеге жарату;

11) қорғаныс мақсаттарында ғарыштық және спутниктік навигациялық көрсетілетін қызметтер;

12) автоматтандырылған басқару жүйелері кешендерін, сондай-ақ оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру, беру, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу, жаңғырту, техникалық қолдап отыру.

Осы тармақтың 2), 3), 7) және 12) тармақшаларында көзделген әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыста мыналар қамтылуға тиіс:

1) берілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесі (номенклатурасы) және көлемі, сондай-ақ оларды беру, орындау, көрсету мерзімдері;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың және әскери мақсаттағы тауардың (өнімнің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауардың (өнімнің), әскери мақсаттағы жұмыс пен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін, сондай-ақ өткізу бөлімдері мен кезеңдері бойынша болжамды жалпы құны (бағасы);

3) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың тізбесі;

4) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың тізбесі.

4. Осы Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді.

**20-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру және орналастыру**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, орталық атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың меморандумдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелеріне сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың өтінімдері бойынша қалыптастырылады.

Республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес тиісті жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың жобасы әзірленеді.

2. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) ұлттық стандарттарға сәйкес қалыптастырады.

Ұлттық стандарттар болмаған жағдайда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар сатып алуға ұсынылатын әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) өз бетінше қалыптастырады.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) уәкілетті органға әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету мерзімдері мен орындарын көрсете отырып жібереді.

Егер осы баптың 7-тармағында өзгеше көзделмесе, уәкілетті орган тізілімге енгізілген ұйымдармен тактикалық-техникалық тапсырмаларды (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) өңдеу жөніндегі жұмысты жүргізеді.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес жаңарту тәртібімен шығарылатын, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының талаптарына сәйкес келетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) болған кезде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушыларға беріледі, бұл ретте көлік шығыстары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының есебінен жүзеге асырылады.

4. Тізілімге енгізілгендер қатарынан мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндірудің, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындаудың және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетудің қажетті шарттарын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін, талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету қабілетін негізге ала отырып, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында айқындалған тәртіппен жүргізеді.

Тізілімге енгізу үшін заңды тұлғалар уәкілетті органға тізілімге енгізу үшін өтінім берілгенге дейін кемінде жарты жылдан соң жүргізілген техникалық және қаржылық аудиттерді ұсынады. Тізілімге енгізу және тізілімнен алып тастау тәртібі, заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары және тізілімге енгізу үшін қажетті құжаттардың тізбесі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында белгіленеді.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеу қажеттілігі болған кезде тізілімге енгізілген заңды тұлғалардың оларды қорғау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мүмкіндігі ескеріледі.

5. Тізілімнен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны айқындау мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті ұйым мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы деп танылады.

6. Уәкілетті ұйымның әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беруі (импорттауы), әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды мен әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етуі мүмкін болмаған кезде бұл іс-шара мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа енгізілмейді және көрсетілген тауарлар (өнімдер), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алынады.

7. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдау мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері мен жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдардың қатарынан мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарда талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру немесе беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдау осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Осы баптың ережелері ғылыми зерттеулерге қолданылмайды.

9. Осы баптың 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтарының ережелері Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қолданылмайды. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

10. Тіркелу орны бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін офшорлық аймақтардың тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылатын не бенефициарлық меншік иесі офшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы және (немесе) әскери мақсаттағы импорттық тауарларды (өнімдерді) беруші бола алмайды.

**21-бап. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру ерекшеліктері**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс жобасына енгізу үшін ғылыми зерттеулерді таңдауды сараптама кеңестері берген ғылыми зерттеулер бойынша қорытындылардың негізінде Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия жүзеге асырады.

2. Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссияның құрамы орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары, ғылыми ұйымдар, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары және ғылыми қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, жетекші ғалымдардың қатарынан қалыптастырылады және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен бекітіледі.

Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссияның міндеттері:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қорғаныс өнеркәсібінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметін дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттер мен басымдықтарды қалыптастыру;

2) мамандандырылған ғылыми бағыттарды қарау және мақұлдау;

3) ғылыми зерттеулерді республикалық бюджеттен қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

4) орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді қарау.

3. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру осы Заңда, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалады.

4. Сараптама кеңестері мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерге сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес ғылыми зерттеулер бойынша, сондай-ақ орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерге сараптама жүргізеді.

5. Сараптама кеңестері алқалы органдар болып табылады және Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия мақұлдаған мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша құрылады.

6. Сараптама кеңестерінің құрамдары құзыретті қазақстандық ғалымдар, орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының, ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан қалыптастырылады және оларды уәкілетті орган бекітеді.

7. Ғылыми зерттеулер жүргізу үш жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

**22-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы арасында жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндірудің, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындаудың және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетудің бүкіл кешенін орындауға да, осы тауарлардың (өнімдердің), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне де жасалады.

2. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша берілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасы нормативтік және техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына және шарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт үш жылға дейінгі мерзімге жасалады.

4. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта шарттың нысанасы, шарттың қолданылу мерзімдері және (немесе) шарттың жекелеген кезеңдерінің мерзімдері, шарттың және аванс болған жағдайда, оның сомалары, сапаны бақылау талаптары, қабылдап алу талаптары,

(Соңы 15-бетте)

**(Соңы. Басы 1, 13-14-беттерде)**

беру (орындау, көрсету) орны мен мерзімдері, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері, шартты бұзу немесе тоқтату үшін негіздер, тараптардың жауаптылығы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көрсетіледі.

5. Уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты бекіту туралы тиісті актісі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жібереді.

6. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы шарт келіп түскен күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қол қоюға тиіс.

7. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасудан мынадай жағдайларда:

1) егер талап етілетін әскери мақсаттағы тауар (өнім), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауар (өнім) өндірістен алып тасталса;

2) халықаралық санкциялар, эмбарго жарияланса, еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаса;

3) егер шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық өзіндік ерекшелік осы Заңның 20-бабының 2-тармағында көрсетілген, оның негізінде шарттың бағасы қалыптастырылған тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) сәйкес келмесе, бас тартуға құқылы.

8. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) бергені, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындағаны не әскери мақсаттағы қызметтерді көрсеткені үшін толық төлем жасау туралы талаптар қамтылуға тиіс.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу талаптары қамтылуға тиіс.

9. Уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп саналады.

10. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайларда, уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) республикалық бюджетке есепке жатқызылады.

11. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты орындаған кезде әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы қызметтердің атауы, саны, сапасы, техникалық өзіндік ерекшелігі, құны, оларды беру, орындау, көрсету орны мен мерзімдері шарттың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

12. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасудан бас тарту, уақтылы жасаспау және бұзу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылғаны туралы ақпаратты уәкілетті органға дереу жеткізеді.

**23-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіздер**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай:

1) егер өзгерістер мен толықтырулар бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың бюджетін ұлғайтуға алып келмесе, осы баптың 2-тармағында көрсетілген;

2) бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың мазмұнын өзгертуге алып келмейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда жол беріледі.

2. Бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізбей, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа осы баптың 1-тармағына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай:

1) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге бағаны және тараптардың өзара келісуі бойынша қабылданған шарт сомасын азайту бөлігінде өзгеріс енгізілген;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушымен келісу бойынша тараптар қабылдаған міндеттемелерді орындау мерзімдері өзгермеген кезде тактикалық-техникалық тапсырмаларға (техникалық өзіндік ерекшеліктерге, тактикалық-техникалық сипаттамаларға) өзгеріс енгізілген;

3) жасалған шартта көрсетілген тауардың (өнімнің), жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін баға және міндеттемелерді орындау мерзімдері өзгермеген кезде, сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің көлемінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының қажеттілігінің азаюына не ұлғаюына байланысты шарт сомасы азайтылған не ұлғайтылған;

4) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгеріс енгізілсе және осындай өзгеріс сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, сондай-ақ егер қару-жарақ пен әскери техникадан ақау анықтау процесінде қосымша жұмыстар және (немесе) ауыстыруды қажет ететін жөндеуге жарамсыз агрегаттар анықталса, шарт сомасы ұлғайтылған;

5) Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге заңнамасының, сондай-ақ резиденті мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушымен, уәкілетті ұйыммен немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушымен шарт жасасқан мемлекеттің ұлттық заңнамасының өзгеруінен туындаған, шарт сомасы азайтылған немесе ұлғайтылған;

6) жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының базалық шығыстары өзгерген жағдайда, шарттың жалпы сомасы өзгерместен ағымдағы қаржы жылынан асатын қолданылу мерзімі бар шарттың ағымдағы қаржы жылына арналған сомасы өзгертілген;

7) егер мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы өзімен жасалған шартты орындау процесінде әскери мақсаттағы тауардың (өнімнің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауардың (өнімнің), әскери мақсаттағы жұмыс пен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартымен міндеттемелерді орындау мерзімдері өзгермеген кезде оларды жақсартатын сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды ұсынған жағдайларда жол беріледі.

**24-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс басым тәртіппен орындалуға міндетті. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың көлемдері мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты өткізуге бөлінетін қаржы құралдарымен айқындалады.

2. Ұйымдарда әскери өкілдіктер құрылмайтын жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартта белгіленген шектерде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасын бақылауды және оларды қабылдап алуды жүзеге асыратын өз өкілдерін оларға жіберуге құқылы.

Аталған өкілдерге осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

3. Уәкілетті органның, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жіберуге құқығы бар.

Аталған өкілдерге осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

4. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылар болып табылатын, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар жаңарту мақсатында мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдаланады.

Бұл ретте мемлекеттік материалдық резервтің пайдаланылған материалдық құндылықтарының жалпы көлемі сақтауға берілген нақты қолда бар материалдық құндылықтардың отыз пайызынан аспауға тиіс.

Мемлекеттік материалдық резервке материалдық құндылықтарды кейіннен салуды мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін материалдық құндылықтар пайдаланылған күннен бастап он екі ай ішінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасына және оларды сақтау көлемдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларында айқындалады.

5. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс бойынша міндеттемелерді қабылдау және төлемдерді жүзеге асыру мемлекеттік құпиялардың қорғалуы қамтамасыз етіле отырып, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шығыстардың экономикалық сыныптамасының бір өзіндік ерекшелігі бойынша көрсетіліп, қаржыландырудың ерекше тәртібі бойынша жүргізіледі.

**25-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың функциялары**

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар:

1) штат санының лимиті негізінде және белгіленген тәртіппен бекітілетін нормалар бойынша орталық атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды, олардың ведомстволарын материалдық-техникалық қайта жарақтандыру перспективаларын негізге ала отырып, мемлекетте қорғанысты, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажетті әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер қажеттілігіне өтінімдер береді;

2) мақұлданған мамандандырылған ғылыми бағыттар шеңберінде қажетті ғылыми зерттеулерге өтінімдер береді;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құпияландыруына жататын мәліметтер тізбесіне сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәліметтерінің құпиялылық дәрежесін айқындайды;

4) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жеткізеді;

5) сатып алуға ұсынылатын әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) әзірлейді және бекітеді;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады, сондай-ақ әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді қабылдап алуды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруды және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жібереді;

9) әскери өкілдік болмаған кезде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкес әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді қабылдап алуды жүзеге асырады;

10) әскери өкілдік болған кезде әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын растайтын куәліктің негізінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкес атау, номенклатура және жинақталым бойынша әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді қабылдап алуды жүзеге асырады;

11) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген болса, шарт сомасының үнемделуі орын алған, ол азайтылған не ұлғайтылған, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың мерзімі ұзартылған кезде жоспарлы кезеңге бөлінген шектерде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражатын қайта бөлу туралы шешім қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

**26-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың функциялары**

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылар:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың және уәкілетті органның сұрау салулары бойынша өз қызметі туралы ақпарат береді;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың тактикалық-техникалық тапсырмаларының (техникалық өзіндік ерекшеліктердің, тактикалық-техникалық сипаттамалардың) жобаларын қарайды және әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) ұсыныстарды қалыптастырады;

3) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге бағаларды негіздейді;

4) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

5) уәкілетті орган және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы төлейтін бюджет қаражатын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға ғана пайдаланады;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған әрбір шарт бойынша қаржы қызметінің нәтижелерін бөлек есепке алуды жүргізеді;

7) уәкілетті органның және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін тауарларды (өнімдерді) өндіру үшін қажетті әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларын қолданбай жүзеге асырады;

9) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өндірілген, сатып алынған, жаңғыртылған, жөнделген не техникалық қызмет көрсетуден өткен әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта белгіленген мерзім ішінде істен шыққан жағдайда, олардың істен шығу себептерін анықтау үшін өз өкілдерін дереу жібереді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

**27-бап. Әскери өкілдіктердің міндеттері мен функциялары**

1. Әскери өкілдіктер мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылады.

Ұйымдарда әскери өкілдікті орналастыру қажеттілігі қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, техникалық және арнайы құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және жаңғырту ерекшеліктері, аспаптар мен жабдықтардың жоғары дәлдігін, арнайы киім-кешек, арнайы мүлік және жеке қорғану құралдары сенімділігінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігі негізге алына отырып, сондай-ақ халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау кезінде айқындалады.

2. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беруге, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы арасында жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттар әскери өкілдіктердің әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және оларды қабылдап алу жөніндегі қызметті ұйымдастыруы және жүзеге асыруы үшін негіз болып табылады.

Әскери өкілдіктер осы шарттардың негізінде әскери өкілдіктің бақылауына және қабылдап алуына жататын әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер номенклатурасын әзірлейді, оны уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы бекітеді.

3. Әскери өкілдіктерге:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттардың жобаларын дайындауға және келісуге қатысу;

2) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен жинақталымын, олардың техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкестігін тексеру;

3) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта көзделген мерзімдерде қабылдап алу, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын растайтын куәлікті беру;

4) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің техникалық құжаттамасын, тактикалық-техникалық тапсырмасын (техникалық өзіндік ерекшелігін, тактикалық-техникалық сипаттамаларын) пысықтауды бақылау, олардың ұлттық стандарттардың, техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына сәйкестігін тексеру;

5) республикалық бюджет қаражаты есебінен құрылған немесе сатып алынған материалдық құндылықтарды есепке алуды жүргізу;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеу және өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету жөніндегі ұлттық стандарттарды сақтауын бақылау;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеу, өндіру, жөндеу, жаңғырту, сынау және беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және бағалауға қатысуы;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларына сәйкес тікелей де, кооперация тәртібімен де әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеуге және өндіруге, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге жатқызылған іс жүзіндегі шығындарды тексеру және келісу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

4. Әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және оларды қабылдап алу кезінде әскери өкілдіктер:

1) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), олардың агрегаттарын, тораптары мен бөлшектерін өндіру сапасына және оларға сынақтар жүргізуге, сондай-ақ жиынтықтаушы бұйымдар мен материалдардың ұлттық стандарттардың, техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыруға;

2) әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасына, сынақтардың жүргізілуіне, сондай-ақ олардың ұлттық стандарттардың, техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыруға;

3) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге) қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізуге қатысуға;

4) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге) мерзімдік, біліктілік, үлгілік сынақтар жүргізуге қатысуға және олардың нәтижелері бойынша қорытындылар беруге;

5) өндіру, сынау және пайдалану нәтижелері бойынша әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) сенімділігіне талдау жүргізуге қатысуға;

6) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) сапасы мен сенімділігіне, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың қабылданған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) сақтау шарттарын сақтауына және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге байланысты мәселелер бойынша шешімдердің орындалуын бақылауға;

7) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндірудің метрологиялық қамтамасыз етілуін, әскери мақсаттағы жұмыстардың орындалуын және әскери мақсаттағы қызметтердің көрсетілуін, сондай-ақ ұлттық стандарттардың енгізілуін және сақталуын бақылауға;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптары немесе тауардың (өнімнің) сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімдер орындалмаған, оны сынаулардың теріс нәтижелері болған, пайдалану процесінде тауардың (өнімнің) істен шығуын туындатқан ақаулар анықталған кезде, егер бұл ақаулар өндірістегі тауарда да (өнімде де) болса, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) қабылдап алуды және тиеуді тоқтата тұруға;

9) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптары немесе жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімдер орындалмаған кезде әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға міндетті.

5. Өндірісі аяқталмаған, жинақталмаған, белгіленген сынақтар жүргізілмеген және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт талаптарына басқа да сәйкессіздіктері бар әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) түпкілікті қабылдап алу туралы куәлікті немесе басқа да құжатты беруге тыйым салынады.

6. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне қолданылмайды.

**28-бап. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді бөлу және беру**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделген болса, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың ведомстволық бағынысты мекемелеріне бөлу және беру мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттардың талаптарына сәйкес уәкілетті орган басшысының шешімі бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді бөлу және беру туралы шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы орындалған жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актісі (тапсыру актісі) (бұдан әрі – қабылдау-беру актісі) ресімделеді.

3. Қабылдау-беру актісіне беруші және қабылдаушы тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары қол қояды және оны қабылдаушы тараптың мемлекеттік мекемелерінің басшылары бекітеді.

Қабылдау-беру актісі қазақ және орыс тілдерінде төрт данада, қабылдау-беру актісін ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалады.

4. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді беруді есепке алу мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

5. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне қолданылмайды.

**29-бап. Рекламация**

1. Әскери мақсаттағы тауарларда (өнімдерде), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларда (өнімдерде), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерде пайдалану орны бойынша ақау анықталған не өндірілгені, жаңғыртылғаны, жөнделгені не техникалық қызмет көрсетуден өткені істен шыққан кезде белгіленген кепілдік мерзімі ішінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының құрылымдық бөлімшесі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы арқылы уәкілетті органды, әскери өкілді және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны дереу хабардар етеді. Бұл тауар (өнім) пайдаланудан шығарылады және оның одан әрі зақымдалуын болғызбайтын әдіспен ақаудың немесе істен шығуының себептерін анықтағанға дейін одан әрі сақтау орнына жеткізіледі.

2. Өндірілген, жаңғыртылған, жөнделген не техникалық қызмет көрсетуден өткен әскери мақсаттағы тауарлардағы (өнімдердегі), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардағы (өнімдердегі), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердегі ақаудың себептерін анықтау үшін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы, уәкілетті орган өкілдерінің және әскери өкілдердің қатысуымен бірлескен комиссия құрылады. Комиссияның жұмыс істеу тәртібі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында айқындалады.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсі анықталған жағдайда, әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) пайдалану процесінде:

1) тауарлардың (өнімдердің) өздерінің не олардың қосалқы бөлшектері мен жиынтықтауыштарының контрафактілі шығарылғаны;

2) егер мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта, тактикалық-техникалық тапсырмада (техникалық өзіндік ерекшелікте, тактикалық-техникалық сипаттамада) және конструкторлық-технологиялық құжаттамада, сондай-ақ тізілімнен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдаған кезде уәкілетті органның немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының талаптарының бірі оларды мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының өзінің өндіруі болса, тауарларды (өнімдерді), олардың қосалқы бөлшектерін және жиынтықтауыштарын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының өзінің өндірмегені;

3) тауарда (өнімде) жөндеуге келмейтін ақау анықталған кезде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыға толықтай ауыстыру үшін қайтарылуы мүмкін.

4. Әскери мақсаттағы тауарларда (өнімдерде), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларда (өнімдерде) жөндеуге келмейтін, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсінен болған, жасырын сипаты бар және зауыттық жағдайларда ғана анықталуы мүмкін ақау анықталған кезде, ақаулық мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт шеңберінде берілген барлық тауарларда (өнімдерде) бар деп пайымдауға негіздер болса, тауарлардың (өнімдердің) барлық сериясы қайтарылуға жатады.

5. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) не олардың сериясын оларды кейіннен ауыстыра отырып, өз бетінше кері қайтарып алуға құқылы. Бұл ретте ауыстыру мерзімі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыға салынатын айыппұл санкцияларының сомасына ескеріледі.

6. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсі анықталған кезде оған айыппұл санкциялары салынады, олардың мөлшері мазмұны мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында айқындалатын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған үлгілік шартта әскери мақсаттағы тауарларда (өнімдерде), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларда (өнімдерде), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерде ақау анықталғандығы не мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өндірілгенінің, жаңғыртылғанының, жөнделгенінің не техникалық қызмет көрсетуден өткенінің істен шығуы туралы хабарлама алынған күннен бастап белгіленген кепілдік мерзімі ішінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыстар аяқталғанға дейін белгіленеді.

7. Егер комиссия мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өндірілген, жаңғыртылған, жөнделген не техникалық қызмет көрсетуден өткен әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) дұрыс пайдаланбаудың және олардың істен шығуының арасындағы себептік-салдарлық байланысты анықтаса, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсі танылмайды.

## 5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

**30-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

**31-бап. Өтпелі ережелер**

1. Қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторлар мен қорғаныстық тапсырысқа мемлекеттік тапсырыс берушілер арасында осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттар олар түпкілікті орындалғанға не тоқтатылғанға (бұзылғанға) дейін қолданылады.

2. Уәкілетті орган мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың мүдделерінде қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторлармен 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады.

**32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң:

2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 20-баптың 2, 3, 5 және 7-тармақтарын;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 6-баптың 39) және 40) тармақшаларын, 19-бабының 4-тармағын, 22 және 23-баптарды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., №2, 15-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2009 ж., №17, 78-құжат; 2011 ж., №11, 102-құжат; 2012 ж., №4, 32-құжат;

№5, 41-құжат; 2013 ж., №14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; 2017 ж., №11, 29-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Н.НАЗАРБАЕВ**

Астана, Ақорда, 2019 жылғы 18 наурыз
№236-VI ҚРЗ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**(Жалғасы. Басы 1-бетте)**

№21-I, 121, 124-құжаттар; №21-II, 130, 132-құжаттар; №22-I, 140, 143-құжаттар; №22-II, 144-құжат; №22-V, 156-құжат; №22-VI, 159-құжат; №23-II, 172-құжат; 2016 ж., №7-II, 53-құжат; №8-I, 62-құжат; №12, 87-құжат; №22, 116-құжат; №23, 119-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №6, 11-құжат; №9, 18-құжат; №10, 23-құжат; №13, 45-құжат; №14, 51-құжат; №15, 55-құжат; №20, 96-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №1, 2-құжат; №7-8, 22-құжат; №9, 31-құжат; №10, 32-құжат; №12, 39-құжат; №14, 42-құжат; №15, 47, 50-құжаттар; №16, 55-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82, 83-құжаттар; №24, 93-құжат; 2019 жылғы 10 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 1-тармағының 17) тармақшасында:

«арналған ақпараттық жүйелерді» деген сөздер «арналған ақпараттандыру объектілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ақпараттық жүйелерін қоспағанда, ақпараттық жүйелерді құруға, енгізуге» деген сөздер «ақпараттандыру объектілерін қоспағанда, ақпараттандыру объектілерін құруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 54-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы «облыстық» деген сөздің алдынан «облыстың аумақтық әскерлерінің аумақтық органдарын күтіп-ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді қоса алғанда, оларды қызметтік үй-жайлармен, көлік құралдарымен, ақпараттың, телекоммуникацияның және байланыстың техникалық құралдарымен, жиһазбен және казармалық мүкәммалмен қамтамасыз етуді, жанар-жағармай материалдарын, кеңсе тауарларын сатып алуды, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылуға және байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарды, аумақтық әскерлерді арнайы өрістетуді жүргізу кезінде әскери уақыттың штаттық қажеттілік нормаларына сәйкес материалдық-техникалық құралдар запастарын жасауды, аумақтық қорғаныс бөлімшелерінің әскери міндеттілерімен бірге жиындар өткізуді қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 55-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы «республикалық» деген сөздің алдынан «республикалық маңызы қалалардың, астананың аумақтық әскерлерінің аумақтық органдарын күтіп-ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді қоса алғанда, оларды қызметтік үй-жайлармен, көлік құралдарымен, ақпараттың, телекоммуникацияның және байланыстың техникалық құралдарымен, жиһазбен және казармалық мүкәммалмен қамтамасыз етуді, жанар-жағармай материалдарын, кеңсе тауарларын сатып алуды, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылуға және байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарды, аумақтық әскерлерді арнайы өрістетуді жүргізу кезінде әскери уақыттың штаттық қажеттілік нормаларына сәйкес материалдық-техникалық құралдар запастарын жасауды, аумақтық қорғаныс бөлімшелерінің әскери міндеттілерімен бірге жиындар өткізуді қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 151-баптың 8-тармағының 1) тармақшасындағы «ақпараттық жүйелерді енгізуге және дамытуға» деген сөздер «сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 153-бапта:

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздейтін бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу талап етілмейді.»;

5-тармақтың екінші бөлігі «болып табылмайтын» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 215-баптың 3-тармағы «компанияны» деген сөзден кейін «, қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импортын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті ұйымды» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 216-баптың 11) тармақшасы «іске асыру кезінде» деген сөздерден кейін «, қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импорты кезінде» деген сөздермен толықтырылсын.

**2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №18-I, 18-II, 92-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; №24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., №1, 2-құжат; №2, 6-құжат; №7, 33-құжат; №8, 44, 45-құжаттар; №9, 46-құжат; №10, 50-құжат; №11, 52-құжат; №14, 71-құжат; №15, 78-құжат; №16, 79-құжат; №19-I, 101-құжат; №19-II, 102, 103, 105-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 115-құжат; №21-I, 124, 125-құжаттар; №21-II, 130-құжат; №21-III, 137-құжат; №22-I, 140, 141, 143-құжаттар; №22-II, 144, 145, 148-құжаттар; №22-III, 149-құжат; №22-V, 152, 156, 158-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №22-VII, 161-құжат; №23-I, 166, 169-құжаттар; №23-II, 172-құжат; 2016 ж., №1, 4-құжат; №2, 9-құжат; №6, 45-құжат; №7-I, 49, 50-құжаттар; №7-II, 53, 57-құжаттар; №8-I, 62, 65-құжаттар; №8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; №12, 87-құжат; №22, 116-құжат; №23, 118-құжат; №24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; №12, 34-құжат; №14, 49, 50, 54-құжаттар; №15, 55-құжат; №16, 56-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., №1, 4-құжат; №7-8, 22-құжат; №9, 27-құжат; №10, 32-құжат; №11, 36, 37-құжаттар; №12, 39-құжат; №13, 41-құжат; №14, 44-құжат; №15, 46, 49, 50-құжаттар; №16, 53-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №23, 91-құжат; №24, 93, 94-құжаттар; 2019 жылғы 4 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 10 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

53-1-баптың тақырыбындағы «Қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер «Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

918-1-баптың тақырыбындағы «Қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер «Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 52-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы және 53-1-баптағы «қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер «азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 641-баптың бірінші бөлігінде:

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы «мемлекеттік органның ақпараттық жүйесін» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 692-2-баптың бірінші бөлігіндегі «3),» деген цифр алып тасталсын;

5) 821-баптың 3-1-бөлігіндегі, 829-14-баптың алтыншы бөлігіндегі және 918-1-баптығы «қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын», «Қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер тиісінше «азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын», «Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын.

**3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., №1, 4-құжат; №6, 45-құжат; №7-II, 55-құжат; №8-I, 62, 65-құжаттар; №8-II, 72-құжат; №12, 87-құжат; №23, 118-құжат; №24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., №9, 21-құжат; №14, 50, 51-құжаттар; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №14, 44-құжат; №15, 46, 49, 50-құжаттар; №19, 62-құжат; №22, 82, 83-құжаттар; №24, 94-құжат; 2019 жылғы 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

82-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымын, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымын, есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымын реттеуге;».

**4. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі)** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., №22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №13, 41-құжат; №14, 42, 44-құжаттар; №15, 50-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82, 83-құжаттар; №24, 93, 94-құжаттар; 2019 жылғы 4 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 10 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 394-баптың бірінші бөлігінің 40) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«40) мемлекеттік тапсырманы жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасына сәйкес басым бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс шарттарының негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын;»;

2) 554-баптың 4-тармағында кестенің 1.84-жолы алып тасталсын.

**5. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №10, 108-құжат; №12, 184-құжат; 1998 ж., №23, 416-құжат; №24, 436-құжат; 1999 ж., №8, 233-құжат; №23, 920-құжат; 2000 ж., №3-4, 66-құжат; 2001 ж., №20, 257-құжат; 2002 ж., №6, 72-құжат; №17, 155-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2007 ж., №9, 67-құжат; №10, 69-құжат; №20, 152-құжат; 2009 ж., №19, 88-құжат; 2010 ж., №7, 32-құжат; №10, 48-құжат; 2011 ж., №1, 3, 7-құжаттар; №11, 102-құжат; №16, 129-құжат; 2012 ж., №4, 32-құжат; №8, 63-құжат; 2013 ж., №1, 2-құжат; №2, 10-құжат; №14, 72-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 33-құжат; №11, 61-құжат; №14, 84-құжат; №16, 90-құжат; №21, 118-құжат; 2015 ж., №21-III, 135-құжат; №22-V, 154, 156-құжаттар; 2016 ж., №23, 118-құжат; №24, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №8, 16-құжат; №11, 29-құжат; №13, 45-құжат; №16, 56-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №24, 93-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «жауынгерлік техниканы», «жауынгерлік техника», «жауынгерлік техниканың», «жауынгерлік және басқа да техниканы», «жауынгерлік техникасын» деген сөздер тиісінше «әскери техниканы», «әскери техника», «әскери техниканың», «әскери және өзге де техниканы», «әскери техникасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-1-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілі, оның көмекшілері – ұлттық қауіпсіздік органдарының штатында тұратын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген қызметкерлер, әскери қызметшілер.»;

3) 20-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілдері мен олардың көмекшілері дипломатиялық артықшылықтар және иммунитет, еңбекке ақы төлеу және еңбек жағдайлары, сондай-ақ әлеуметтік және медициналық қамсыздандыру, оның ішінде олардың отбасы мүшелері мәселелерінде Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына теңестіріледі.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілдері мен олардың көмекшілерінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен, теңестірілген лауазымдар бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін бөлінген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілдері мен олардың көмекшілерінің лауазымдарын Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне теңестіру Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы мен Сыртқы істер министрінің бірлескен шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.».

**6. «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №11, 155-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2006 ж., №16, 104-құжат; 2007 ж., №10, 69-құжат; 2010 ж., №17-18, 108-құжат; 2011 ж., №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №4, 32-құжат; 2013 ж., №14, 72-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 37-құжат; 2015 ж., №19-II, 104-құжат; 2018 ж., №24, 93-құжат):

1) 1-баптың 9) тармақшасында:

«төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз етудің бірінші кезектегі шараларын қолдануға» деген сөздер «табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар ағымдағы өндірістік қызметінде пайдаланбайтын» деген сөздер алып тасталсын;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 21-1) және 21-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«21-1) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану қағидаларын бекітеді;

21-2) Қазақстан Республикасында жұмылдыру дайындығына басшылықты жүзеге асырады;»;

3) 16-баптың екінші бөлігіндегі «төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз етудің бірінші кезектегі шараларын қолдану» деген сөздер «табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану» деген сөздермен ауыстырылсын.

**7. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., №24, 448-құжат; 2002 ж., №4, 34-құжат; 2004 ж., №23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., №24, 148-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №19, 150-құжат; №20, 152-құжат; 2010 ж., №8, 41-құжат; №24, 149-құжат; 2011 ж., №1, 7-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2013 ж., №12, 57-құжат; 2014 ж., №8, 49-құжат; №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; №21, 122-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №23, 118-құжат; 2017 ж., №16, 56-құжат; 2018 ж., №19, 62-құжат):

1) 3-баптың бірінші абзацындағы «мен негізгі өлшемдері, сипаттамалары» деген сөздер алып тасталсын;

2) 4-бапта:

бірінші бөлікте:

«жауынгерлік және жедел-қызмет міндеттерін шешуге арналған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес» деген сөздер «жауынгерлік, жедел-қызмет және оқу міндеттерін шешуге арналған,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондары қару-жарақ түрлерінің бірі болып табылады.»;

екінші бөліктегі «тәртібін заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды» деген сөздер «тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қару-жарақ пен әскери техника айналымының қағидаларында айқындалады» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, коллекциялауға, экспонаттауға арналған лицензияны ішкі істер органдары береді.»;

4) 12-баптың 1) тармақшасындағы «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының» деген сөздер «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген субъектілердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 13-бапта:

тақырып «органдарының» деген сөзден кейін «және өзге де субъектілердің» деген сөздермен толықтырылсын;

«мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының» деген сөздер «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген субъектілердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Үкіметі белгілеген» деген сөздер «заңнамасында белгіленген» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-баптың 4-тармағындағы және 16-баптың 2-тармағының 5-1) тармақшасындағы «қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер «азаматтық және қызметтік қарумен қауіпсіз жұмыс істеу қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-баптың 4-тармағында:

1) тармақшадағы «қолда бар қаруды, оның патрондарын және олар сақталатын орындарды, сондай-ақ қажетті құжаттаманы ұстау қағидаларының сақталуына бақылау жасау мақсатында оларды» деген сөздер «азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларының сақталуына бақылау жасау мақсатында қолда бар қаруды, оның патрондарын және олар сақталатын орындарды, сондай-ақ қажетті құжаттаманы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер «қызметтік және азаматтық қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 19-баптың 4-тармағының 8-1) тармақшасындағы «қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздер «азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 21-баптың төртінші бөлігінде:

«Тәжірибелік үлгілерін қоспағанда, жауынгерлік» деген сөздер «Жауынгерлік» деген сөзбен ауыстырылсын;

«белгілеген тәртіппен» деген сөздер «бекіткен қару-жарақ пен әскери техника айналымының қағидаларына сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 23-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

11) 25-баптың 1-тармағындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

12) 28-бапта:

1) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын қалыптастыру тәртібін белгілейді;»;

13) 29-баптың 1-тармағында:

1) тармақша алып тасталсын;

4-1) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1) мыналарды:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын;

азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын;

азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын;

азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін өлшемшарттарды әзірлейді және бекітеді;»;

8-5) тармақша алып тасталсын.

**8. «Геодезия және картография туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., №13-14, 141-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2005 ж., №7-8, 23-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; 2011 ж., №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №15, 97-құжат; 2013 ж., №14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №20-IV, 113-құжат; 2016 ж., №7-I, 50-құжат; №7-II, 56-құжат; 2018 ж., №19, 62-құжат):

4-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тығыздығы мен дәлдігі мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлар жасауды, қорғаныстық, ғылыми-зерттеу және өзге де міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін, іргелі астрономиялық-геодезиялық желі, дәлдігі жоғары геодезиялық желі, спутниктік геодезиялық желі, барлық сыныптағы нивелирлік желілер, іргелі және бірінші сыныптағы гравиметриялық желілер жататын мемлекеттік геодезиялық желілерді құруды, дамытуды және жұмыс жағдайында ұстауды;».

**9. «Төтенше жағдайлар туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №3, 18-құжат; 2006 ж., №2, 14-құжат; 2007 ж., №9, 67-құжат; 2008 ж., №6-7, 27-құжат; 2009 ж., №8, 44-құжат; 2010 ж., №7, 32-құжат; 2011 ж., №5, 43-құжат; 2013 ж., №14, 72-құжат; 2014 ж., №7, 37-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; 2017 ж., №11, 29-құжат; 2018 ж., №24, 93-құжат):

1) 3-1-бапта:

5-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалануға құқылы. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броньнан алу тәртібімен шығару Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін пайдаланылған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5-2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдай енгізілген жағдайларда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды көлік ұйымдары бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асырады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтарды тасымалдауға көлік ұйымдары материалдық құндылықтарды көрсеткен кезде алдын ала төлемсіз қабылдайды.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдау шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

2) 13-баптың 1-тармағының төртінші бөлігінде:

үшінші абзац «дайындалуы және әрекеті» деген сөздерден кейін «; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацтағы «министрлігінің;» деген сөз «министрлігінің өкілі тағайындалады.» деген сөздермен ауыстырылып, бесінші абзац алып тасталсын.

**10. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №24, 174-құжат; 2006 ж., №15, 92-құжат; №16, 102-құжат; 2007 ж., №12, 88-құжат; 2009 ж., №17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., №5, 23-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №11, 102-құжат; 2012 ж., №3, 25-құжат; №14, 92-құжат; 2013 ж., №8, 50-құжат; №21-22, 115-құжат; 2014 ж., №2, 11-құжат; №11, 65-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 44-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №7-II, 53-құжат; №8-II, 70-құжат; 2017 ж., №15, 55-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №24, 94-құжат; 2019 жылғы 10 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

13-баптың 5-тармағы «Қызметтік» деген сөзден кейін «және азаматтық» деген сөздермен толықтырылсын.

**11. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., №14, 81-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №15, 95-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №3, 20-құжат; №19, 148-құжат; 2008 ж., №20, 89-құжат; №24, 129-құжат; 2009 ж., №15-16, 74-құжат; №18, 84-құжат; №24, 121-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., №1, 2-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №3, 25-құжат; №8, 63, 64-құжаттар; №14, 92, 95-құжаттар; №15, 97-құжат; 2013 ж., №12, 57-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 37-құжат; №8, 44, 49-құжаттар; №10, 52-құжат; №14, 87-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №20-IV, 113-құжат; №22-I, 141-құжат; №22-V, 156-құжат; 2016 ж., №8-I, 65-құжат; №8-II, 67-құжат; №23, 118-құжат; №24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., №23-III, 111-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат):

1) 2-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-4) тармақшамен толықтырылсын:

«4-4) ақпараттық қауіпсіздікті куәландырушы орталық – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын, электронды нысанда қауіпсіздік сертификаттарын беретін заңды тұлға;»;

32-1) тармақша алып тасталсын;

2) 9-2-бапта:

1-тармақ 2) тармақшасындағы «қосуды жүзеге асырады.» деген сөздер «қосуды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) ақпараттық қауіпсіздікті куәландырушы орталықты ұйымдастыруды және техникалық қолдап отыруды жүзеге асырады.»;

2-тармақтағы «ұлттық қауіпсіздік органдары» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті» деген сөздермен ауыстырылсын.

**12. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., №1-2, 1-құжат; 2007 ж., №9, 67-құжат; 2008 ж., №6-7, 27-құжат; 2010 ж., №7, 32-құжат; №10, 48-құжат; 2011 ж., №1, 7-құжат; №5, 43-құжат; №8, 64-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №4, 32-құжат; №5, 41-құжат; 2013 ж., №14, 75-құжат; 2014 ж., №7, 37-құжат; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №19-II, 104-құжат; №22-I, 140-құжат; 2017 ж., №11, 29-құжат; №13, 45-құжат; №16, 56-құжат; 2018 ж., №15, 47-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) аумақтық әскерлердің аумақтық органдары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық қорғанысы әскери басқармасының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің құқықтарында жұмыс істейтін тактикалық органдары;»;

12) тармақшадағы «оқ-дәрі,» деген сөз алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) әскери техника – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар жарақтандырылатын жауынгерлік машиналар, әскери корабльдер (катерлер мен басқа да кемелер), әскери әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) бірыңғай әскери-техникалық саясат – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жоғары техникалық жарақтандырылуын қамтамасыз ету мүдделерінде олардың алдына қойылған практикалық міндеттерді, мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктері мен әскери-саяси ахуалдың жай-күйін ескере отырып, мемлекеттік органдар іске асыратын тұжырымдамалық көзқарастар мен практикалық әрекеттер жүйесі;»;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23) қару-жарақ – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға арналған әртүрлі қару түрлері, кешендер мен жүйелер, көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар, оқ-дәрілер, сондай-ақ оларды Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қолдануды қамтамасыз ететін жүйелер, құрылғылар, жеткізгіштер мен аспаптар;»;

32) тармақшадағы «қару-жарақ пен әскери техниканы жаңғырту, олардың жаңа түрлерін әзірлеу және енгізу» деген сөздер «қару-жарақтың, әскери техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жаңа үлгілерін әзірлеу, жасау, оларды ендіру, каруланудa, жарақтандыруда, жабдықтауда және пайдалануда тұрған қару-жарақ пен әскери техниканың үлгілерін жаңғырту» деген сөздермен ауыстырылсын;

33) және 34) тармақшалар алып тасталсын;

35) тармақшадағы «, оқ-дәрімен» деген сөз алып тасталсын;

37), 38), 39) және 40) тармақшалар алып тасталсын;

41) тармақшадағы «Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы басы артық және олар қолданбайтын» деген сөздер «Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қолданылмайтын басы артық» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы «Қарулы

**(Жалғасы 17-бетте)**

**(Жалғасы. Басы 1, 16-беттерде)**

Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірыңғай әскери-техникалық саясатын» деген сөздер «бірыңғай әскери-техникалық саясатты» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-баптың бірінші бөлігінде:

3), 4), 5), 9), 10), 11) және 19) тармақшалар алып тасталсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) әскери және әскери-экономикалық ынтымақтастық мәселелері бойынша халықаралық келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды;»;

23) тармақша алып тасталсын;

24) тармақшадағы «кәсіпорындарда» деген сөз «ұйымдарда» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

5) 9-бапта:

6-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі) бекіткен саны мен құрылымы шегінде аумақтық әскерлердің аумақтық органдарын оларды ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді, жанар-жағармай материалдарын, кеңсе тауарларын сатып алуды, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылуға және байланыс қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығындарды, аумақтық әскерлерді арнайы өрістетуді жүргізу кезінде әскери уақыттың штаттық қажеттілік нормаларына сәйкес материалдық-техникалық құралдар запастарын жасауды, аумақтық қорғаныс бөлімшелерінің әскери міндеттілерімен бірге жиындар өткізуді қоса алғанда, қызметтік үй-жайлармен, көлік құралдарымен, техникалық ақпарат, телекоммуникация және байланыс құралдарымен, жиһазбен және казармалық мүкәммалмен қамтамасыз етеді;»;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

«6-2) аумақтық әскерлердің аумақтық органдарына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлерді ұстауды қамтамасыз етеді;»;

6) 11-баптың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

7) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Пайдаланылмайтын әскери мүлік Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасына сәйкес берілуі, өткізілуі, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жойылуы және қайта өңделуі мүмкін.»;

8) 18-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әскери, арнайы, автомобиль техникасы және өзге де көлік құралдары осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауынгерлік техника ретінде пайдаланылады.»;

9) 22-баптың 2-тармағында:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) халықаралық әскери және әскери-экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;»;

14), 15) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«14) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды және оларды қабылдап алуды жүзеге асырады;

15) өз құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың аумақтық қорғанысты даярлау және қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін бақылайды;»;

«17) Қорғаныс министрлігі және Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері шегінде әскери мүлікті береді, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) береді;»;

мынадай мазмұндағы 17-3) тармақшамен толықтырылсын:

«17-3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдаланылмайтын мүлік деп таниды;»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) әскери мақсаттағы ғарыш қызметі саласындағы жобалардың іске асырылуын ұйымдастырады;»;

26-5) тармақша «ережені,» деген сөзден кейін «аумақтық әскерлердің аумақтық органдарын қамтамасыз ету және ұстау қағидаларын,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 26-24) тармақшамен толықтырылсын:

«26-24) меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;»;

10) 23-баптың 1-тармағының 12) тармақшасындағы «, оқ-дәрі» деген сөз алып тасталсын;

11) 24-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджетке» деген сөздер «Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджетке» деген сөздермен ауыстырылсын.

**13. «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., №16, 132-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №15, 71-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №15, 97-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 118, 122-құжаттар; №23, 143-құжат; 2015 ж., №11, 56-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат):

1) 1-баптың 7) тармақшасындағы «(түпкі пайдаланушының сертификаты)» деген сөздер алып тасталсын;

2) 6-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) өнімді импорттаған кезде түпкі пайдаланушының сертификаты түріндегі кепілдік міндеттеме береді;»;

3) 9-бапта:

4-тармақтағы «(түпкі пайдаланушының сертификаты)» деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау, сондай-ақ оқу-жаттығуларға, байқауларға, конкурстарға, көрмелерге, парадтарға, жарыстарға, демонстрациялық іс-шараларға, сынақтарға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әдеттегі қару-жарағы мен әскери техникасын Қазақстан Республикасының аумағынан әкету (аумағына әкелу) Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбенің негізінде лицензиясыз жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган ұйымдастыратын оқу-жаттығуларды, байқауларды, конкурстарды, көрмелерді, сынақтарды, парадтарды, демонстрациялық іс-шараларды өткізу кезінде тартуға қажетті, шетелдік мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға тиесілі әдеттегі қару-жарақ пен әскери техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелу (аумағынан әкету) Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбенің негізінде лицензиясыз жүзеге асырылады.».

**14. «Сыртқы барлау туралы» 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., №10, 46-құжат; 2011 ж., №1, 3-құжат; 2012 ж., №4, 32-құжат; №5, 41-құжат; №8, 63-құжат; 2013 ж., №2, 10-құжат; 2014 ж., №7, 33-құжат; №14, 84-құжат; №21, 118-құжат; 2015 ж., №22-V, 156-құжат; 2016 ж., №24, 126-құжат; 2017 ж., №16, 56-құжат; 2018 ж., №14, 42-құжат):

1) кіріспе «барлау субъектілерінің» деген сөздерден кейін «және Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушылардың» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы – ел басшылығын барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ белгіленген құзырет шегінде сыртқы барлау субъектілерінің барлау мүмкіндіктерін күшейтуге ықпал ететін іс-шараларға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының жиынтығы;»;

3) 2-тараудың тақырыбындағы «сыртқы барлау субъектілерінің» деген сөздер «Қазақстан Республикасы сыртқы барлау субъектілерінің және барлау қоғамдастығының» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

«7-2) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушылардың тізбесін айқындайды;»;

5) 9-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) осы Заңның 12-1-бабында көзделген, Қазақстан Республикасы барлау қоғамдастығы қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;»;

6) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

**«12-1-бап. Қазақстан Республикасы барлау қоғамдастығының қызметін ұйымдастырудың жалпы шарттары**

1. Қазақстан Республикасы барлау қоғамдастығы қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі жүзеге асырады.

2. Сыртқы барлау субъектілері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушыларға ұлттық қауіпсіздіктің сыртқы қауіп-қатерлерін мониторингтеуді, талдауды, бағалауды және болжауды жүзеге асыру, оларды бейтараптандыру жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу, сыртқы барлау субъектілеріне жәрдем көрсету жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

3. Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушылардың өзара іс-қимылы:

ұйымдастырушылық;

жедел;

талдамалық;

әдістемелік;

техникалық;

бағдарламалық-аппараттық және өзге де бағыттар бойынша, сондай-ақ ортақ міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін өзара ақпарат алмасу және келісілген іс-қимылдар арқылы жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін олардың уәкілетті өкілдері сыртқы барлау органына іссапарға жіберіледі және (немесе) жіберіледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының немесе ұйымының уәкілетті өкілдерін сыртқы барлау органына іссапарға жіберу және (немесе) жіберу, сондай-ақ олардың қызметін жүзеге асыру тәртібін сыртқы барлау органының бірінші басшысы және Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына басқа қатысушының бірінші басшысы бірлескен нормативтік құқықтық актіде айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушылардың бірінші басшылары Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы қызметінің шеңберінде қабылданған шешімдерді іске асыру үшін тиісті құқықтық актілер шығара алады.».

**15. «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., №4, 36-құжат; 2013 ж., №15, 82-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., №20-VII, 119-құжат; №21-III, 135-құжат; 2018 ж., №15, 47-құжат; №22, 83-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) мемлекеттік тапсырыс – уәкілетті органның және (немесе) салалық уәкілетті органдардың базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шарт негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тапсырысы;»;

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру мен орындау кезінде ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.»;

3) 4-баптың 2), 5) және 23) тармақшалары «мемлекеттік» деген сөздің алдынан «мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 18-баптың 3-тармағындағы «негізгі міндеті» деген сөздер «негізгі міндеттері, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда,» деген сөздермен ауыстырылсын.

**16. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., №5, 42-құжат; №15, 118-құжат; №16, 129-құжат; №17, 136-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 11, 16-құжаттар; №4, 30, 32-құжаттар; №5, 41-құжат; №6, 43-құжат; №8, 64-құжат; №13, 91-құжат; №14, 95-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №2, 13-құжат; №8, 50-құжат; №9, 51-құжат; №15, 82-құжат; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 9-құжат; №2, 10, 12-құжаттар; №4-5, 24-құжат; №7, 37-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 42-құжат; №11, 57-құжат; №14, 72-құжат; №19-I, 99-құжат; №19-II, 103, 105-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №21-I, 124-құжат; №21-II, 130-құжат; №21-III, 135-құжат; №22-II, 145, 148-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., №7-I, 47-құжат; №7-II, 56-құжат; №8-I, 62-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 22-құжат; №11, 29-құжат; №13 45-құжат; №14, 51, 54-құжаттар; №15, 55-құжат; №20, 96-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №1, 4-құжат; №7-8, 22-құжат; №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №15, 47-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №23, 91-құжат; 2019 жылғы 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Мемлекеттің пайдаланылмайтын мүлікке билік ету жөніндегі құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері осы Заңда белгіленген өзге де құқықтарды қоспағанда, «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.»;

2) 11-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын нарыққа реттеушілік ықпал ету, босқындарға көмек және гуманитарлық көмек көрсету үшін пайдалану туралы шешімдер қабылдайды;»;

3) 100-баптың 1-тармағының бесінші бөлігі «тендерлерді» деген сөзден кейін «немесе аукциондарды» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 134-баптың 2-тармағының 20-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«20-1) пайдаланылмайтын мүлікті өткізу (оның ішінде экспорттау), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, қорғаныс объектілерін жалға беру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының мұқтаждары, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі үшін әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу (оның ішінде импорттау), сондай-ақ әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) экспорттау;»;

5) 161-баптың 1-тармағында:

«Мемлекеттік» деген сөз «Егер осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мемлекеттік мекемелерінің әскери мүлікті мемлекеттік орган шегінде мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның шешімі негізінде беруге және қайта бөлуге құқығы бар.

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының мемлекеттік мекемелеріне бөлуге құқылы.».

**17. «Ғарыш қызметі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., №1, 4-құжат; №14, 92-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2016 ж., №7-II, 56-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әскери мақсаттағы ғарыш қызметі саласындағы жоба – қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ғана іске асырылатын, ғарыш қызметі саласындағы жоба;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) ғарыш айлағы – ғарыш объектілерін дайындауды қамтамасыз етуге және ұшыруды жүзеге асыруға арналған техникалық құралдар, құрылғылар, ғимараттар, құрылысжайлар мен жер учаскелері кешені;»;

2) 9-бапта:

1-тармақта:

16-1) тармақшадағы «шығындар нормативтерін» деген сөздер «шығындарды есептеу әдістемесін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-2) тармақшамен толықтырылсын:

«16-2) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасында жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерінің күзет аймақтарын белгілеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

2-тармақтағы «қосарлы мақсаттағы» деген сөздер «қосарланған және әскери мақсаттағы» деген сөздермен ауыстырылсын.

**18. «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №7, 36-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №15, 78-құжат; №19-II, 103, 104-құжаттар; №20-I, 111-құжат; №20-IV, 113-құжат; №23-I, 169-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №7-II, 53, 56-құжаттар; 2017 ж., №11, 29-құжат; №23-V, 113-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; №23, 91-құжат; №24, 93, 94-құжаттар):

1) 1-бапта:

25) тармақшада:

«жұмылдыру тапсырысын орындау,» деген сөздерден кейін «табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы» деген сөздермен толықтырылсын;

«және жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар ағымдағы өндірістік қызметте пайдаланбайтын» деген сөздер алып тасталсын;

39) тармақша «жұмылдыру мұқтаждарына,» деген сөздерден кейін «табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 46-1) тармақшамен толықтырылсын:

«46-1) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы және сақтау көлемдері – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі мен көлемдері;»;

2) 11-бапта:

11) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 34-1) және 34-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«34-1) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану қағидаларын бекітеді;

34-2) гуманитарлық көмек көрсету қағидаларын бекітеді;»;

42) тармақшадағы «төтенше жағдайлардың» деген сөздер «төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

45) тармақша алып тасталсын;

3) 12-баптың 1-тармағының 45) тармақшасындағы «төтенше жағдайлардың» деген сөздер «төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 12-1-бапта:

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2) және 12-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

12-2) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану қағидаларын әзірлейді;

12-3) гуманитарлық көмек көрсету қағидаларын әзірлейді;»;

13) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

5) 13-баптың 10) тармақшасы алып тасталсын;

6) 92-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс құрамына кіретін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын беру Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

7) 93-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі «қалыптастыруды, орналастыруды,» деген сөздер алып тасталсын;

8) 94-баптың 3-тармағы «төтенше жағдайлардың» деген сөздер «төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 96-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган тауарлардың бағаларына мониторинг жүргізеді және нарыққа реттеушілік ықпал ету орынды болатын бағалар деңгейіне жеткен жағдайда, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне сауда қызметінің субъектілері – шығарылатын материалдық құндылықтарды алушыларды, олардың көлемін, бағасын және сауда үстемеақысының мөлшерін көрсете отырып, нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығарудың қажеттілігі туралы ұсыныс енгізеді.».

**19. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №8, 48-құжат; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №16, 79-құжат; №21-I, 125-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №24, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., №8, 16-құжат; №14, 50-құжат; 2018 ж., №7-8, 22-құжат; №10, 32-құжат; №16, 56-құжат; №23, 91-құжат):

1) 10-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 11-баптың 24) тармақшасында:

бесінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын қалыптастыру тәртібін;».

**20. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №9, 51-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №2, 3-құжат; №8, 45-құжат; №9, 46-құжат; №11, 57-құжат; №16, 79-құжат; №19-II, 103-құжат; №20-IV, 113-құжат; №21-I, 128-құжат; №21-III, 135-құжат; №22-II, 144, 145-құжаттар; №22-V, 156, 158-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №23-I, 169-құжат; 2016 ж., №1, 2, 4-құжаттар; №6, 45-құжат; №7-I, 50-құжат; №7-II, 53-құжат; №8-I, 62-құжат; №8-II, 68-құжат; №12, 87-құжат; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №4, 7-құжат; №9, 21, 22-құжаттар; №11, 29-құжат; №12, 34-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №13, 41-құжат; №14, 44-құжат; №15, 47, 49-құжаттар; №23, 91-құжат; №24, 94-құжат; 2019 жылғы 10 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) Қазақстан Республикасында экспорттауға лицензия алған кезде қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті өздері резиденті болып табылатын елдің не сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар ретінде тіркелген басқа елдің лицензиары берген рұқсаты бар шетелдік заңды тұлғалардың сатып алуына;»;

2) 28-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде қару-жарақтың, әскери техника мен жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш заттардың және олар қолданылып жасалатын бұйымдардың айналымы саласындағы» деген сөздер «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 37-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «түпкі пайдаланушы сертификатының» деген сөздер «кепілдік міндеттемесінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-қосымшада:

32-жол алып тасталсын;

37-жолдағы «жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және өңдеу» деген сөздер «құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу» деген сөздермен ауыстырылсын.

**21. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №1, 1-құжат; 2016 ж., №23, 118-құжат):

5-баптың 1-тармағының 28) тармақшасындағы «жауынгерлік және арнайы техниканың» деген сөздер «әскери және арнайы техниканың» деген сөздермен ауыстырылсын.

**22. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №22-V, 155-құжат; 2016 ж., №24, 126-құжат; 2017 ж., №20, 96-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №15, 50-құжат; №19, 62-құжат; №22, 83-құжат):

1) 1-бапта:

4) тармақша «қамтылым» деген сөзден кейін «, интернет-ресурс» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2), 6-3), 6-4), 6-5), 6-6) және 6-7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) ақпараттандыру объектісін дамыту – ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклінің кезеңі, осы кезең ішінде ақпараттандыру объектісінің жұмыс істеуін оңтайландыру және (немесе) функционалын кеңейту мақсатында өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген оның қосымша функционалдық талаптарын іске асыру, сондай-ақ оны жаңғырту жөніндегі іс-шаралар кешені жүзеге асырылады;

6-2) ақпараттандыру объектісін ендіру – автоматтандыру объектісі мен персоналды дайындауды, іске қосуды реттеу жұмыстарын, алдын ала және қабылдап алу сынақтарын жүргізуді қамтитын ақпараттандыру объектісін қолданысқа енгізу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуге бағытталған ақпараттандыру объектісін құру немесе дамыту кезеңі;

6-3) ақпараттандыру объектісін қолдап отыру – өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген ақпараттандыру объектісін оған жаңғырту жүргізбестен және қосымша функционалдық талаптарды іске асырмастан және оның тұтастығы сақталған жағдайда, бағдарламалық қамтылымға түзету, түрлендіру жүргізу және оның ақауларын жою жөніндегі іс-шараларды қамтитын, мақсатына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету;

6-4) ақпараттандыру объектісін құру – ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклінің кезеңі, осы кезең ішінде ақпараттандыру объектісін әзірлеуге, тәжірибелік пайдалануға, ендіруге, сондай-ақ оның жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдар кешенін және бағдарламалық қамтылымды иеленуге және (немесе) мүліктік жалдауға (жалға беруге) бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенін іске асыру жүзеге асырылады;

6-5) ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалану – ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклінің кезеңі, осы кезең ішінде ақпараттандыру объектісін техникалық құжаттамада және нормативтік-техникалық құжаттамада жазылған мақсаттарға, міндеттер мен талаптарға сәйкес штаттық режимде пайдалану жүзеге асырылады;

6-6) ақпараттандыру объектісін тәжірибелік пайдалану – ақпараттандыру объектісін пилоттық аймақта пайдалану, бұл оның жұмыс істеуіндегі кемшіліктерді анықтау мен жою және техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі;

6-7) ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклі – ақпараттандыру объектісін құру, өнеркәсіптік пайдалану, дамыту және оның өнеркәсіптік пайдаланылуын тоқтату кезеңдерінің жиынтығы;»;

8), 13), 15), 16), 17), 19), 20), 21) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

25) тармақшада:

«кешендер,» деген сөзден кейін «серверлік үй-жайлар (деректерді өңдеу орталықтары),» деген сөздермен толықтырылсын;

«құралдардың» деген сөзден кейін «ақпараттық қауіпсіздігін және» деген сөздермен толықтырылсын;

«және ақпараттық қауіпсіздікті» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

«29-1) ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу – ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын анықтау және сәйкестендіру мақсатында ақпараттандыру объектісін тұрақты байқау;»;

34) тармақша алып тасталсын;

46) тармақшада:

«аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын,» деген сөздер алып тасталсын;

«жұмыс істейтін, мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс» деген сөздер «жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат» деген сөздермен ауыстырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

мынадай мазмұндағы 52-1) тармақшамен толықтырылсын:

«52-1) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімі – ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары үшін құрылған тізбесі;»;

62-1) және 64) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«62-1) электрондық өнеркәсіп өнімі – электрондық құрамдастар және олардан жасалған түрлі мақсаттағы бұйымдар;»;

«64) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері – мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар, мемлекеттік органдардың бағдарламалық қамтылымы, мемлекеттік органның интернет-ресурсы, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері, оның ішінде өзге де тұлғалардың мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру және мемлекеттік қызметтерді көрсету шеңберінде мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған сервистік бағдарламалық өнімі, бағдарламалық қамтылымы және ақпараттық жүйелері;»;

68) тармақшадағы «ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыруға» деген сөздер «мемлекеттік органның қызметін автоматтандыруға, оның ішінде мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

3) 7-бапта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеу, іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу және дамыту қағидаларын бекітеді;»;

19) тармақшада:

«инвестициялық» деген сөздің алдынан «ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

«техникалық-экономикалық негіздемелеріне және» деген сөздер алып тасталсын;

20) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға немесе дамытуға» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) тармақшадағы «ақпараттық жүйелерін» деген сөздер «ақпараттандыру объектілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) тармақша «уәкілетті органмен» деген сөздерден кейін «және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен» деген сөздермен толықтырылсын;

30) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін тіркеу,» деген сөздер алып тасталсын;

31) тармақшада:

«мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және лицензиялық» деген сөздер «, лицензиялық» деген сөзбен ауыстырылсын;

39) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-1) және 41-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«41-1) мемлекеттік органдар архитектурасының жобаларын келіседі;

41-2) мемлекеттік органдар архитектураларының іске асырылуын қолдап отыруды ұйымдастырады;»;

47) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

48) тармақшадағы «техникалық-экономикалық негіздемелеріне және» деген сөздер алып тасталсын;

49) тармақшадағы «сарапшылық кеңеске» деген сөздер алып тасталсын;

50) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«50) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырманы келіседі;»;

52) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін тіркеуді,» деген сөздер алып тасталсын;

53) тармақшада:

«мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және лицензиялық» деген сөздер «, лицензиялық» деген сөзбен ауыстырылсын;

54) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«54) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде көп рет пайдалануға жататын стандартты шешімдерді айқындау және пайдалану тәртібін бекітеді;»;

4) 7-1-бапта:

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызылған ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу әдістемесі мен қағидаларын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына мониторинг жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

**(Соңы 18-бетте)**

**(Соңы. Басы 1, 16-17-беттерде)**

6) және 11) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтар нәтижелері бойынша акт береді;»;

13) тармақшада:

«Қазақстан Республикасы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«кезде» деген сөзден кейін «орындау үшін» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін өнеркәсіптік пайдалануға енгізуге қатысады;

14-2) электрондық ақпараттық ресурстарды алу, көшірмесін түсіру, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау бойынша құқыққа сыйымсыз әрекеттерді болғызбауды қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелерінде ақпараттандыру объектілерінің меншік иелеріне, иеленушілері мен пайдаланушыларына жәрдемдесуді ұйымдастырады;»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіптің бағдарламалық қамтылымын және өнімін электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және өнімінің тізіліміне енгізу жөніндегі өлшемшарттарды бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) мемлекеттік техникалық қызмет сараптамаларының негізінде инвестициялық ұсыныстарға және бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелеріне ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қорытындылар береді, сондай-ақ мемлекеттік техникалық қызмет сараптамаларының негізінде «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке келіседі;»;

5) 7-2-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің, «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне жатпайтын ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырады;»;

6) 7-4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингі жүйесі арқылы «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырады;

7-2) мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының мониторингін жүзеге асырады;»;

«9) Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингі жүйесін ұйымдастырушылық және техникалық қолдап отыруды жүзеге асырады;

10) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінде ақпараттық қауіпсіздіктің қатерлері мен оқыс оқиғаларын анықтау, олардың жолын кесу және зерттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады және оларды жою немесе олардың алдын алу жөніндегі ұсынымдарды қалыптастырады;

11) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асырады.»;

7) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сарапшылық кеңес ақпараттандыру саласындағы мәселелерді қарайды және ұсыныстарды және (немесе) ұсынымдарды тұжырымдайды.

Сарапшылық кеңестің өкілеттіктері мен қызмет тәртібі сарапшылық кеңестің қызметі туралы ережеде айқындалады.»;

8) 9-баптың бірінші бөлігінде:

2), 3), 5) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «электрондық үкіметтің» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың және мемлекеттік органдардың архитектурасын әзірлеу, іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингілеу және дамыту қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

3) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құрады және дамытады;»;

«5) мемлекеттік органның архитектурасын бекітеді және оны іске асыру мен дамытуды қамтамасыз етеді;»;

«9) «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін есепке алуды және жаңартып отыруды жүзеге асырады;»;

10) тармақшада:

«мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және лицензиялық» деген сөздер «, лицензиялық» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы «ақпараттық жүйелерді құру немесе» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) өз интернет-ресурстарында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жоспарлары мен нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастырады;»;

9) 10-бапта:

2), 3), 5), 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жергілікті атқарушы орган қызметінің бағыттарын және мемлекеттік органдардың архитектурасын әзірлеу, іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу және дамыту қағидаларын ескере отырып, «электрондық үкіметтің» архитектурасын, «электрондық әкімдіктің» үлгілік архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

3) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құрады және дамытады;»;

«5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік органның архитектурасын бекітеді және оны іске асыру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

6) «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін есепке алуды және жаңартып отыруды жүзеге асырады;

7) өз интернет-ресурстарында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жоспарлары мен нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастырады;»;

8) тармақшада:

«мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» «ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және лицензиялық» деген сөздер «, лицензиялық» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы «ақпараттық жүйелерді құру немесе» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 12-бапта:

4) тармақша «және оны дамыту жөнінде ұсыныстар енгізеді» деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) инвестициялық ұсыныстың, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырманың «электрондық үкімет» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарға, мемлекеттік органның бекітілген архитектурасына, «электрондық әкімдіктің» үлгілік архитектурасына сәйкестігіне және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құру және дамыту кезінде стандарттық шешімдерді пайдалану мүмкіндігінің бар-жоғына ақпараттандыру саласында сараптама жүргізеді;»;

11) тармақшадағы «іске асырылуын қолдап отыру» деген сөздер «іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттандыру жүйелерін тіркеуді,» деген сөздер алып тасталсын;

17) тармақшада:

«мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және лицензиялық» деген сөздер «, лицензиялық» деген сөзбен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру немесе» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 14-бапта:

1-тармақта:

1), 2), 3), 4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін және «электрондық үкімет» электрондық поштасының бірыңғай шлюзін қолдап отыруды жүзеге асырады;

7) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақ жүргізеді;»;

9) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) инвестициялық ұсыныстың және бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырманың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді;»;

11) және 13-1) тармақшалар алып тасталсын;

2-тармақтағы «ұлттық қауіпсіздік органдары» деген сөздер «Ұлттық қауіпсіздік комитеті» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 23-бапта:

1-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі «іске асырылуын қолдап отыру» деген сөздер «іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік органдар мемлекеттік органның архитектурасын әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту барысында жұмыс тобын құрады және сервистік интегратор үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлар жасайды.

Мемлекеттік орган мемлекеттік органдардың архитектурасын әзірлеу, іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу және дамыту қағидаларына сәйкес «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында мемлекеттік орган архитектурасын іске асыру жоспары бөлігінде оның жобасын жария талқылауды қамтамасыз етеді.»;

2-тармақтағы «іске асырылуын қолдап отыру» деген сөздер «іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторынан мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграциясын жүргізу бойынша» деген сөздер «ақпараттандыру объектісінің меншік иесінен немесе иеленушісінен «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерімен интеграциясын жүргізуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 24-баптың 1-тармағындағы «іске асырылуын қолдап отыру» деген сөздер «іске асыру, іске асырылуын қолдап отыру, мониторингтеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 25-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік органның қызметін, оның ішінде мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жолымен не «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін немесе ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жолымен мемлекеттік органның бекітілген архитектурасына сәйкес, ал ол болмаған жағдайда – уәкілетті органмен келісілген, мемлекеттік органның автоматтандыру қажеттілігі туралы шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар әлеуетті өнім берушілерді тарту, «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісінің техникалық-экономикалық, пайдаланушылық және өзге де сипатталымын нақтылау мақсатында қызметті жоспарланатын автоматтандыруды жария талқылауды қамтамасыз етеді.»;

2-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі «ақпараттық жүйелерде» деген сөздер ««электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік органның қызметін, оның ішінде мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру Қазақстан Республикасының аумағындағы «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасында «электрондық үкіметтің» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарға сәйкес ақпараттық жүйелер мен сервистік бағдарламалық өнімдерді орналастыру басымдығын қамтамасыз ету ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

3-тармақ алып тасталсын;

16) 27-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі «Электрондық үкімет» шеңберінде мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің интеграциясына» деген сөздер «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін өзге де ақпараттандыру объектілерімен интеграциялауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 31-бапта:

1-тармақтағы «тіркеуді жүзеге асыруға, есепке алуға, сақтауға және бір жүйеге келтіруге» деген сөздер «есепке алуды, сақтауды және жүйелендіруді жүзеге асыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік органдар «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және оларға техникалық құжаттаманың көшірмелерін «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру қағидаларына сәйкес орналастырады.

Құрылатын (дамытылатын) және сатып алынған «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісі туралы мәліметтерді «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына ұсыну және оларды жаңартып отыру міндетті болып табылады және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклінің әрбір кезеңінде жүзеге асырылады.»;

3-тармақта:

«мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру немесе» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тіркелген мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне» деген сөздер «орналастырылған «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерге» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

18) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Ақпараттық жүйелер. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклі»;

19) 37-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігіндегі «мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын және» деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақта:

бірінші бөлікте:

«пайдалану» деген сөз «өнеркәсіптік пайдалану» деген сөздермен ауыстырылсын;

«пайдаланылуын» деген сөз «өнеркәсіптік пайдаланылуын» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «және ақпараттық жүйелерді аттестаттау» деген сөздер алып тасталсын;

20) 38-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының мониторингі жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылын;»;

2-1-тармақтың 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісілген техникалық тапсырманың;»;

«3) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің мемлекеттік емес ақпараттық жүйемен өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген «электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзі арқылы ғана интеграциялануы талаптары орындалған жағдайда құрылады, пайдаланылады және дамытылады;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің меншік иесі немесе иеленушісі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ақпараттық жүйе өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгеннен кейін Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингін жүргізу үшін оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.»;

21) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«39-бап. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту**

1. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту сыныптауышқа сәйкес берілген сыныпты ескере отырып, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру, ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілмен жүзеге асырылады.

2. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген жағдайларда «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қорытындыларды алу қажет.

3. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларға сәйкес жүзеге асырылады.

«Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құру және дамыту:

1) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін әзірлеуді;

2) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін тәжірибелік пайдалануды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес жүргізуді, оның ішінде:

тәжірибелік пайдалануды жүргізу рәсімдерін құжаттауды;

оңтайландыруды және анықталған ақаулар мен кемшіліктерді кейіннен оларды түзете отырып жоюды;

тәжірибелік пайдаланудың аяқталғаны туралы актіні ресімдеуді қамтиды.

Тәжірибелік пайдалануды жүргізу мерзімі бір жылдан аспауға тиіс;

3) осы Заңға сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынауды;

4) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін ендіруді;

5) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін тәжірибелік пайдалану дұрыс аяқталған, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтардың оң нәтижесі бар акті болған жағдайда техникалық құжаттама талаптарына сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді қамтиды.

5. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін дамыту оны осы бапқа сәйкес өнеркәсіптік пайдалануға бергеннен кейін жүзеге асырылады.

6. Ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту осы Заңға және ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларына сәйкес осы баптың 3-тармағында көзделген нормаларды қолданбай жүзеге асырылады.»;

22) 40-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«40-бап. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалану»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін тәжірибелік пайдалану дұрыс аяқталған, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтардың оң нәтижесі бар акті болған жағдайда техникалық құжаттама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалануға берген кезден бастап «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымының барлық нұсқасын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымының баптау кешенін «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымының баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидаларына сәйкес есепке алу және сақтау үшін «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына беруді қамтамасыз етеді.»;

2-тармақта:

бірінші абзацтағы «Мемлекеттік органның ақпараттық жүйесін» деген сөздер «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ақпараттандыру объектісін қолдап отыру;»;

7) тармақшадағы «ақпараттық жүйеде пайдаланылатын лицензиялық бағдарламалық қамтылымға» деген сөздер «ақпараттандыру объектісінің пайдаланылатын лицензиялық бағдарламалық қамтылымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) жүйелік-техникалық қызмет көрсету;»;

9) тармақшада:

«ақпараттық жүйенің кепілді мерзім кезеңінде анықталған қателері мен кемшіліктерін» деген сөздер «кепілді мерзім кезеңінде анықталған қателер мен кемшіліктерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

«әзірлеушінің ақпараттық жүйеге» деген сөздер «өнім берушінің «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ақпараттық жүйені» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 41-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалануды тоқтату»;

1-тармақта:

«Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін» деген сөздер «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ақпараттық жүйе» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

«Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін» деген сөздер «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі интеграцияланған ақпараттық жүйелердің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісі интеграцияланған «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Мемлекеттік органның есептен шығарылатын ақпараттық жүйесінің» деген сөздер «Есептен шығарылатын «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «ақпараттық жүйесінің» деген сөздер «ақпараттандыру объектісінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 42-баптағы «Мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріндегі», «Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің», «Ақпараттық жүйенің», «ақпараттық жүйенің», «ақпараттық жүйеде», «ақпараттық жүйеге» деген сөздер тиісінше «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріндегі», «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің», «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінің», «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінің», «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінде», «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 44-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйе өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген «электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзі арқылы ғана мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланады.»;

26) 8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-тарау. Ақпараттандыру объектілеріне сынау және аудит жүргізу»;

27) 48-баптағы «ақпараттық жүйелер» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері» деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 49-бапта:

тақырыптағы «техникалық құжаттаманың сараптамасы» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың 6) тармақшасында:

«мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын немесе» деген сөздер алып тасталсын;

«қалыптастыруға» деген сөзден кейін «, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге» деген сөздермен толықтырылсын;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне («электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері болып табылатындарды қоспағанда) жатқызылған ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтарды осы Заңға және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген сынақ зертханалары жүргізеді.

5. Ақпараттандыру объектілерінің сапасын бағалау мақсатында оларды сынау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.»;

29) 51-бап алып тасталсын;

30) 54-бапта:

2-тармақта:

6) тармақшадағы «мемлекеттік техникалық қызметке» деген сөздер «Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада:

«, олардың қорғалуы мен қауіпсіз жұмыс істеуін» деген сөздер алып тасталсын;

«мемлекеттік техникалық қызметпен» деген сөздер «Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшада:

«мемлекеттік техникалық қызметтің» деген сөздер «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жүргізуі үшін оған» деген сөздер «жүргізу үшін Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ақпараттандыру объектілеріне және» деген сөздерден кейін «ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарына» деген сөздермен толықтырылсын;

3-1-тармақта:

бірінші бөлікте:

«Елдің қорғанысы мен қауіпсіздігі үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды» деген сөздер «Елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігі үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

«электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімінен» деген сөздер «сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде қажетті өнім болмаған жағдайда, тауарларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алуға жол беріледі.»;

31) 10-тараудың тақырыбындағы «Уәкілетті органның құжаттарға сараптама жүргізуі және оларды келісуі» деген сөздер «Құжаттарға сараптама жүргізу және оларды келісу» деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 57-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«57-бап. Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қорытындылар**

1. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін мемлекеттік орган ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қорытындыларды алу үшін уәкілетті органға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға енгізеді.

Инвестициялық ұсыныстарға, қаржылық-экономикалық негіздемелерге ақпараттандыру саласында сараптама жүргізу инвестициялық ұсыныстарға, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелеріне ақпараттандыру саласында сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

2. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық ұсыныс «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырма қоса беріліп, қорытындыға енгізіледі.

Шығыстардың есеп-қисабының негіздемесі, «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы мен тиімділігін айқындау тұрғысынан бағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады және ақпараттандыру саласындағы қорытындыда көрсетіледі.

3. Инвестициялық ұсынысты уәкілетті орган және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

4. Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесіне қорытындылар толық құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.»;

33) 58-бап алып тасталсын;

34) 59-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«59-бап. Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы техникалық құжаттаманы және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша құжаттаманы келісу**

1. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырманы келісуді уәкілетті орган және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

2. «Электрондық үкіметтің» сервистік интеграторы әзірлеген ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметті жобалауға арналған тапсырманы келісу ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

3. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық және жергілікті жобалары шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасы, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспар Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен келісіледі.».

**23. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №23-II, 171-құжат; 2016 ж., №7-II, 55-құжат; №8-II, 72-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 18-құжат; №14, 51-құжат; №23-III, 111-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №13, 41-құжат; №22, 82-құжат):

1-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына кіретін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер;».

**24. «Стандарттау туралы» 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., №17-18, 59-құжат):

1) 6-баптағы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының», «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі» деген сөздер тиісінше «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың», «қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 5) тармақшасындағы «стандарттау жөніндегі құжаттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда)» деген сөздер «егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, стандарттау жөніндегі құжаттарды» деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.**

1. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 1) тармақшасын және 15-тармағының 1) тармақшасын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 1), 4) және 5) тармақшаларын, 2-тармағын, 22-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33) және 34) тармақшаларын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 22-тармағының 6) тармақшасын;

4) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 2) тармақшасын, 11-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 20-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацын және 24-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Техникалық-экономикалық негіздемесі осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін бекітілген, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуге бюджет қаражаты бөлінген ақпараттық жүйелерді құруға және дамытуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған тәртіппен жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Н.НАЗАРБАЕВ**

Астана, Ақорда, 2019 жылғы 18 наурыз
№237-VI ҚРЗ

(Соңы. Басы 19-бетте)

қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібін белгілейді.

2. Қадағалап ден қою шаралары Банктер туралы заңның 45-1-бабының 2-тармағында, Ипотека туралы заңның 5-4-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-1-бабының 2-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-3-бабының 2-тармағында, Даму Банкі туралы заңның 28-бабында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 3-1-бабының 2-тармағында, Кредиттік бюролар туралы заңның 11-бабының 3-тармағында, Валюталық реттеу туралы заңның 30-бабында, Төлемдер туралы заңның 24-бабының 1-тармағында көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ уәкілетті органның алқалы органы Ұлттық Банк туралы заңның 62-6-бабына сәйкес уәжді пайымдау қабылдаған жағдайда қолданылады.».

**Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы №272 қаулысымен бекітілді*

**Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы (бұдан әрі – Ипотека туралы заң), «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), «Қазақстанның Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі (бұдан әрі – Даму Банкі туралы заң), «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры туралы заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі, «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі (бұдан әрі – Кредиттік бюролар туралы заң), «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі – Төлемдер туралы заң), «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Валюталық реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру холдингіне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, олардың басшы қызметкерлеріне, Қазақстанның Даму Банкіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібін белгілейді.

2. Қадағалап ден қою шаралары Банктер туралы заңның 45-1-бабының 2-тармағында, Ипотека туралы заңның 5-4-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-1-бабының 2-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-3-бабының 2-тармағында, Даму Банкі туралы заңның 28-бабында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 3-1-бабының 2-тармағында, Кредиттік бюролар туралы заңның 11-бабының 3-тармағында, Төлемдер туралы заңның 24-бабының 1-тармағында, Валюталық реттеу туралы заңның 22-бабының 2-тармағында көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ уәкілетті органның алқалы органы Ұлттық Банк туралы заңның 62-6-бабына сәйкес уәжді пайымдау қабылдаған жағдайда қолданылады.

3. Уәкілетті орган мынадай қадағалап ден қою шараларын қолданады:

1) қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары – банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру холдингіне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, олардың басшы қызметкерлеріне, Қазақстанның Даму Банкіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге;

2) қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар – банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру холдингіне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, олардың басшы қызметкерлеріне, Қазақстанның Даму Банкіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге;

3) қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары – банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына, банк холдингіне, сақтандыру холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаларға.

4. Қадағалап ден қою шараларын қолданудың орындылығын айқындау және қадағалап ден қою шарасын таңдау кезінде Банктер туралы заңның 45-1-бабының 3-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-1-бабының 3-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-3-бабының 3-тармағында көзделген факторлар ескеріледі.

5. Уәкілетті орган қолданылған қадағалап ден қою шараларын есепке алуды жүргізеді және қолданылған қадағалап ден қою шаралары (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қоспағанда) туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

6. Күшіне енгізу тәртібі Ұлттық Банк туралы заңның 62-6-бабы 4-тармағының бесінші бөлігінде көзделген уәжді пайымдау негізінде қолданылған қадағалап ден қою шарасын қоспағанда, қадағалап ден қою шарасы осы қадағалап ден қою шарасы қолданылған тұлғаға жіберілген күнінен бастап күшіне енеді.

**2-тарау. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары**

7. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға Банктер туралы заңның 45-2-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-2-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-4-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қолданады.

8. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы уәкілетті органның хатымен ресімделеді және онда осы шараны қолдану негіздері мен анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар туралы хабарлама және (немесе) анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар және (немесе) уәкілетті орган кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды қайта анықтаған, сондай-ақ қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары орындалмаған жағдайда, қадағалап ден қоюдың өзге шараларын қолдану ықтималдығы туралы ескерту қамтылады.

9. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаға және уәкілетті орган айқындайтын қажеттілік болғанда Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаның жекелеген органдарына қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасын жібереді.

**3-тарау. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар**

10. Уәкілетті орган кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мақсатында Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды қолданады.

11. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар жазбаша нұсқама немесе жазбаша келісім нысанында қолданылады.

12. Уәкілетті орган жазбаша нұсқамада Банктер туралы заңның 46-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында белгіленген орындалуы міндетті шараларды қабылдауға және (немесе) оларды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсыну қажеттігіне нұсқау береді.

13. Іс-шаралар жоспарында кемшіліктердің, тәуекелдердің немесе бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ іс-шаралар жоспарының әрбір тармағының орындалуы үшін жауапты басшы қызметкерлер қамтылады.

14. Уәкілетті орган қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның ұсынған іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келіп түскен күнінен кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. Ұсынылған іс-шаралар жоспары бойынша уәкілетті органның ескертулері болған және (немесе) жоспарланған іс-шаралардың көлемі 20 (жиырма) іс-шарадан асқан жағдайда іс-шаралар жоспарын қарау мерзімі тек қана бір рет көп дегенде 10 (он) жұмыс күніне ұзартылады.

Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның ұсынған іс-шаралар жоспарына уәкілетті органның ескертулері болған жағдайда, уәкілетті орган ол бойынша жазбаша ескертулер жібереді және (немесе) іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында бірлескен талқылаулар жүргізеді. Бұл ретте қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып, уәкілетті органның хатында көрсетілген мерзімде пысықталған шаралар жоспарын ұсынады немесе мұндай ескертулермен келіспеген жағдайда өзінің негіздемелерін ұсынады.

Уәкілетті орган қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның ұсынған іс-шаралар жоспарын жазбаша нысанда мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Уәкілетті орган ұсынылған іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға оны іске асыруға кіріседі.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдамаған жағдайда қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаға Банктер туралы заңның 46-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында белгіленген шараларды көрсете отырып, қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды қолданады.

15. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғамен Банктер туралы заңның 46-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында белгіленген шараларды орындау туралы жазбаша келісім жасайды.

16. Жазбаша келісімде Банктер туралы заңның 46-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында көрсетілген шаралардың орындалуы туралы келісім, анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мерзімдері және (немесе) қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның өзіне қабылдайтын шектеулердің тізбесі көзделеді.

Жазбаша келісімге қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға міндетті түрде қол қоюға тиіс. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға жазбаша келісімге қол қойған соң оның талаптарын толық көлемде және онда белгіленген мерзімде орындау жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайды.

17. Жазбаша келісім заңды күші бірдей 4 (төрт) дана етіп (қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данадан) жасалады және қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаға ілеспе хатпен жіберіледі.

Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға қол қойылған 2 (екі) дана (1 (бір) данадан қазақ және орыс тілдерінде) жазбаша келісімді алған күнінен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайтарады.

18. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға уәкілетті органды:

жазбаша нұсқамада, жазбаша келісімде көзделген мерзімдерде осы құжаттарда көрсетілген шаралардың орындалғаны туралы;

іс-шаралар жоспарында көзделген жүзеге асыру күнінен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы хабардар етеді.

19. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде көзделген шаралар мен іс-шараларды орындауы:

1) жазбаша нұсқама үшін – уәжді пайымдау негізінде жазбаша нұсқама нысанында қолданылған қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды қоспағанда, қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның жазбаша нұсқаманы алған күнінен бастап.

Жеке немесе заңды тұлғаны банкпен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, банк холдингімен, сақтандыру холдингімен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға деп тану туралы талап қамтылатын, оны қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға алған күннен бастап орындалатын жазбаша нұсқаманы қоспағанда, уәжді пайымдау негізінде жазбаша нұсқама нысанында қолданылған қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды орындау Ұлттық Банк туралы заңның 62-6-бабы 4-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес күшіне енген күнінен бастап басталады;

2) іс-шаралар жоспары үшін – қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның уәкілетті орган мақұлдаған іс-шаралар жоспарын алған күнінен бастап;

3) жазбаша келісім үшін – қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның жазбаша келісімге қол қойған күнінен бастап басталады.

Егер жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген шараларды және (немесе) жоспарланған іс-шараларды орындау мерзімдері 1 (бір) айдан асатын болса, қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға ай сайын растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, уәкілетті органды жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде көзделген шаралардың және (немесе) іс-шаралардың кезең-кезеңімен орындалғаны туралы жазбаша хабардар етеді.

20. Жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде көзделген шараларды және (немесе) іс-шараларды қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаға байланысты емес себептер бойынша осы құжаттарда белгіленген мерзімдерде орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, осы тұлға осы құжаттарда белгіленген шараларды және (немесе) іс-шараларды орындау мерзімінен кешіктірмей уәкілетті органға жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде көзделген шараларды және (немесе) іс-шараларды орындау мерзімін ұзарту қажеттілігінің негіздемесі қамтылған мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты (бұдан әрі – өтінішхат) ұсынады.

Уәкілетті орган өтінішхатты қарау нәтижелерін қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаға уәкілетті органға келіп түскен күнінен кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жібереді.

**4-тарау. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары**

21. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға Банктер туралы заңның 47-1-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-4-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-3-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолданады.

22. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлға қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасында белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шаралардың тізбесін, оларды жүзеге асыру мерзімдерін, сондай-ақ уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының әрбір тармағының орындалуы үшін жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып, уәкілетті органға уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады.

23. Уәкілетті орган уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келіп түскен күнінен кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Уәкілетті органның қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлғаның ұсынған уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарына ескертулері болған жағдайда, уәкілетті орган ол бойынша жазбаша ескертулер жібереді және (немесе) іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында бірлескен талқылаулар жүргізеді. Бұл ретте қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлға уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органның хатында көрсетілген мерзімдерде ұсынады немесе мұндай ескертулермен келіспеген жағдайда өзінің негіздемелерін ұсынады.

Уәкілетті орган қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлғаның ұсынған уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын жазбаша нысанда мақұлдайды немесе қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлғаға жоспарланған іс-шараларды және (немесе) оларды орындау мерзімдерін түзету қажеттілігі туралы нұсқау қамтылатын өзінің қорытындысын жібереді.

24. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлғаның уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды орындауы мақұлданған уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын немесе қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлғаға жоспарланған іс-шараларды және (немесе) оларды орындау мерзімдерін түзету қажеттілігі туралы нұсқау қамтылған уәкілетті органның қорытындысын алған күннен бастап басталады.

25. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлға уәкілетті органды уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген оларды жүзеге асыру күнінен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Егер уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру мерзімдері 1 (бір) айдан асатын болса, қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шарасы қолданылған тұлға ай сайын растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, уәкілетті органды уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылғаны туралы хабардар етеді.

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы №272 қаулысына қосымша*

**Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының немесе сақтандыру холдингінің белгілеріне ие тұлғаларға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру холдингіне, сондай-ақ сақтандыру тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы №90 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7527 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде №261-266 (27340) жарияланған).

2. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, актуарийге, сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сондай-ақ дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға қатысты шектеулі ықпал ету шараларының қолданылу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №51 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13313 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. «Банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, сондай-ақ банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидаларын және Ірі қатысушы немесе банк холдингі белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ банктің ірі қатысушыларына, банк холдингтеріне немесе банк конгломераттарының құрамына кіретін заңды тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 68 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13601 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы №127 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 17-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14277 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

***Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17789 болып енгізілді.***

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 29 қазан №273 Алматы қаласы

### Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салуды белгілеудің кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Заңның 40-бабының 1-тармағы екінші бөлігінің мақсаттары үшін банктің өзімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға қамтамасыз етусіз беретін қарыздардың (бланктік қарыздардың) мөлшері банк қарыз беру туралы шешім қабылдаған күні 20 (жиырма) миллион теңгеден аспайды.

2. Заңның 40-бабының 1-тармағы үшінші бөлігінің мақсаттары үшін банктің директорлар кеңесінің мүшелеріне және осы банктің ірі қатысушыларына беретін банктік қарыздардың және Заңның 52-5-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген қаржыландырудың мөлшері банк қарыз немесе қаржыландыру беру туралы шешім қабылдаған күнгі банктің меншікті капиталының 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды.

3. Заңның 40-бабының 2-тармағы 5) тармақшасының мақсаттары үшін құны банк мәміле немесе мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдаған күні құны банктің меншікті капиталының 10 (он) пайызынан асатын заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу жөніндегі мәмілелерді немесе мәмілелер жиынтығын қоспағанда, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен банк жасасқан мәміле немесе мәмілелер жиынтығының (ағымдағы қаржы жылында) құны банктің меншікті капиталының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызынан асады.

4. Заңның 40-бабының 2-тармағы екінші бөлігінің мақсаттары үшін мәмілелерді жеңілдікті жағдайлары бар мәмілелерге жатқызудың мынадай қосымша өлшемшарттары белгіленсін:

1) банктің қарыз алушы жеке немесе заңды тұлғамен банктік қарыз операцияларын қарыз алушы (қоса қарыз алушы, кепілдік беруші, кепілгер және кепіл беруші) туралы мәліметтерді банктің ішкі құжатына сәйкес белгілемей жасауы;

2) банктің банктік қарыз операцияларын қарыз алушы жеке немесе заңды тұлғамен қарыз алудың банктік қарыз шартында қарыз алушының қажеттілігіне (тұтынушылық кредиттеуді және айналым қаражатын, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің қатысуымен синдикатталған қарыздарды толықтыруға кредиттеуді қоспағанда) сәйкес келетін мақсатын айқындамай жасауы;

3) банктің банктік қарыз операцияларын қарыз алушы жеке немесе заңды тұлғамен банктік қарыз шартында қарыз алушының ақшаны мақсатсыз пайдаланғаны (тұтынушылық кредиттеуді және айналым қаражатын, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің қатысуымен синдикатталған қарыздарды толықтыруға кредиттеуді қоспағанда) үшін жауапкершілігін айқындамай жасауы.

5. Заңның 40-бабының 3-тармағы бірінші бөлігі 1) тармақшасының мақсаттары үшін банктік қарыздардың және банктік кепілдіктердің мынадай мөлшерлері белгіленсін, оларды беру туралы шешім қабылдау осы банктің директорлар кеңесі комитеттері және тиісті органы басшыларының және тұрақты мүшелерінің өкілеттіктеріне кіреді, асып кеткен жағдайда көрсетілген тұлғалар банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп танылады:

меншікті капиталының мөлшері қоса алғанда 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеге дейінгі банктер үшін – банктің меншікті капиталының (банк шешім қабылдаған күнгі) 0,7 (нөл бүтін оннан жеті) пайызы;

меншікті капиталының мөлшері 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеден асатын банктер үшін – банктің меншікті капиталының (банк шешім қабылдаған күнгі) 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызы.

6. Заңның 40-бабы 3-тармағының бірінші бөлігі 5) тармақшасының мақсаттары үшін жеке немесе заңды тұлғаның банкпен ерекше қатынастар арқылы байланыстылығының келесі белгілері белгіленсін:

1) бір қарыз алушыға белгіленген ең жоғары тәуекел талаптарына сәйкес осы топқа біріктірілген банк қарыз алушыларының тобына жататын қарыз алушы (жеке немесе заңды тұлға), осындай топтың қарыз алушыларының бірі банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылады;

2) кредит төлеу қабілетін және (немесе) мәміленің қамтамасыз етілуін бағалауға қойылатын талаптарды сақтау бөлігінде банктің ішкі рәсімдері бұзыла отырып осындай мәміле жүзеге асырылған қарыз алушы (жеке немесе заңды тұлға);

3) банкпен Standard & Poor's агенттігінің немесе Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің «ВВВ» және одан жоғары деңгейдегі борыштық рейтингі бар банктердің кепілдіктерін (кепілдемелерін), резервтік аккредитивтерін қоспағанда, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға қамтамасыз ету берген мәмілені жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) және 2) тармақшаларының талаптары банктің көрсетілген тұлғалармен мәмілелерінің мөлшері:

меншікті капиталының мөлшері қоса алғанда 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеге дейінгі банктер үшін банктің меншікті капиталының (банк шешім қабылдаған күнгі) 2 (екі) және одан көп пайызын;

меншікті капиталының мөлшері 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеден асатын банктер үшін банктің меншікті капиталының (банк шешім қабылдаған күнгі) 1 (бір) және одан көп пайызын құрайтын жағдайларға қолданылады.

7. Заңның 40-бабының 3-тармағы үшінші бөлігінің мақсаттары үшін мыналар банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес өзге тұлғалар деп айқындалсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
2) банктер қауымдастықтары (одақтары);
3) «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы;
4) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;
5) «Бәйтерек девелопмент» акционерлік қоғамы;
6) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы;
7) кредиттік бюролар;
8) халықаралық қаржы ұйымдары;
8) мемлекеттік мекемелер;
9) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес үлестес тұлғалар деп танылмайтын тұлғалар.

8. Заңның 40-бабы 4-тармағының мақсаттары үшін құны банк мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі банктің меншікті капиталының 10 (он) пайызынан асатын, заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу жөніндегі мәмілені қоспағанда, мәміле құны банк мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі банктің меншікті капиталының 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан асады.

9. Осы қаулының талаптары банк холдингтеріне (банк холдингі немесе Заңның 40-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келетін банк холдингі белгілеріне ие тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

10. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 11-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

11. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

12. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

13. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ**

***Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17781 болып енгізілді.***

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 29 қараша №293 Алматы қаласы

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дилерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 23 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дилерлік қызметін жүзеге асыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дилерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 23 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13223 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дилерлік қызметінің қағидаларында:

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Ұлттық Банк пен қарсы әріптес арасында келісім жасау тәртібі»;

«3-тарау. Операциялар және мәмілелер»;

«4-тарау. Валюта өктемдігі және валюталық мәмілелер»;

«5-тарау. Депозиттер (депозиттік салымдар) және депозиттік аукцион»;

«6-тарау. Бағалы қағаздармен мәмілелер»;

«7-тарау. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер»;

«8-тарау. Қарыздар беру»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Тұрақты қолжетімді қарыздар кері РЕПО операциялары арқылы күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге беріледі.

Ұлттық Банк қарыздардың өзге түрлерін Ұлттық Банк туралы заңға сәйкес береді.»;

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-тарау. Тазартылған бағалы металдармен мәмілелер».

2. Монетарлық операциялар департаменті (Молдабекова Ә.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ**

***Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18137 болып енгізілді.***

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 29 қараша №296 Алматы қаласы

### «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 78 қаулысына өзгерістер енгізу және айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 265 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 78 қаулысына өзгерістер енгізу және айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 265 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10146 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ алып тасталсын.

2. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қуандықов Ә.Ә.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ**

***Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 11 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18170 болып енгізілді.***

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 19 желтоқсан №1093 Астана қаласы

### Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9756 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

1 «Салықтық түсімдер» санатында:

04 «Меншікке салынатын салықтар» сыныбында:

3 «Жер салығы» кіші сыныбында:

02 «Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«02 Жер салығы»;

«09 Елді мекендердің жерлеріне алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы» ерекшелігі алынып тасталсын;

05 «Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар» сыныбында:

1 «Қосылған құн салығы» кіші сыныбында:

«13 Кеден одағының бірыңғай кеден аумағы құрылғанға дейін Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы» ерекшелігі алынып тасталсын;

2 «Акциздер» кіші сыныбында:

81 «Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағынан әкелінетін кеден одағы тауарларынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын темекі өнімдері» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«81 Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын темекі өнімдері»;

82 «Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағынан әкелінетін кеден одағы тауарларынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын басқа да акцизделетін өнімдердің түрлері» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«82 Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын акцизделетін өнімдердің өзге түрлері».

2. «Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесі» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9760 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесінде:

1 «Салықтық түсімдер» санатында:

04 «Меншікке салынатын салықтар» сыныбында:

3 «Жер салығы» кіші сыныбында:

02 «Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жер салығы | 1 | 04 | 3 | 02 | | | 100 | 100 | 100 | | |

»;

09-ерекшелігі

«

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Елді мекендердің жерлеріне алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы | 1 | 04 | 3 | 09 | | | 100 | 100 | | | |

»

алынып тасталсын;

(Соңы 21-бетте)

(Соңы. Басы 20-бетте)

05 «Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар» сыныбында:

1 «Қосылған құн салығы» кіші сыныбында:

13-ерекшелігі

«

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кеден одағының бірыңғай кеден аумағы құрылғанға дейін Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы | 1 | 05 | 1 | 13 | 100 | | | | | | |

»

алынып тасталсын;

2 «Акциздер» кіші сыныбында:

81 «Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағынан әкелінетін кеден одағы тауарларынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын темекі өнімдері» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын темекі өнімдері | 1 | 05 | 2 | 81 | 100 | | | | | | |

»;

82 «Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағынан әкелінетін кеден одағы тауарларынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын басқа да акцизделетін өнімдердің түрлері» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын акцизделетін өнімдердің өзге түрлері | 1 | 05 | 2 | 82 | 100 | | | | | | |

»;

3 «Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер» кіші сыныбында:

30 «Жер қойнауын пайдаланушылардың басқа түсімдері» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жер қойнауын пайдаланушылардың басқа түсімдері | 1 | 05 | 3 | 30 | 100 | | | | | | |

».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы министрі Ә.СМАЙЫЛОВ**

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17970 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 9 қазан №553 Астана қаласы

## Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 9 қазандағы №553 бұйрығына қосымша*

### Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-тармақшасына сәйкес әзірленді және орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

2. Білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағымен анықталған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді.

#### 2-тарау. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі

4. Білім беру ұйымдарында тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу мерзімінде және білім алушылар құрамына қабылдау үшін білім беру ұйымдарының басшыларының бұйрығымен күнтізбелік жылғы 1 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады (бұдан әрі - Комиссия), ол комиссия басшысын қоса алғанда ол тақ саннан тұрады. Комиссия құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссияның шешімі егерде отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылардың санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Комиссия басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

5. Білім беру ұйымдарының Комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.

6. Білім беру ұйымдарында оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады. Оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары күнтізбелік жылғы 1 және 27 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылғы 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

7. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың төлнұсқасын, флюорография суретін қоса бере отырып, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 6697 нөмірімен тіркелген) №086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы («Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығымен бектілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 10589 нөмірімен тіркелген) I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысын), 3х4 көлеміндегі 4 фотосуретін қоса береді.

Оқуға түсетін құжатты оқуға түсушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілдері ұсынады.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы қарастырылған оқуға түсушілер сол санатты растайтын құжаттарды ұсынады.

8. Білім беру ұйымына ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды қабылдау таңдалған мамандық бойынша оқуға қарсы көрсетілімдерінің жоқтығы туралы педагогокалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысын ескере отырып, заңды өкілдердің біреуінің өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

9. Оқуға түсушілер үшін түсу емтихандары:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

2) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандық бейіні бойынша пәннен өткізіледі;

Түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

Орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

10. Педагогикалық мамандықтар, арнаулы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша білім беру ұйымдарына оқуға түсетін тұлғалар білім беру ұйымдары өткізетін арнаулы немесе шығармашылық емтихандар тапсырады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізу нысаны Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

11. Білім беру ұйымдарына түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

12. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу түрі, күні, уақыты мен орны, консультациялар) Комиссия төрағасымен бекітіледі және оқуға түсушілердің назарына құжат қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей жеткізіледі.

13. Оқуға түсушіні арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде рұқсат етіледі.

14. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

15. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен ресімделеді.

Арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

16. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

17. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге білім беру ұйымына ұсыну үшін бағалау ведомостінен үзінді беріледі.

18. Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны – 25; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; үш пән бойынша тестілеуге – 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша – 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқталғаннан кейін дереу ілінеді; тестілеу нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандар нысанында түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған «3», «4», «5» бағаларын Комиссия мынадай шәкіл бойынша: «3» – 8 балға, «4» – 17 балға, «5» – 25 балға алмастырады.

19. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандар нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі - апелляциялық комиссия) құрылады, ол төрағасын қосқанда апелляциялық комиссия мүшелерінің тақ санынан тұрады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

20. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым беруіне болады.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

21. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен ресімделеді.

22. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

23. Білім беру ұйымдарына оқу үшін тұлғаларды қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

24. Конкурс түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған балдар (бағалар) негізінде өткізіледі.

25. Білім беру ұйымдарына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылғы 25 тамыз бен 31 тамыз аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылғы 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

26. Білім беру ұйымдарына Комиссияның ашық отырыстарында мамандықтар, оқыту тілі бойынша жүргізіледі.

27. Комиссиялар қабылдау нәтижесі туралы ақпаратты оқудың күндізгі нысаны бойынша күнтізбелік жылғы 31 тамызға дейін, сырттай және кешкі оқу нысаны бойынша күнтізбелік жылғы 30 қыркүйекке дейін ақпараттық стендтерге немесе білім беру ұйымының интернет ресурстарына жариялау арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.

*Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына 1-қосымша*

**Орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі**

| Орта білімнен кейінгі білім беру мамандығының коды | Мамандықтың атауы | Жалпы орта білім негізінде бейінді пән атауы |
|---|---|---|
| 0100000 – Білім беру | | |
| 0103000 | Дене тәрбиесі және спорт | 1 шығармашылық емтихан |
| 0104000 | Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) | Математика |
| 0105000 | Бастауыш білім беру* | Математика |
| 0108000 | Музыкалық білім беру | 1 шығармашылық емтихан |
| 0110000 | Білім ұйымдарындағы лаборант | Биология |
| 0200000 – Құқық | | |
| 0201000 | Құқықтану | Дүниежүзі тарихы |
| 0202000 | Құқық қорғау қызметі | Дүниежүзі тарихы |
| 0203000 | Патенттеу | Дүниежүзі тарихы |
| 0300000 – Медицина, фармацевтика | | |
| 0301000 | Емдеу ісі | Биология |
| 0302000 | Медбикелік іс | Биология |
| 0303000 | Гигиена және эпидемиология | Биология |
| 0304000 | Стоматология | Биология |
| 0305000 | Зертханалық диагностика | Биология |
| 0306000 | Фармация | Химия |
| 0307000 | Ортопедиялық стоматология | Биология |
| 0308000 | Медициналық оптика | Биология |
| 0500000 – Қызмет көрсету, экономика және басқару | | |
| 0501000 | Әлеуметтік жұмыс | Дүниежүзі тарихы |
| 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсетуді ұйымдастыру | Математика |
| 0512000 | Аудармашы ісі (түрлері бойынша) | Шетел тілі |
| 0513000 | Маркетинг (салалар бойынша) | Математика |
| 0514000 | Бағалау | Математика |
| 0515000 | Менеджмент (қолданылу салалары және аясы бойынша) | Математика |
| 0516000 | Қаржы (салалар бойынша) | Математика |
| 0517013 | Статистика | Математика |
| 0518000 | Есеп және аудит (салалар бойынша) | Математика |
| 0519000 | Экономика (салалар бойынша) | Математика |
| 1300000 – Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технология Электрондық техника | | |
| 1305000 | Ақпараттық жүйелер (қолданылу саласы бойынша) | Математика |
| 1500000 – Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология | | |
| 1513000 | Ветеринария | Биология |

Ескертпе*: бейіндік пәннің атауын білім беру ұйымы берілетін мамандық бойынша біліктілігіне байланысты айқындайды.

*Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына 2-қосымша*

**Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны**

| ҚР кәсіптік білім мамандықтарының коды | Мамандықтың атауы | Орта (жалпы орта) білім базасында |
|---|---|---|
| 0100000 – Білім беру | | |
| 0103000 | Дене тәрбиесі және спорт | Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру |
| 0104000 | Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) | Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. |
| 0105000 | Бастауыш білім беру | Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. |
| 0108000 | Музыкалық білім беру | Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Музыкалық шығарманы орындау |
| 0110000 | Білім ұйымдарындағы лаборант | Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. |
| 0300000 – Медицина, фармацевтика * | | |
| 0302000 | Медбикелік іс | Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін психометриялық тест/эссе |

* басқа медициналық мамандықтар бойынша арнаулы емтихан тапсыру қажет етілмейді

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17765 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 20 қыркүйек №469 Астана қаласы

## «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

**(Жалғасы. Басы 2018 ж., 206-221, 223-227, 229, 2019 ж, 48, 51-нөмірлерде)**

| | | |
|---|---|---|
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау | 5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту<br>5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану<br>5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до$^1$ – соль көлеміндегі гамманы орындау<br>5.3.1.4 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйрену |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу;<br>5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену |
| 3-тоқсан | | |
| 1.Әнайту | 1.1 Ән айту | 5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту<br>5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу<br>5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының сүйемелдеуінсіз айта білуді дамыту<br>5.1.1.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату<br>5.1.1.5 әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсету<br>5.1.1.6 есту арқылы күшті бөлігін анықтау |
| | 1.2 Динамикалық реңк | 5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы<br>5.1.2.2 әуенді дауысты (бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну<br>5.1.2.3 заманауи балалар өлеңдерінің музыкалық тілінің, оның идеялық және көркемдік мазмұнының ерекшеліктерін түсіну<br>5.1.2.4 кантинелламен айту дағдысын жетілдіруге талпыну |
| 2. Музыка тыңдау | 2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау | 5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту<br>5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау<br>5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтаныш сезімін сезіну<br>5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату<br>5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату<br>5.2.1.6 музыкадағы ертегі желісіне тән ерекшеліктерді анықтау |
| | 2.2. Музыкалық аспаптар | 5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату<br>5.2.2.2 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінік |
| | 2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы | 5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу: П.И.Чайковский, «Аққу көлі» балеті |
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау | 5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту<br>5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану<br>5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до$^1$ – соль көлеміндегі гамманы орындау |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу;<br>5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену |
| **4-тоқсан** | | |
| 1.Ән айту | 1.1 Ән айту | 5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту<br>5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу<br>5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының сүйемелдеуінсіз айта білуді дамыту<br>5.1.1.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату<br>5.1.1.5 әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсету<br>5.1.1.6 есту арқылы күшті бөлігін анықтау<br>5.1.1.7 өлеңді жылдам қарқында және әуені күрделі өлең мәтінін анық айтуға тырысу |
| | 1.2 Динамикалық реңк | 5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы<br>5.1.2.2 әуенді дауысты (бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну<br>5.1.2.3 заманауи балалар өлеңдерінің музыкалық тілінің, оның идеялық және көркемдік мазмұнының ерекшеліктерін түсіну<br>5.1.2.4 кантинелламен айту дағдысын жетілдіруге талпыну |
| 2. Музыка тыңдау | 2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау | 5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту<br>5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау<br>5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтаныш сезімін сезіну<br>5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату<br>5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату<br>5.2.1.6 музыкадағы ертегі желісіне тән ерекшеліктерді анықтау<br>5.2.1.7 бейнелерді құруға көмектесетін музыкалық құралдарды ажырату<br>5.2.1.8 музыкалық шығарманың идеялық және көркемдік мазмұнын түсіндіруге талпыну |
| | 2.2. Музыкалық аспаптар | 5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату<br>5.2.2.2 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінік<br>5.2.2.3 қазақ және орыс халық музыкалық аспаптар оркестерінің дыбысталуын жіктеу |
| | 2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы | 5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу: П.И.Чайковский, «Аққу көлі» балеті<br>5.2.3.2 Н.Римский-Корсаков «Салтан патша туралы ертегі» операсы |
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау | 5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту<br>5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану<br>5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до$^1$ – соль көлеміндегі гамманы орындау<br>5.3.1.4 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйрену<br>5.3.1.5 пианино, аккордеон, үрмелі сырнайда оңай жаттығуларды орындау<br>5.3.1.6 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 1-2 өлеңді немесе әуенді орындау |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу; 5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену |

2) 6-сынып

2-кесте

| Бөлім | Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 1.Ән айту<br>2. Музыка тыңдау | 1.1 Ән айту | 6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау<br>6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру<br>6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау<br>6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру<br>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүймелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту<br>6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу |
| | 1.2 Динамикалық реңк | 6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану<br>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту<br>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту<br>6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту, интонация тазалығы бойынша шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс жүргізу |
| | 2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау | 6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу<br>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді,жанрларды анықтау<br>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну<br>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау<br>6.2.1.6 «Әуенді тап» музыкалық викторинаға қатысу<br>6.2.1.7 музыканың адамдардың өміріндегі, еңбегіндегі және демалысындағы рөлін түсіну. |
| | 2.2. Музыкалық аспаптар | 6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту<br>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу<br>6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка білу<br>6.2.2.4 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау |
| | 2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы | 6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нұрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу |
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау | 6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді (жоғары-төмен) ажырату<br>6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до$^1$ – си $^1$ көлеміндегі гамманы орындау<br>6.3.1.3 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйренуді жалғастыру<br>6.3.1.4 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 2-3 өлеңді немесе әуенді орындау<br>6.3.1.5 берілген ырғаққа сәйкес музыкалық аспаптардан дыбыс шығару |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу;<br>6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу |
| **2-тоқсан** | | |
| 1 Ән айту | 1.1 Ән айту | 6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау<br>6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру<br>6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау<br>6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру<br>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүймелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту |
| | 1.2 Динамикалық реңк | 6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану<br>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту<br>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту<br>6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту, интонация тазалығы бойынша шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс жүргізу |
| 2. Музыка тыңдау | 2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау | 6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу<br>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді,жанрларды анықтау<br>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну<br>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау<br>6.2.1.6 «Әуенді тап» музыкалық викторинаға қатысу |
| | 2.2. Музыкалық аспаптар | 6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту<br>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу<br>6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка білу |
| | 2.3 Композиторлар мен орын-даушылардың шығармашылығы | 6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нұрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу |
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 узыкалық аспаптарда ойнау | 6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді (жоғары-төмен) ажырату<br>6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до$^1$ – си $^1$ көлеміндегі гамманы орындау |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу;<br>6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу |
| **3-тоқсан** | | |
| 1.Ән айту | 1.1 Ән айту | 6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау<br>6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру<br>6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау<br>6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру<br>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүймелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту<br>6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу<br>6.1.1.7 өлеңді өздігінен бастап айта білу<br>6.1.1.8 өлеңді барлық диапазонда бірқалыпты, еркін дыбыспен саналы түрде және әсерлі орындау<br>6.1.1.9 есту арқылы айналасындағылардың ән салуын бақылау<br>6.1.10 5-сыныпта үйренген өлеңдерін орындау |
| | 1.2 Динамикалық реңк | 6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану<br>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту<br>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту |
| 2. Музыка тыңдау | 2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау | 6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу<br>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді,жанрларды анықтау<br>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну<br>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау<br>6.2.1.6 «Әуенді тап» музыкалық викторинаға қатысу<br>6.2.1.7 музыканың адамдардың өміріндегі, еңбегіндегі және демалысындағы рөлін түсіну |
| | 2.2. Музыкалық аспаптар | 6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту<br>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу |

(Жалғасы 22-бетте)

(Жалғасы. Басы 21-бетте)

| | | |
|---|---|---|
| | 2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы | 6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нүрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу, |
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау | 6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді (жоғары-төмен) ажырату<br>6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до[1] – си [1] көлеміндегі гамманы орындау |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу;<br>6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу |
| **4-тоқсан** | | |
| 1. Ән айту | 1.1 Ән айту | 6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау<br>6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру<br>6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау<br>6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру<br>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүймелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту<br>6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу<br>6.1.1.7 өлеңді өздігінен бастап айта білу<br>6.1.1.8 өлеңді барлық диапазонда бірқалыпты, еркін дыбыспен саналы түрде және әсерлі орындау |
| | 1.2 Дина-микалық реңк | 6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану<br>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту<br>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту<br>6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту интонация тазалығы бойынша шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс жүргізу |
| 2. Музыка тыңдау | 2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау | 6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу<br>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді,жанрларды анықтау<br>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну<br>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау<br>6.2.1.6 «Әуенді тап» музыкалық викторинаға қатысу |
| | 2.2. Музыкалық аспаптар | 6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту<br>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу<br>6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка білу |
| | 2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы | 6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нүрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу |
| 3.Музыкалық сауаттылық элементтері | 3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау | 6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді (жоғары-төмен) ажырату<br>6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до[1] – си [1] көлеміндегі гамманы орындау<br>6.3.1.3 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйренуді жалғастыру<br>6.3.1.4 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 2-3 өлеңді немесе әуенді орындау |
| | 3.2 Музыкалық сауаттылық | 6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу;<br>6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу<br>6.3.2.3 контрастты регистрлерде тменгі және жоғары дыбыстарды ажырату және бір регистрден басқасына ауыстыру (жоғары-төмен);<br>6.3.2.4 композитор қолданатын музыкалық мәнерліліктің құралдары туралы түсінігі болу: лад (мажор, минор); динамикалық реңктер (қатты, бәсең қалыпты жоғары, күшейту, бәсеңдету); регистр (жоғары, орташа, төмен);<br>6.3.2.5 музыкалық мамандықтар, кәсіптер туралы қарапайым түсініктерінің болуы: композитор, дирижер, музыкант, пианист, скрипкашы, домбырашы, қобызшы, солит, әртіс, әнші, күйші |

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 88-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 528-қосымша*

## Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» (бұдан әрі- ӘТБ) пәнінің мақсаты жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әр түрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда белсенді және дербес болуға ықпал ететін арнайы әлеуметтік-бейімдеушілік біліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) білім алушылардың тұрмыстық еңбектік дағдыларын қалыптастыру;

2) білім алушыларды әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелерде бағдарлауға (сауда, тұрмыстық қызмет, байланыс, мәдениет, медициналық көмек), ондағы қызмет түрлерін пайдалана білудің қарапайым дағдыларын үйрету;

3) жақын және танымайтын орта адамдарымен қарапайым түрде тұрмыстық қатынас орнату;

4) психофизикалық даму кемшіліктерін түзеуге ықпал ету; сөздікті байыту және жүйелендіру; диалог пен монологты ауызша сөйлеуде дамыту.

### 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. ӘТБ бойынша оқу процестерін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы педагогиканың принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды дайындау және дамыту ерекшеліктері мен ерекшеліктеріне қойылатын білім беру жүйесінің бейімділік қағидасы;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудағы түзеу-дамыту бағыт олардың мүмкіндіктері мен білім алудағы айрықша қажеттіліктеріне байланысты оқыту қызметтері мен арнайы әдістерімен қамтамасыздандырылады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдік бағыттары тұлғаның әлеуметтік бейімделмеуінің алдын алады немесе оны азайтады. Білім алушыларға әлеуметтік өмірге қажетті дағдыларды, мінез-құлықтарының әлеуметтік нормаларын игерту бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамыту ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психологиялық ғылымның теоретикалық ережелеріне негізделеді. Және де ол ақыл-ой қалықтығы жеңіл тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипатымен анықталады (пәндік-тәжірибелік және оқу);

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушының тәжірибелік қызметі арасында тығыз байланыс орнатуды, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен біліктерді қалыптастыруды қарастырады;

6) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқытудағы дифференциалды және жекелей тәсіл бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндігінің әртектелігімен, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен көрінеді, ол алынған білім, дағды мен икемдерге ықпал етеді. Ақыл-ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру процесі типологиялық топтардың негізінде жүзеге асады (В.В. Воронкова бойынша). Әрбір типологиялық топтар үшін педагог балалардың мүмкіндіктеріне байланысты олардың күрделілігі мен көлемін есепке ала отырып оқу материалдарын дайындайды. Осымен оқыту жұмыстарының қарқыны, білім алушылардың дербестілік деңгейі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленіп отырады. Білім алушыларды топтарға шартты түрде бөліну. Дифференциалды тәсіл оқытуды жекелендірумен толығады;

7) оқу-танымдық және тәжірибелік қызметке арнайы педагогикалық жетекшілік ету қажеттілігі танымдылық белсенділіктің төмен болуына, ойлаудың сараптамалық және жалпылама қызметтердің әлсіздігіне негізделеді. Ақыл-ойы қалық білім алушылардың дербес оқу-танымдық қызметтері, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтар үшін қиын болған жағдайда педагог оқу тапсырмаларын сәтті орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушы қызметінің жетілмеген компоненттерінің қызметтерін өзіне алады. Педагог ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жалпы даму заңдылықтарын біле отырып сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктерін, оқытудың арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін бағыттайды.

5. Педагогикалық тәсілдерді жүзеге асыру оқытудың әртүрлі стратегияларын пайдалануды қарастырады:

1) мұғалім мен білім алушы арасындағы сенімділік атмосферасын құру;

2) әрбір білім алушының пікірін тыңдау;

3) білім алушының танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әрекет ету түрлері және жіті таңдалынып алынған тапсырмалардың көмегімен оқытуды дамыту және ынталандыру;

4) білім алушыға түсінікті тілдегі мысалдармен мәселелерді шешу стратегияларын үлгілеу;

5) білім алушының жекелей ерекшеліктерін есепке ала отырып дифференциалды тапсырмаларды құрау;

6) барлық сынып жұмысы мен білім алушының топтық, жекелей әрекеттерін ұйымдастыру.

6. Жекелей қарқында даму құқығын тану принципі әрбір баланың жекелей ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл принципті ұстану бала дамуын ұдайы зерделеп отыруды қарастырады, мақсаты оны оқытудың жекелей бағдарламаларының мазмұнын анықтау.

7. Педагогтың өзбетімен мазмұнды, әдісті, түр, дидактикалық құралдарды білім алушылардың жекелей мүмкіндіктерін, білімдерін және тұлғалық жетістіктерінің мониторингін таңдау принципі.

8. Білім алушылардың заттық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда тиісті мектептік ортаны жасау принципі:

1) білімдері мен дағдыларын өздері қолданатын жағдайға мүмкіндігінше жақын қалыптастыру. Бұл білімдері мен дағдыларын жаңа жағдайларда қолдану қиындық тудыруымен байланысты;

2) кеңістікті, әртүрлі өмірлік жағдайлардың көрінісіне, заттық орта мезгілімен білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай өзгеріп отырады;

3) жайлы әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытушылық орта мектепте жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жасын және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

9. Мектептегі білім алудың күнделікті әрекеттернінің кешенді сипатының принципі оқу жоспарының бірнеше пәндік салаларының интеграциялық мазмұнын қабылдауды қарастырады, бұл мектепте оқу кезеңінде пәнсіз оқыту идеясын іске асырады. Сабақтар Бағдарламаның мазмұнын қолдана отырып, білім алушылардың жалпы дамуына бағытталған (қарым-қатынастық, қимылдық, сөйлеу тілдік, сенсорлық).

10. Оқыту-тәрбиелеу процесіндегі әлеуметтік бағыт принципі. Оқыту және тәрбиелеу ортасы шарасыз шектетілгендіктен, барынша білім алушылардың ерекшелігіне қарай бейімделгендіктен, сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан серіктестерімен араласуға мүмкіндік бермейтіндіктен, баланы күрделі әлеуметтік ортаға қосатын әлеуметтендіру шараларын жүргізу талап етіледі:

1) кезең-кезеңмен және біртіндеп білім алушының мүмкіндігіне сай өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту;

2) қоғамға жанын жараламай енгізу үшін,төзімді және қолайлы орта құру. Осы мақсатта мектептің жүйелі жұмысы баланың отбасымен және қоғаммен болу қарастырылады.

11. ӘТБ пәнін оқыту процесінде білім алушыларда ақпараттық-технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін жағдайлар жасалады. ӘТБ пәнін оқыту процесінде ақпараттық-технологияларды қолдану мыналардан тұрады:

1) шынайы өмірлік ситуациялардағы еліктемелер, сондай-ақ оларды ары қарай түсіну үшін аталмыш ситуацияларды зерделеу үшін компьютерлік үлгілерді қолдану;

2) тәжірибелік тапсырмаларды шешуге арналған аудио-, видео материалдарды өңдеу, кескіндеме, кестелерді, мәтіндерді өңдеу үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды пайдалану;

3) тәжірибелік тапсырмаларды шешу кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдаланудың шығармашылық әдістері;

4) белгілі бір тақырып бойынша топпен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін электронды құралдар көмегімен материалдарды жинақтау және тәжірибе алмасу;

5) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дербес қолдана алу дағдылары;

6) аудитория мен мақсаттарды анықтау үшін әртүрлі ақпарат көздерінен материалдарды іріктеуді қосатын коммуникациялық дағдыларды дамыту;

7) электронды оқулықтарды пайдалану.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақта белсенділігі мен өз бетімен жұмысты дамытатын негізгі шара түрлері:

1) тірі және өлі табиғатты және әдеуметтік өмірдің құбылысын бақылау;

2) заттық-тәжрібиелік әрекет;

3) ойын әрекеті және ойын қызметі;

4) тұрмыстық-еңбектік қызмет;

5) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет.

13. ӘТБ пәнінде педагогикалық іс-шаралары білім алушының жеке белсенділігін дамытуға бағытталған.

14. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу материалдарын игеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада ұсынылған мақсатқа негізделген және білім алушыларың оқу жетістіктерін бағалау және тексеруді ұйыдастыр кезіндегі ортақ тәсілдерді жүзеге асыруға бағытталған.

15. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асады. Бағдарламаны игеру нәтижелері сабақ барысында тікелей мұғалім арқылы бағаланады. Ақыл-ойы кем білім алушылармен жұмыс жасаудың негізі саналатын «диагностика және түзеу-дамыту жұмыстарының бірлестігі» арнайы педагогиканың қағидасына сүйене отырып педагогтар бақылаушы бағалау қызметтерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту нәтижесін бағалау ағымдық (сабақ барысындағы), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асады.

17. Ағымдық бақылау сабақтағы білім алушылардың әрекеттеріне бақылау жасау, тәжірибелік және өзіндік жұмыстарға талдау жасау, қызметтің ұжымдық түрлері көмегімен жүзеге асады. Оның нәтижелері сабақ карточкаларына тіркеледі (сабақтың ақпараттық картасы, сабақ конспектісі). Сабаққа бақылау жасау оқу процесінің сапасын қамтамасыздандыру үшін педагогпен қолданылатын оқыту әдістері мен мазмұнын түзету мақсатында жүргізіледі. Мұндай бақылау сондай-ақ ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелік сипатқа ие.

18. Кезеңдік бақылау бағдарламалық тақырыптары, бөлімдерді зерделегеннен кейін жүргізіледі. Оның нәтижелері курс тақырыптары бойынша білім алушы жетістіктерінің картасында көрінеді.Әртүрлі типологиялық топтарда оқитын белгілі бір тақырып негізіндегі оқу материалдарын зерделеу нәтижелері бірдей болмайды. 1-типологиялық топ білім алушылары (В.В. Воронкова бойынша) оқу материалдарын игеруді білімді қолану деңгейінде көрсете алады. 2-типологиялық топ білім алушылары игеруді тақырыптың негізгі мазмұнын түсінумен көрсетеді. 3-типологиялық топ білім алушылары материалды тек танитын болады және өздерінің білімін өзекті ету үшін мұғалімнің көмегіне қажет етеді. 4-типологиялық топ білім алушылары олардың жетістіктерін бағалау жүзеге асатын жеке бағдарламалар бойынша оқиды.

19. Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың аяғында жүргізіледі. Педагогтармен міндетті түрде білім алушы жетістіктерінің жиынтық карталарында тіркелінетін оқу жылы ағымында бақылауға алынған әрбір сынып білім алушыларының дамуы мен жетістігінің қарқыны сарапталынады.

20. Бағалау процесінің көмегімен педагогтармен алынған ақпарат дағдылар мен икемдерді игеру кезінде пайда болған қиындықтарға дер кезінде және уақытында бейімделуге мүмкіндік береді. Педагог мұнда білім алушыларға көмек көрсету тәсілдері мен мазмұнын негіздеп анықтайды.

21. Сипаттамалы бағалау тек даму мен оқытудың деңгейін ғана емес, сонымен қатар оқуышымен жұмыс жасаудың келесі қадамдарын анықтайды. Сипаттамалы бағалау мектеп білім алушыларының баламалық өзін-өзі бағалауын қалыптастыру мүмкіндігін береді. Мұнда білім алушы жетістіктерін бір-бірімен салыстыруға жол жоқ. Білім алушы жетістіктерін салыстыру оның алдыңғы жетістіктерімен байланысты болады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты білім сапасы мен жетістіктерінің пайызын анықтау дұрыс емес.

22. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін сыни тұрғыдан бағалау педагогтардың бағалау қызметінің обьективтілігін қамтамасыз етеді.

23. ӘТБ пәнін оқу барысында курстың тәжірибелік бағыты мақсатты түрде күшейтіледі. Рөлдік ойындар арқылы бекіту, тәжірибелік тапсырмаларды орындау, мәселелік тапсырмаларды шешу, өмірлік ситуацияларды талқылау, экскурсия және кездесу-сабақтарды ұсыну арқылы оқу материалының үлкен бөлігі қарастырылады. Бұл білім алушыларда қоғамдық нормалар мен құндылықтар, білік, білімге негізделетін қажетті әлеуметтік құзырлықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

24. ӘТБ пәнін оқыту процесінде келесі пәндермен пәнаралық байланыстар орнатылады:

1) қазақ тілі. Тұжырымдарды, ұсыныстарды, ойды дұрыс жеткізуде қазақ тілінің ережелерін қолдану;

2) математика. Есептеуіш және өлшеуіш дағдыларын пайдалануды талап ететін өмірлік ситуацияларды пайдалану;

3) Қазақстан тарихы. Қазақ халықының дәстүрі, тұрмысын көрсететін жағдаяттарды пайдалану.

25. Сабақтар қажетті жабдықтармен жарақтандырылған арнайы кабинетте жүргізіледі.

### 3-тарау. «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

26. ӘТБ пәнінің оқу жүктемесі:
1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

27. ӘТБ оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) 1-бөлім «Денсаулық»;
2) 2-бөлім «Киім, аяқ киім»;
3) 3-бөлім «Тамақтану»;
4) 4-бөлім «Тұрғын үй»;
5) 5-бөлім «Көлік, көше»;
6) 6-бөлім «Отбасы»;
7) 7-бөлім «Мерекелер, салтанатты жиындар»;
8) 8-бөлім «Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары».

28. «Денсаулық» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) жеке бас тазалығы;
2) медициналық көмек.

29. «Киім, аяқ киім» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) киім, аяқ киім , бас киім түрлері;
2) киімді, аяқ киімді күту.

30. «Тамақтану» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) азық –түлік;
2) ас үй, асхана ыдыстары, техника;
3) тамақ дайындау.

31. «Тұрғын үй»бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) тұрғын үй түрлері;
2) тұрғын үйді жинау.

32. «Көлік, көше» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) көліктердің түрлері;
2) көліктегі және жолдағы жүріс-тұрыс;
3) қала ішіндегі жүру бағыттары.

33. «Отбасы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) отбасы құрамы;
2) отбасылық қарым-қатынас;
3) Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары.

34. «Мерекелер, салтанатты жиындар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) мерекелерді дайындау және өткізу, сыйлықтар мен кәде сыйлар-ды рәсімдеу;
3) құттықтаулар.

35. «Кәсіпорындар, мекемелер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) сауда кәсіпорыны;
2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының (бұдан әрі – ТКШ) кәсіпорындары;
3) қаржы кәсіпорындары;
4) тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорыны;
5) байланыс құралдары кәсіпорыны;
6) мәдени ошақтары, демалыс орындары.

36. ӘТБ оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық: жеке гигиена, өнімдер мен заттар арқылы гигиеналық шаралар; алғашқы көмек көрсету, медициналық мекемелерде бағдарлау;

2) киім, аяқ киім: киімдер мен аяқ киімдердің түрлері, оның қолданылуы, күнделікті күту мен сақтау ережесі; маталардың түрлерінен жасалған заттарды жөндеу және жуу жұмыстары; әртүрлі аяқ киімдердің күту жұмыстары; ді.

3) тамақтану: азық-түліктің әртүрлі өнім топтары; олардың сақталу мерзімінің ережелері мен шарттары; ас үйдің құрылысы, ас және асхана ыдыстары бойынша бағдарлау; пешті пайдалану дағдысы және ең қарапайым тағамдарды мәзірлер мен рецептілер арқылы дайындау; тамақ қабылдау ережелері;

4) тұрғын үй: баспана түрлері; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдері; тұрғын үй мен қосалқы үй-жай түрлерін ажыратылуы; үйлер мен пәтерлерде жиһаздарды тиімді орналасуы; әртүрлі жөндеу, жинау жұмыстары;

5) көліктер, көше: қоғалдық және жеке көліктерді тағайындау туралы білімдер; ондағы тәртіп ережелері; автобекеттің, теміржол көлігінің және әуежайдың тағайындалған пунктері; қалалық көліктің түрлері;

6) отбасы: отбасы мүшелері; қалыптасқан отбасылық дәстүрлер; өзара қарым-қатынасты бағдарлау; отбасылық қордың құрылуы; Қазақстан Республикасы азаматының негізгі құжаттары туралы ілімдер;

7) мерекелер мен салтанатты жиындар: әр түрлі халықтардың дәстүрлері бойынша мерекелер мен салтанатты жиындар, мемлекеттік, діни, салт- дәстүрлерге арналған мерекелерді даярлау мен жүргізу дағдылары;

8) кәсіпорындар, мекемелер: дүкендердің түрлері және ондағы тауарлар туралы білімдер; әмбебап және арнайы дүкендерде, базарларда тұтыну; кәсіпорындарда, пошталарда, мәдени ошақтары және демалыс орындарында тұрмыстық қызмет көрсетуді пайдалану.

### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

37. Бағдарламаның мақсаты кодпен берілген. Кодта бірінші сан сыныпты білдіреді, екігші және үшінші сан – бағдарламаның бөлімін және бөлімшесін, төртінші сан- оқыту мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, кодта 6.2.1.4: «6»- сынып, «2.1»- бөлімшелер, «4»- оқыту мақсатының нөмірі.

38. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Денсаулық»:
1-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 1.1 Жеке бас тазалығы | 5.1.1.1 гигиеналық құралдарды қолдана білу;<br>5.1.1.2 гигиеналық құралдардың маңызын білу;<br>5.1.1.3 қолдана білу: дененің, шаштың тазалығын өз бетімен қадағалау<br>5.1.1.4 қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу; | 6.1.1.1 шашты күту (жуу, фенмен кептіру, қарапайым шаш үлгісін жасау);<br>6.1.1.2 шаш күтіміне арналған құралдарды таңдау және сатып алу;<br>6.1.1.3 қолдарды, аяқтарды күту ережелерін білу;<br>6.1.1.4 уақытылы тырнақтарды алуды білу , | 7.1.1.1 шашты күту, жуу, шашты күтуге арналған құралдарды пайдалану ержелерін білу;<br>7.1.1.2 жеке және интимді гигиеналар ережелерін сақтау және білу;<br>7.1.1.3 іш киімдерді жуа білу,<br>7.1.1.4 ваннаға , душқа жуыну мезгілін білу; білу; | 9.1.1.1 өз беті мен дененің, шашының тазалығына көңіл бөлу<br>9.1.1.2 қажетті гигиеналық талаптарды орындай білу ;<br>9.1.1.3 заттар мен жеке гигиена өнімдерін таңдауға және пайдалануға, оларды дұрыс сақтауға;<br>9.1.1.4 алкогольдің, темекі шегудің, нашақорлықтың қауіптілігі туралы білу; жаман әдеттермен күрес қажеттілігін білу;<br>9.1.1.5 жұқпалы және жұқпалы аурулар туралы, олардың алдын алу шаралары туралы білу; | 9.1.1.1 өз беті мен дененің, шашының тазалығына көңіл бөлу<br>9.1.1.2 қажетті гигиеналық талаптарды орындай білу;<br>9.1.1.3 заттар мен жеке гигиена өнімдерін таңдауға және пайдалануға, оларды дұрыс сақтауға;<br>9.1.1.4 алкогольдің, темекі шегудің, нашақорлықтың қауіптілігі туралы білу; жаман әдеттермен күрес қажеттілігін білу;<br>9.1.1.5 жұқпалы және жұқпалы аурулар туралы, олардың алдын алу шаралары туралы білу; |
| 1.2 Медициналық көмек | 5.1.2.1 жәндік (маса, аралар) шаққан кезде көгеру, тырналған, жарақаттанған кезде алғышқы медициналық көмек көрсету) | 6.1.2.1 үйдегі дәрі қобдишасы туралы білу;<br>6.1.2.2. үйдегі дәрі қобдишасының сақталу жерлерін білу;<br>6.1.2.3. үйдегі дәрі қобдишасының қолдану қауіпсіздігін сақтау және білу. | 7.1.2.1 дәріхана қызметін, жақын дәріхананың орналасу жерін, дәрі-дәрмекті сатып алу ережесін; дәріхананы тауып алу, дәріханашымен диалогқа түсе білу | 9.1.2.1 медициналық мекемелерге медициналық көмек көрсету үшін хабарласу ережесін білу, үйде дәрігер шақыру;<br>9.1.2.2 үйде науқастарға күтім жасау;<br>9.1.2.3 жарақат, мұрынның қанауы, сызаттар, жәндіктердің шағуы, күйік, үсік шалғанда, күннің өтуі, тағаммен улану, бас ауыруы кезінде алғашқы көмек көрсете білу | 9.1.2.1 медициналық мекемелерге медициналық көмек көрсету үшін хабарласу ережесін білу, үйде дәрігер шақыру;<br>9.1.2.2 үйде науқастарға күтім жасау;<br>9.1.2.3 жарақат, мұрынның қанауы, сызаттар, жәндіктердің шағуы, күйік, үсік шалғанда, күннің өтуі, тағаммен улану, бас ауыруы кезінде алғашқы көмек көрсете білу |

2) 2-бөлім «Киім. Аяқ киім»:
2-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 2.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері | 5.2.1.1 киім және бас киімдер түрлерін, олардың мерзім бойынша қолданысын білу;<br>5.2.1.2 киімдерді қолданысқа байланысты ажырату және саралай білу;<br>5.2.1.3 өз киіміне ұқыпты қарайды | 6.2.2.1. зығыр, жүн, жібек, синтетикалық маталардан тігілген киімдерді күту;<br>6.2.2.2. киім заттарын қолмен жуу, кептіру, үтіктеу және сақтау үшін орналастыра білу;<br>6.2.2.3 жейде, шалбар, көйлек, юбкаларды үтіктей білу | 7.2.1.1 аяқ киім түрлерін, оның қажеттілігін білу;<br>7.2.1.2 бас киімді күту және сақтау ережелерін білу;<br>7.2.1.3 бас киім атауларын білу;<br>7.2.1.4 бас киімді мезгілге және жағдайға қарай таңдай білу | 8.2.1.1 дүкенде және базарда сатып алған кезде аяқ киімнің өлшемін және аяқ киім ақауларын білу;<br>8.2.1.3 кең таралған тігін тігу бойынша жұмыстың кезектілігін білу;<br>8.2.1.4 үй жағдайындағы жүннен және синтетикалық матаданжасалған заттарды жуу ережелерін білу;<br>8.2.1.5 киім-кешек жапсырмаларындағы белгілерді анықтау;<br>8.2.1.6 блузкалар, жейделер, шалбарларды үтіктеу ережелерін білу | 9.2.1.1 дүкенге шығып, өз өлшеміңіз бойынша киім мен аяқ киім табуып, киім мен аяқ киім сатыпалуды білу;<br>9.2.1.2 киіміңіздің өлшемін, сатып алу кезінде киімдегі ақаулар туралы білу;<br>9.2.1.3 өзіңізден және досыңыздан өзіңіздің киіміңізді өлшеуге арналған өлшемдерді ала білу;<br>9.2.1.4 киім сатып алған кезде сатушы-консультанттың кеңесінен сыпайы түрде бас тартуа білу<br>9.2.1.5 киімнің қажетті заттарын таңдауға, көруге және оларды сатып алуды білу;<br>9.2.1.6 төсек төсеніштерін таңдауды сатып алуды, жууды, және сақтауды білу;<br>9.2.1.7 маусымдық киімдер мен аяқ киімді сақтауды орналастыра білу |
| 2.2 Киім, аяқ киім күтімі | 5.2.2.1. киімді және аяқ киімді күте білу;<br>5.2.2.2 киімге ұсақ жөндеу түрлерін жүргізу (түймелерді тігу); | 6.2.2.1. зығыр, жүн, жібек, синтетикалық маталардан тігілген киімдерді күту;<br>6.2.2.2. киім заттарын қолмен жуу, кептіру, үтіктеу және сақтау үшін орналастыра білу;<br>6.2.2.3 жейде, шалбар, көйлек, юбкаларды үтіктей білу. | 7.2.2.1 киімнің ерекшеліктері мен күтуіне байланысты шартты белгілерді (таңбаны) таңып білу;<br>7.2.2.2 кір жуудың, кептірудің, үтіктеудің ерекшеліктерін білу;<br>7.2.2.3 заттаңбада берілген шартты белгі бойынша киімді жуудың, кептірудің, үтіктеудің ерекшеліктерін анықтай білу; | 8.2.2.1 дұрыс аяқ киім таңдауға және оны сатып алуға;<br>8.2.2.2 нұсқау картасындағы тірегі бар таралған тігісті тігу;<br>8.2.2.3 жапсырманы көргеннен кейін алынған ақпаратты пайдалана отырып, жүннен және синтетикалық матадан жасалған заттарды жуа білу;<br>8.2.2.4 блузкалар, жейделер, шалбарлардың дәйектілігі бойынша үтіктеуді білу | 9.2.2.1 киім, аяқ киімге күнделікті күтім жасай білу;<br>9.2.2.2 қолмен және кір жуғыш машинада жуа, құрғата, үтіктей, әртүрлі маталарға арналған киімді сақтай білу;<br>9.2.2.3 кәдімгі рәміздер бойынша киімді жуу, кептіру және үтіктеу талаптарын анықтай білу;<br>9.2.2.4 үйде киімнен дақтарды кетіре білу;<br>9.2.2.5 жасалған материалына байланысты аяқ киімге күтім жасай білу |

3) 3-бөлім «Тамақтану»:
3-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 3.1 Азық-түлік өнімдері | 5.3.1.1 азық-түлік топтарын ажырата алу (көкөністер, жемістер, жидектер, сүт, ұн, ет өнімдері, балық, жармалар. Кондитерлік өнімдер тәттілер) | 6.3.1.1 азық-түліктердің сақталу мерзімін білу;<br>6.3.1.2 азық-түліктерді сақтау орындарына, тоңазтқышқа орналастыра білу;<br>6.3.1.3 дайын тағамдарды сақтау;<br>6.3.1.4 сапалы және бұзылған азық-түліктерді, тағамдарды анықтай білу;<br>6.3.1.5 уақытында тамақ қалдықтарым мен бұзылған тамақтарды тастау | 7.3.1.1 көкөністердің, еттің, балықтың алғашқы жылулық өндеуінің жолдарын білу;<br>7.3.1.2 көкөністерді қоймада, жерқоймада сақтау ережесін білу; | 8.3.1.1 өнім мақсатын білу<br>8.3.1.2 өнімдерді сынақтан өткізу шарттарын және мерзімін білу;<br>8.3.1.3 болашақта пайдалану үшін өнімдерді сатып алу, сатып алу тәсілдері туралы білу | 9.3.1.1 түрлі топтардан тағамды ажырату;<br>9.3.1.2 (пайдалы) және бүлінген (тұтынуға жарамсыз) өнімдерді ажырату<br>9.3.1.3 тағамды тиісті орындарға орналастыруға; |
| 3.2 Асүй ыдыстары, техникасы | 5.3.2.1 ас үйдегі ыдыстардың түрлері, құралдар мен жабдықтарды ажырата білу<br>5.3.2.2 оларды күту және сақтау ережелерін білу;<br>5.3.2.3 мектептің асханасындағы дастарқанды әзірлей білу | 6.3.2.1 плитаны пайдалану; (газ, электр), оны пайдалануда техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау;<br>6.3.2.2 азық-түліктердің тоңазтқышта орналасу тәртіп ережелерін білу;<br>6.3.2.3 тоңазтқышты пайдалану және оны таза ұстау ережесін білу;<br>6.3.2.4 азық-түлік өнімдерін тоңазтқыш сөресіне орналастыру тәртібін білу;<br>6.3.2.5 асүй ыдыстарын жуу және сүрту | 7.3.2.1 таңдап алынған мәзір бойынша дастарқанды түскі асқа әзірлей білу;<br>7.3.2.2 асханалық аспаптарын қолдану ережелерін білу | 8.3.2.1 қамырды жасау үшін қолданылатын әдісті білу;<br>8.3.2.2 өнімдерді дайындаудың техникалық құралдарын білу (консервілеу кілті, темір қақпақ, нейлоннан жасалған қақпақ);<br>8.3.2.3 консервілеу үшін ыдыстарды стерилизациялау жолдары; | 9.3.2.1 ас үй, асхана, шай ыдысы, асхана аспаптары, ас үй аспаптары мен құралдарын, негізгі тұрмыстық ас үй құралдарын дұрыс қолдануға;<br>9.3.2.2 таңғы, түскі, кешкі асқа және мерекеге арналған үстелге қызмет ету<br>9.3.2.3 тамақтанғаннан кейін үстелді жинауға ыдыстарды жууға, және тоңазытқышты жібітуге және жуу |
| 3.3 Ас әзірлеу | 5.3.3.1 шайды дайындау ережесін білу;<br>5.3.3.2 жұмыртқадан тағамдар әзірлеу (жұмыртқаны пісіру, құймақ жасау); псісірілмеген көкөністер мен жемістерден салат жасай білу;<br>5.3.3.3 бутербродтардың түрлерін білу және оларды жасай білу;<br>5.3.3.4 кесетін құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу;<br>5.3.3.5. таңғы асқа үстел даярлай білу | 5.3.3.1 шайды дайындау ережесін білу;<br>5.3.3.2 жұмыртқадан тағамдар әзірлеу (жұмыртқаны пісіру, құймақ жасау); псісірілмеген көкөністер мен жемістерден салат жасай білу;<br>5.3.3.3 бутербродтардың түрлерін білу және оларды жасай білу;<br>5.3.3.4 кесетін құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу;<br>5.3.3.5. таңғы асқа үстел даярлай білу | 7.3.3.1 түскі асты дайындай білу ( жеңіл тамақ, көкөністен жасалған бірінші және екінші тағам, балық және ет тағамдары, жартылай дайын өнімдер);<br>7.3.3.2 түскі асқа дастарқан әзірлей білу;<br>7.3.3.3. суып қалған тағамдарды жылыта білу | 8.3.3.1 пеште және қыздырма пеште рецепт бойынша қамырдан (құймақ, күлше, торт) дайындауды білу;<br>8.3.3.2 көкөністерді, жемістерді, жидектерді сақтауды білу;<br>8.3.3.Аспаздық кітаптап бойынша бағдарлауды білу | 9.3.3.1 ұлттық тағамдар дайындау (палау, бауырсақ, тұшпара);<br>9.3.3.2 аспазкітабына бағдар беріп, рецепт бойынша тағамдарды дайындау;<br>9.3.3.3 мерекелік үстелдің мәзірін жасау |

4) 4-бөлім «Тұрғын үй»:
4-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 4.1 Тұрғын үй ғимараттарының түрлері | 5.4.1.1 баспана түрлері: жатахана, пәтерлер, жеке үйлер, пәтердегі тәртіп ережелерін білу;<br>5.4.1.2 баспана және қосымша ғимараттарды ажырату, 5.4.1.3 баспанадағы және қосымша ғимараттағы заттардың фунукцияналды қолданысын анықтау. | 6.4.1.1 жеке және көп қабатты үйлерді ажырату;<br>6.4.1.2. қаладағы және ауылдағы адамдар тұратын тұрғын үйлерді ажырату;<br>6.4.1.3. ауылдағы үй құрылысының шаруашылық маңызын түсіндіру;<br>6.4.1.4 оның жоспары бойынша әрбір бөлменің қызметтерін сипаттау; | 7.3.1.1 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін білу (дөңгелек, тез жиналады, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы);<br>7.3.1.2 жатын бөлме, жатын бөлме жиһаздарын білу; | 8.4.1.1 киіз үйде киім мен үй тұрмысындағы заттардың сақталу ерекшеліктері туралы білу; 8.4.1.2 тұрғын үй түрлерін бағдарлай , тұрғын және қосалқы үй-жайларды ажыратып, олардың мақсатын және мазмұнын айқындауды білу; 8.4.1.3 пәтер мен үйдің үй-жайларында жиһаз және интерьер заттарын ұтымды орналастыра білу. | 9.4.1.1 киіз үйде киім мен үй тұрмысындағы заттардың сақталу ерекшеліктері туралы білу;<br>9.4.1.2 тұрғын үй түрлерінде бағдарлауға, тұрғын үй және қосалқы үй-жайларға бөлуге, олардың мақсатын және мазмұнын анықтай алуды<br>9.4.1.3 пәтер мен үйде жиһаз және интерьер заттарын ұтымды орналастыра білу. |
| 4.2 Үй тазалығы | 5.4.2.1 кілемді шаңсорғышпен тазалау; еденді жуу | 6.4.2.1 жиһазға күтім жасау (жылтыратылған және жылтыратылмаған жиһаз);<br>6.4.2.2 тұрғын үйге күнделікті және апта сайын тазалық жұмыстарын жүргізу;<br>6.4.2.3 үйдегі, пәтердегі үй жануарларын күту | 7.3.2.1 терезелерді жуа білу;<br>7.3.2.2 терезедегі перделерді күте білу;<br>7.3.2.3 жылу батареяларын күте білу (шаңдарын сүрту, жуу);<br>7.3.2.4 жарықшамдарды күте білу (сүрту, жуу);<br>7.3.2.5 тұрғын үйжайды мезгілдік жинай білу | 8.4.2.1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды жүзеге асыру;<br>8.4.2.2 үйді косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жөндеуге дайындық бойынша қызметті қамтамасыз етуге басшылық жасай білу;<br>8.4.2.3 косметикалық жөндеулерге арналған құрылыс материалдарын сатып алу орындарында бағдарлай білу;<br>8.4.2.4 асүйді, жуынатын бөлмені, тазалай білу;<br>8.4.2.5 айналарды күте білу;<br>8.4.2.6 жуғыш заттарды таңдауды және сатып алуды білу | 9.4.2.1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды жүзеге асыра білу;<br>9.4.2.2 үйді косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жөндеуге дайындық бойынша қызметті қамтамасыз етуге басшылық жасай білу<br>9.4.2.3 косметикалық жөндеуге арналған құрылыс материалдарын сатып алу орындарын бағдарлай білу (асүйді, жуынатын бөлмені) тазалай білу<br>9.4.2.4 айналарды күтуді, жуғыш заттарды таңдай және сатып ала білу таңдау және сатып алу |

(Жалғасы 23-бетте)

(Жалғасы. Басы 21-22-беттерде)

5) 5-бөлім «Көлік»:
5-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 5.1 Көлік құрал-дарының түрлері | 5.5.1.1 жекелеме және қоғамдық көлік түрлерінің қызметі туралы білу; 5.5.1.2 қоғамдық көліктегі жолаушылардың міндеттерін білу; 5.5.1.3 көлікке жолаушылардың көлікке отыру және түсу ережелерін білу; 5.5.1.4 қоғамдық көліктегі адамдардың жұмысы туралы білу; | 6.5.1.1 арнайы көліктердің қызметін білу; 6.5.1.2 полицияның, дәрігердің, өртсөндірушінің міндеттерін білу; | 7.5.1.1 автобекеттің қызметін білу; 7.5.1.2 қала аймағындағы негізгі бағыттарды білу; 7.5.1.3 автобекеттегі қосымша қызметтерді білу; 7.5.1.4 жолаушыларға қызмет көрсететін адамдардың еңбектері туралы білу; 7.5.1.5 анықтамалық қызметінен автобустар бағыттарының кестесін білу; 7.5.1.6 автобекет кассасынан билетті сатып алу тәртібін білу; 7.5.1.7 қалааралық автокөліктің қызметі туралы білу; 7.5.1.8 қалааралық автобустардың негізгі бағыттарын білу, 7.5.1.9 жүк сақтау камерасы қызметі және оны қолдану тәртібін білу; 7.5.1.10 қала аймағы және қалааралық автобустарға отыру ережесін білу 7.5.1.11 жүкі жинау және қол жүгі ерекшеліктрі | 8.5.1.1 вокзалдың негізгі қызметтері туралы білу 8.5.1.2 теміржолдың жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптері туралы білу 8.5.1.3 жолаушылар вагондарының типін және билеттің тиісті бағасын білу 8.5.1.4 поездардың қозғалысы, анықтама қызметі, теміржол билеттерін алу тәртібі (билет кассасында сатып алу, телефон бойынша тапсырыс беру) 8.5.1.5 багажды және қол жүгін багажды сақтау қоймасына жеткізу және алу тәртібі туралы білу, 8.5.1.6 теміржолдағы жол-көлік апаттарының түрлерін анықтау, төтенше жағдайларда жолаушылардың мінез-құлық тәртібін;төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету туралы білу; | 9.5.1.1 әуежайдың және оның негізгі қызметтері туралы білу 9.5.1.2 әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың жұмысын түсіну; 9.5.1.3 ұшу кестесінің мақсаты туралы білу; 9.5.1.4 анықтамалық қызметтің мақсатын білу; 9.5.1.5 авиабилеттерді сатып алу тәртібі туралы білу (қолма-қол ақшаны сатып алу, телефон бойынша тапсырыс беру); 9.5.1.6 багажды және қол жүгі тіркеу тәртібі туралы білу; 9.5.1.7 сақтау қоймасын пайдалану тәртібі туралы білу; 9.5.1.8 терминалды және оның негізгі қызметтерін тағайындау туралы білу |
| 5.2 Көлікте, жолда өзін ұстау тәртібі | 5.5.2.1 қолдана білу: қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау (отыру ережелерін, билет сатып алу, салондағы, көшедеге тәртіп); 5.5.2.2. автобус, трамвайды айналып өту; 5.5.2.3 жол жүру ережесін сақтау | 6.5.2.1 жол белгілерін білу; 6.5.2.2 көліктен түскен кезінде жолдан өту ережесін білу; 6.5.2.3 көлікті айналып өту ережесін білу (автобус, трамвай, троллейбус); 6.5.2.4 жолда болған төтенше жағдайдың себебін білу; 6.5.2.5 төтенше жағдайдағы тәртіп ережесін білу; 6.5.2.6 арнайы көліктерді сыртынан ажырата білу; 6.5.2.7 жолды көрсетілген жерлерден өте білу; 6.5.2.8 көліктен түскенде дұрыс айналып өтуді білу; 6.5.2.9 жол апаты жағдайында өзін өзі ұстай білу; | 7.5.2.1 қала аймағындағы, қалааралық көлікте сапарға жүруде жөн таба білу; 7.5.2.2 автобекет ғимаратында жөн таба білу 7.5.2.3 автобустар бағыты кестесі бойынша жөн таба білу, мүмкіндігінше автобекеттегі анықтамалық және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу; 7.5.2.4 билет сатып ала білу (мүмкіндігіне қарай); 7.5.2.5 жүкті және қол жүгін жинай білу; 7.5.2.6 жүк сақтау камерасы қызметін қолдана білу | 8.5.2.1 теміржол вокзалының ғимаратында, поезд кестесінде (мүмкіндігіне қарай) бағдарлай алуды білу; 8.5.2.2 Вокзалдың анықтамалық және әртүрлі қызметтерін пайдалана алу, билетті сатып алуға тапсырыс беруді білу 8.5.2.багажды және қол жүгін жинай білу, багажды және қол жүкті жинау үшін сақтау бөлмесін қолданыңыз, сақтау бөлмесін қолдана білу | 9.5.2.1 әуежай мен әуежай ғимаратында арнайы таңбалар мен ақпараттық тақталар арқылы бағдарлай білу; 9.5.2.2 әуе кемесінің ұшу кестесін бағдарлай білу; 9.5.2.3 әуежай мен әуежай терминалының анықтамалық қызметтерін және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу 9.5.2.4 әуе арқылы саяхат жасау процесіне бейімделе білу |
| 5.3 Қала бойынша қозғалыс бағыты | 5.5.3.1 мектептің орналасуын, өзінің тұратын ауданының негізгі бағыттарын бағдарлай білу | 6.5.3.1 қоғамдық көлікпен қатынас жасау; (қала ішінде, мектепке қатынау) (маршрут, көлік түрлері) | 7.5.3.1 қоғамдық көлікте жүруді іске асыру ( қалалық, мектепке бару, секцияға) (бағыт, көлік түрлері) | 8.5.3.11 қалалық көлікте сапарға шығу (мектепке бару (маршрут, көлік түрлері) туралы білу | 9.5.3.1 қоғамдық көлікте (қалалық, қала маңындағы, қалааралық) саяхаттау ережелерін білу және оларды пайдалана алу; 9.5.3.2 негізгі жергілікті көліктік бағыттарда жүре алу, такси қызметтерін пайдалана алу |

6) 6-бөлім «Отбасы»:
6-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 6.1 Отбасы құрамы | 5.6.1.1. отбасы мүшелерін атау (фамилиясы, аты, әкесінің аты, жас мөлшері); | 6.6.1.1 өзінің жақын туысқандарының фамилиясы, есімін, әкесінің атын, білу; 6.6.1.2. туысқандық қатынастарды атай білу; | 7.6.1.1 өзінің, жақын туыстардың, немере қарындас-ағаларының фамилиясы, атын, әкесінің атын білу; 7.6.1.2 олардың туысқандық дәрежелерін атай білу | 8.6.1.1 жақын туыстарды достар мен таныстардан ажырата білу; | 9.6.1.1 өзінің атын және отбасы мүшелеренің аттарын атай алу әкесі, анасы, бауыры, апкесі, атасы, әжесі; отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін білу; (қыз немесе ұл, немере немесе немере қыз, бауыр, әпке) |
| 6.2 Отбасылық қарым-қатынастар | 5.6.2.1 отбасындағы үлкендерге сыйлатықпен қарай білу 5.6.2.2 тұрмыстағы отбасы мүшелерінің міндеттерін анықтай білу; 5.6.2.3 отбасындағы салт-дәстүрлері анықтай білу; 5.6.2.4. отбасының үлкендеріне құрметпен қарау, қазақ халқының дәртіүрлері бойынша отбасы үлкеніне ізеттілік көрсету. | 6.6.2.1 үй шаруашылығына қолдан келетін көмек көрсету 6.6.2.2. отбасы мүшелер арасындағы үй шаруашылығына байланысты міндеттерінің бөлінуін білу; 6.6.2.3. отбасы мүшелерінің еңбегін құрметтеу; | 7.6.2.1 күнделікті үйдегі міндеттерді орындай білу; 7.6.2.2 отбасы мүшеліеріне қамқорлық жасай білу; 7.6.2.3 отбасын құру, отбасылық қарым- қатынас мәдениеті, отбасылық дәстүрлерді үйрену сұрақтары бойынша хабардар болу; 7.6.2.4 ақшалай қаражат бюджетінің құрамдас бөліктерін анықтай білу ( кіріс және шығыс); 7.6.2.5 отбасы кіріс көздерін, шығыс негіздерін анықтау; 7.6.2.6 отбасылық бюджетті жоспарлай білу (күнделікті, айлық шығысты жоспарлау) | 8.6.2.1 отбасының кіші және кәрі мүшелеріне қамқорлық жасауды білу; 8.6.2.3 отбасылық дәстүрлерді бағдарлай білу; 8.6.2.4 отбасылық бюджетті жоспарлай білу. | 9.6.1.1 өзін және өзінің отбасы мүшелерін: атасы, анасы, ағасы, әпкесі және әжесін атай білу; 9.6.1.2 отбасындағы өзіңіздің әлеуметтік рөліңізді (ұлыңыз немесе қызыңыз, немере не немере, ағаңыз, апайыңыз) анықтай білу; |
| 6.3 Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттары | 5.6.3.1 құжаттарды атау, баланың жеке куәлігі (туу туралы куәлік) | 6.6.3.1 азаматты жекелеме куәләндіруші құжаттарды білу және атау (туу туралы куәлік); 6.6.3.2 азаматтың жеке куәләндіруге байланысты негізгі құжаттарды білу (жеке сәйкестендіру нөмірін , жеке куәлік) | 7.6.3.1 азаматты жекелеме куәләндіруші құжаттарды білу және атау (туу туралы куәлік, жеке куәлік); 7.6.3.2 жеке сәйкестендіру нөмірін білу | 8.6.3.1 Қазақстан Республикасының азаматының негізгі құжаттарын бағдарлай білу (туу туралы куәлік, паспорт, білім туралы куәлік) | 9.6.2.1 үй шаруашылығын басқаруға, отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға белсенді қатысу, 9.6.2.2 Отбасылық бюджетті жоспарлай: отбасы табысының айлық мөлшерін анықтай, шығыстарды жоспарлай білу; 9.6.2.3 отбасындағы балаларға күтім жасаудың негізгі түрлерін орындау (монша, киім-кешек, тамақтандыру); 9.6.2.4 отбасы мүшелерінің арасында күнделікті өмірдегі міндеттерді бөлуді бағдарлай білу; 9.6.2.5 отбасылық демалыс ұйымдастыру, отбасылық дәстүрлерді бағдарлай білу; 9.6.2.6 мерекелерде құттықтай ала білу; 9.6.2.7 қонақтарды шақыру және қабылдау; |

7) 7-бөлім «Мерекелер мен салтанатты жиындар»
7-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| Мерекелерге дайындық және өткізу, сыйлықтар мен базарлықтарды безендіру | 5.7.1.1 туған күнге бөлмені безендіру; 5.7.1.2 мерекелік дастарқанды дайындай білу; 5.7.1.3 туған күн иесіне сыйлықты таңдап алу және оны ұсыну ережесін білу; 5.7.1.4 өз қолдарымен шағын сыйлықтар дайындау. | 5.7.1.1 негізгі мемлекеттік мерекелерді, олардың аталу күнін білу; 5.7.1.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелер күніне ғимаратты безендіре білу; 5.7.1.3 мерекелік дастарқанды даялау реті; 5.7.1.4 әжелерге, аналарға, әпкелерге, құрбыларға өз қолдарымен шағын сыйлықтарды жасай білу; | 7.7.1.1 әртүрлі халықтың діни мерекелерін: Рождество, Пасха, Масленица, Құрбан – Байрам, Ораза-Айт туралы білу 7.7.1.2 діни мерекелерді мерекелеу дәстүрлерін білу; 7.7.1.3 әртүрлі халықтың дәстүрлі тағамдарының дайындалу жолдарын білу; | 8.7.1.1. жерлеу рәсімінің ерекшеліктерін білу 8.7.1.2 рәсімге қатысушылардың мінез-құлық тәртібін 8.7.1.3 киінуге қабілеті бола білу | 9.7.1.1 әртүрлі елдердің дәстүрлеріндегі үйлену тойы; 9.7.1.2 мерейтойлар,айтулы күндер, зейнеткерлікке шығу үшін; 9.7.1.3 қазақ халқының ұлттық дәстүрлері бойыншаәртүрлі іс-шараларды өткізу(«Бесік той», «Тұсау кесу тойы», «Сүндет той», «Тілашар»); 9.7.1.4 үйлену тойларын, мерейтойларды, қазақ ұлттық салт-жораларын дайындау және өткізу ерекшеліктері |
| 7.2. Құттықтау | 5.7.2.1 туған күн иесіне құттықтау сөздерін дайындау 5.7.2.2 құттықтау сөздерін айта білу; 5.7.2.3 қазақ халқының мақал-мәтелдерін білу | 5.7.2.1 құттықтау мәтіндерін құрастыру; 5.7.2.2 құттықтау сөздерін айта білу; 5.7.2.3 қазақ халқының мақал- мәтелдерін, өлеңдерін, әндерін білу | 7.7.2.1 құттықтау мәтіндерін құрастыру 7.7.2.2 құттықтау сөздерін айта білу; 7.7.2.3 қазақ халқының мақал- мәтелдерін, өлеңдерін, әндерін білу | 8.7.2.1 көңіл айту сөздерін білдіру | 9.7.2.1 құттықтау нысандары мен шараға сыйлықтар таңдау ережесін білу |

8) 8-бөлім «Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары»:
8-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
| 8.1 Сауда кәсіп-орындары | 5.8.1.1 оқылған дүкен түрлерін, дүкен бөлімшелерін ажырату, 5.8.1.2 тауар түрлерін бағдарлау; 5.8.1.3 дүкеннен керекті тауарды табу, сатушының көмегімен және өзне қызмет көрсету арқылы тауарды сатып алу; | 6.8.1.1 сауда кәсіпорындарының жөнін білу: ірі маркет, супемаркет, шағын маркет; 6.8.1.2 кезекте өзін-өзі ұсау әдебін білу; | 7.8.1.1 сауда кәсіпорындарының әр алуан сұрыптамасына қарай қызметін білу (әмбебап, мамандандырылған); 7.8.1.2 өнеркәсіп тауарлары дүкені қызметін, тауарларды сатып алу тәртібін білу; 7.8.1.3 өнеркәсіп тауарлары дүкеніндегі кейбір бөлімдердің сұрыптамасын; жеке тауарлардың бағасын білу; 7.8.1.4 өнеркәсіп тауарлары дүкенінен тауарларды сатып алу; 7.8.1.5 сатып алған тауарлардың бағасын санай білу; 7.8.1.6 дүкендегі тәртіп ережесін білу | 8.8.1.1 «Сауда үйі» ұғымын білу; 8.8.1.2 сауда үйіндегі тауарлар түрлерінің ерекшеліктерін білу; 8.8.1.3 сауда үйінің жұмыс кестесін білу; 8.1.4 қажетті тауарларды таңдай біу; | 9.8.1.1 әмбебап, арнайы дүкендерде, базарларда, киосктерде сатып алуды жүзеге асыруға; 9.8.1.2 тауарлардың қаптамасындағы жазулардан жарамдылық мерзімі, қызмет ету мерзімі, тауарды өндіруші туралы анықтай білу; |
| 8.2 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының кәсіп-орындары | 5.8.2.1 ТКШ керекті қызметіне төленетін төлем ақыны білу | 6.8.2.1. ТКШ керекті қызметіне төленетін төлем ақыны білу; 6.8.2.2. мекен жайы бойынша ТКШ кәсіпорнының орналасқан жерін білу; | 7.8.2.1 ТКШ кіретін кәсіпорындар құрамын білу (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылумен жабдықтау, кәріз жүйесі, лифт шаруашылығы); 7.8.2.2 ТКШ қызметіне арнайы жерлерде төленетін төлемдердің тәртібін білу; 7.8.2.3 мекен жайы бойынша ТКШ кәсіпорнының орналасқан жерін білу; | 8.8.2.1 тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеу қажеттілігін түсіне білу. | 9.8.2.1 әр түрлі кәсіпорындар мен мекемелердің көрсететін қызметтерін бағдарлау; 9.8.2.2 үй басқармасы ұсынатын қызмет түрлерін бағдарлау, жұмысқа орналасуға өтініш беру; |
| 8.3 Қаржылық кәсіпорындар | 5.8.3.1 банктың дербес қаржы кәсіпорны екенін білу | 6.8.3.1 терминалдың фуникционалдық қызметіне байланысты ажырату және білу; | 7.8.3.1 коммуналдық қызметке, телефонға, электр қуатына ақы төлеу; 7.8.3.2 нақты ақшамен және банк карточкасымен төлемақы жүргізе білу; 7.8.3.3 банкоматты, терминалды пайдалану; | 8.8.3.1 ломбард туралы тәуелсіз қаржылық кәсіпорын ретінде білу | 9.8.3.1 салық түрлерін білу; 9.8.3.2 салықтарды алудың мақсатын біледі |
| 8.4 Кәсіп-орынның тұрмыстық қызметтері | 5.8.4.1 жөндеу шеберханаларының түрлері, оның қызметі, жөндеу шеберханаларын қолдану ережелерін білу | 6.8.4.1. фотоателье қызметін білу; 6.8.4.2. фотоателье қызметін пайдалана білу; | 7.8.4.1 киім тігетін ателье, киім жөндейтін шеберхана қызметін пайдалану; | 8.8.4.1 шаштараз қызметтері, құрғақ тазалау, кір жуу, жалға беру қызметтерін білу; | 9.8.4.1 тұрғылықты жердегі ең жақын кәсіпорындар мен халыққа қызмет көрсету секторы мекемелерінің орналасқан жеріне бағдарлау; 9.8.4.2 шаштараз қызметтерін, кірді құрғақ тазалауды, поштаны, жинақ кассаларын, жөндеу цехтарын, жалға беру қызметін, фото студияны, тігін фабрикасын пайдалануға; |
| 8.5 Кәсіпорынның байланыс құралдар | 5.8.5.1 пошта туралы оның қызметі, пошталық тапсырыстардың жіберу түрлерін білу | 6.8.5.1 үй, ұялы телефондарды қолдана білу, байланыс қызметінің төлем ақысын төлеу; | 7.8.5.1 посылка, бандерольдар жіберу; | 8.8.5.1 газет, журналдарға жазылуды рәсімдеу; ақша аударымдарын жүзеге асыру; | 9.8.5.1 телефонды пайдалану мүмкіндігін білу; 9.8.5.2 авариялық-құтқару қызметтеріне, өрт сөндіру, полиция, жедел жәрдемге телефон шала білу 9.8.5.3 таксиді телефон шақыра білу |
| 8.6 Мәдениет мекемелері, демалыс орындары | 5.8.6.1 театр, кинотеатр, мұражайлардың қызметі туралы білу | 6.8.6.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау; | 7.8.6.1 спорт мекемелерінде тәртіп ережелерін сақтау; | 8.8.6.1 театрға бару этикетін сақтау; | 9.8.6.1 асхана, кафе қызметін пайдалану; 9.8.6.2 үстел басында әңгімелесу тақырыбын таңдай білу |

39. Әрбір бөлімше үшін білім алушылардың икемдері мен дағдылары анықталған. Аталған дағдылар мен икемдерді игеру деңгейі сабақтағы оқу қызметтерін бағалау үшін қарастырылады.

40. Жедел мақсат қою мұғалімге білім алушының танымдық процесін басқаруға, материалды игертудің қадамдық бақылауын жүзеге асыруға, оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді.

41. Осы Бағдарлама жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

42. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

*Жеңіл ақыл-ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылғн мазмұндағы оқу бағдарламасына қосымша*

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспары**

1) 5-сынып:
1-кесте

| Бөлімдер | Бөлімшелер | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 2. Киім және аяқ киім | 2.1 Киімдер, аяқ киімдер және бас киімдер түрлері | 5.2.1.1 киім және бас киімдер түрлерін, олардың мерзім бойынша қолданысын білу; 5.2.1.2 киімдерді қолданысқа байланысты ажырату және саралай білу; 5.2.1.3 өз киіміне ұқыпты қарайды; |
| | 2.2 Киімді және аяқ киімді күту | 5.2.2.1. киімді және аяқ киімді күте білу; 5.2.2.2 киімге ұсақ жөндеу түрлерін жүргізу (түймелерді тігу); |
| 4. Тұрғын үй | 4.1 Тұрғын үй түрлері | 5.4.1.1 баспана түрлері: жатахана, пәтерлер, жеке үйлер, пәтердегі тәртіп ережелерін білу; 5.4.1.2 баспана және қосымша ғимараттарды ажырату, 5.4.1.3 баспанадағы және қосымша ғимараттағы заттардың функцияналды қолданысын анықтау. |
| | 4.2 Тұрғын үйді тазарту | 5.4.2.1 кілемді шаңсорғышпен тазалау; еденді жуу; |
| **2-тоқсан** | | |
| 6. Отбасы | 6.1 Отбасы мүшелері | 5.6.1.1 отбасы мүшелерін атау (фамилиясы, аты, әкесінің аты, жас мөлшері); |
| | 6.2 Отбасылық қарым-қатынас | 5.6.2.1 отбасындағы үлкендерге сыйластықпен қарай білу 5.6.2.2 тұрмыстаға отбасы мүшелерінің міндеттерін анықтай білу; 5.6.2.3 отбасындағы салт-дәстүрлері анықтай білу; 5.6.2.4 отбасының үлкендеріне құрметпен қарау, қазақ халқының дәртіүрлері бойынша отбасы үлкеніне ізеттілік көрсету. |
| | 6.3. Қазақстан Респубикасының азаматының құжаттары | 5.6.3.1 құжаттарды атау, баланың жеке куәлігі (туу туралы куәлік) |
| **3-тоқсан** | | |
| 7 Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары | 7.1 Сауда кәсіпорындары | 5.7.1.1 оқылған дүкен түрлерін, дүкен бөлімшелерін ажырату, 5.7.1.2 тауар түрлерін бағдарлау; 5.7.1.3 дүкеннен керекті тауарды табу, сатушының көмегімен және өзне қызмет көрсету арқылы тауарды сатып алу; |
| | 7.2. Кәсіпорын ТКШ | 5.7.2.1 ТКШ керекті қызметіне төленетін төлем ақыны білу |
| | 7.3. Қаржылық кәсіпорындар | 5.7.3.1 банктың дербес қаржы кәсіпорны екенін білу |
| | 7.4. Тұрмыс қызметі кәсіпорны | 5.7.4.1 жөндеу шеберханаларының түрлері, оның қызметі, жөндеу шеберханаларын қолдану ережелерін білу |
| | 7.5. Байланыс кәсіпорындар | 5.7.5.1 пошта туралы оның қызметі, пошталық тапсырыстардың жіберу түрлерін білу |
| | 7.6. Мәдениет мекемелері, демалыс орындар | 5.7.6.1 театр, кинотеатр, мұражайлардың қызметі туралы білу |
| 5. Көлік, көше | 5.1 Көлік түрлері | 5.5.1.1 жекелеме және қоғамдық көлік түрлерінің қызметі туралы білу; 5.5.1.2 қоғамдық көліктегі жолаушылардың міндеттерін білу; 5.5.1.3 көлікке жолаушылардың көлікке отыру және түсу ережелерін білу; 5.5.1.4 қоғамдық көліктегі адамдардың жұмысы туралы білу; |
| | 5.2. Көлікте және жолда жүру тәртібі | 5.5.2.1 қолдана білу: қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау (отыру ережелерін, билет сатып алу, салондағы, көшедеге тәртіп); 5.5.2.2 автобус, трамвайды айналып өту; 5.5.2.3 жол жүру ережесін сақтау |
| | 5.3. Қала бойынша жүру бағыттары | 5.5.3.1 мектептің орналасуын, өзінің тұратын ауданының негізгі бағыттарын бағдарлай білу |
| 7. Мерекелер, салтанатты мерекелер | 7.1. Мерекелерге дайындық және өткізу, базарлықтар сыйлықтарды әсемдеу. | 5.7.1.1 туған күнге бөлмені безендіру; 5.7.1.2 мерекелік дастарқанды дайындай білу; 5.7.1.3 туған күн иесіне сыйлықты таңдап алу және оны ұсыну ережесін білу; 5.7.1.4 өз қолдарымен шағын сыйлықтар дайындау. |
| | 7.2. Құттықтаулар | 5.7.2.1 туған күн иесіне құттықтау сөздерін дайындау 5.7.2.2 құттықтау сөздерін айта білу; 5.7.2.3 қазақ халқының мақал-мәтелдерін білу |
| **4-тоқсан** | | |
| 3. Тамақтану | 3.1 Азық-түліктер | 5.3.1.1 оқылған азық-түліктер топтарын ажырата білу (көкөністер, жемістер, жидектер, сүт, ұнан жасалған, ет, балық тағамдары, дән дақылдары, кондитерлік өнімдер, тәттілер) |
| | 3. Ас үй және асханалық ыдыстар, техника | 5.3.2.1 ас үйдегі ыдыстардың түрлері, құралдар мен жабдықтарды ажырата білу, 5.3.2.2 оларды күту және сақтау ережелерін білу; 5.3.2.3 мектептің асханасындағы дастарқанды әзірлей білу |
| | 3.3 Ас даярлау | 5.3.3.1 шайды дайындау ережесін білу; 5.3.3.2 жұмыртқадан тағамдар әзірлеу (жұмыртқаны пісіру, құймақ жасау); пісірілмеген көкөністер мен жемістерден салат жасай білу; 5.3.3.3 бутербродтардың түрлерін білу және оларды жасай білу; 5.3.3.4 кесетін құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу; 5.3.3.5 таңғы асқа үстел даярлай білу |
| 1. Денсаулық | 1.1. Дене тазалығы | 5.1.1.1 гигиеналық құралдарды қолдана білу; 5.1.1.2 гигиеналық құралдардың маңызын білу; 5.1.1.3 қолдана білу: дененің, шаштың тазалығын өз бетімен қадағалау 5.1.1.4 қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу |
| | 1.2 Медициналық көмек | 5.1.2.1 жарақаттану кезінде, мұрыннан қан кетуде, кішігрім кесіп алуда, тырналғанда, соғып алуда, жәндіктер (ара, маса) шаққанда алғашқы медициналық көмекті көрсете білу |

2) 6-сынып:
2-кесте

| Бөлімдер | Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 2. Киім және аяқ киім | 2.1 Киім, аяқ киім және бас киім түрлері | 6.2.1.1 мерзім бойынша киімдерді білу; 6.2.1.2 жыл мезгілдеріне байланысты киілетін киімдерді таңдай алуы; 6.2.1.3 мерзім аралық киімдерді дайындап, шкафтарда сақтауды білу; |
| | 2.2 Киімді, аяқ киімді күту | 6.2.2.1. зығыр, жүн, жібек, синтетикалық маталардан тігілген киімдерді күту; 6.2.2.2 киім заттарын қолмен жуу, кептіру, үтіктеу және сақтау үшін орналастыра білу; 6.2.2.3 жейде, шалбар, көйлек, юбкаларды үтіктей білу |
| 3. Тұрғын үй | 3.1 Тұрғын үй түрлері | 6.4.1.1 жеке және көп қабатты үйлерді ажырату; 6.4.1.2 қаладағы және ауылдағы адамдар тұратын тұрғын үйлерді ажырату; 6.4.1.3 ауылдағы үй құрылысының шаруашылық маңызын түсіндіру; 6.4.1.4 оның жоспары бойынша әрбір бөлменің қызметтерін сипаттау; |
| | 3.2 Тұрғын үйді жинау | 6.4.2.1 жиһазға күтім жасау (жылтыратылған және жылтыратылмаған жиһаз); 6.4.2.2 тұрғын үйге күнделікті және апта сайын тазалық жұмыстарын жүргізу; 6.4.2.3 үйдегі, пәтердегі үй жануарларын күту; |
| **2-тоқсан** | | |
| 6. Отбасы | 6.1 Отбасы мүшелері | 6.6.1.1 өзінің жақын туысқандарының фамилиясын, есімін, әкесінің атын, білу; 6.6.1.2. туысқандық қатынастарды атай білу; |
| | 6.2 Отбасылық қарым- қатынас | 6.6.2.1 үй шаруашылығына қолдан келетін көмек көрсету, 6.6.2.2 отбасы мүшелер арасындағы үй шаруашылығына байланысты міндеттерінің бөлінуін білу; 6.6.2.3 отбасы мүшелерінің еңбегін құрметтеу; |
| | 6.3 Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары | 6.6.3.1 азаматты жекелеме куәләндіруші құжаттарды білу және атау ( туу туралы куәлік); 6.6.3.2 азаматтың жеке куәләндіруге байланысты негізгі құжаттарды білу (жеке сәйкестендіру нөмірін, жеке куәлік) |
| **3-тоқсан** | | |
| 7. Кәсіпорындар, мекемелер, байланыс құралдары | 7.1.Сауда кәсіпорындары | 6.7.1.1 сауда кәсіпорындарының жөнін білу: ірі маркет, супемаркет, шағын маркет; 6.7.1.2 кезекте өзін-өзі ұсау әдебін білу; |
| | 8.2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының кәсіпорындары | 6.8.2.1. ТКШ керекті қызметіне төленетін төлем ақыны білу; 6.8.2.2 мекен жайы бойынша ТКШ кәсіпорнының орналасқан жерін білу; |
| | 8.3.Қаржы кәсіпорындары | 6.8.3.1.терминалдың фуникцианалдық қызметіне байланысты ажырату және білу; |
| | 8.4 Кәсіпорннның тұрмыстық қызметі | 6.8.4.1 фотоателье қызметін білу; 6.8.4.2 фотоателье қызметін пайдалана білу; |
| | 8.5. Байланыс құралдары кәсіпорны | 6.8.5.1 үй, ұялы телефондарды қолдана білу, байланыс қызметінің төлем ақысын төлеу; |
| | 8.6.Мәдениет мекемелері, демалыс орындары | 6.8.6.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау; |
| 5. Көлік , көше | 5.Көлік түрлері | 6.5.1.1 арнайы көліктердің қызметін білу; 6.5.1.2 полицияның, дәрігердің, өртсөндірушінің міндеттерін білу; |
| | 5.2 Көліктегі және жолдағы тәртіп | 6.5.2.1 жол белгілерін білу; 6.5.2.2 көліктен түскен кезінде жолдан өту ережесін білу; 6.5.2.3 көлікті айналып өту ережесін білу (автобус, трамвай, троллейбус) ; 6.5.2.4 жолда болған төтенше жағдайдың себебін білу; 6.5.2.5 төтенше жағдайдағы тәртіп ережесін білу; 6.5.2.6 арнайы көліктерді сыртынан ажырата білу; 6.5.2.7 жолды көрсетілген жерлерден өте білу; 6.5.2.8 көліктен түскенде дұрыс айналып өтуді білу; 6.5.2.9 жол апаты жағдайында өзін өзі ұстай білу; |
| | 5.3. Қала бойынша қозғалыс бағыты | 6.5.3.1 қоғамдық көлікпен қатынас жасау; (қала ішінде, мектепке қатынау) (маршрут, көлік түрлері) |
| 7. Мерекелер, салтанатты мерекелер | 7.1. Мерекелерге дайындалу және өткізу, сыйлықтарды, базарлықты безендіру | 6.7.1.1 негізгі мемлекеттік мерекелерді, олардың аталу күнін білу; 6.7.1.2 Қазастан Республикасының мемлекеттік мерекелер күніне ғимаратты безендіре білу; 6.7.1.3 мерекелік дастарқанды даялау реті; 6.7.1.4 әжелерге, аналарға, әпкелерге, құрбыларға өз қолдарымен шағын сыйлықтарды жасай білу; |
| | 7.2. Құттықтаулар | 6.7.2.1 құттықтау мәтіндерін құрастыру; 6.7.2.2 құттықтау сөздерін айта білу; 6.7.2.3 қазақ халқының мақал-мәтелдерін, өлеңдерін, әндерін білу; |
| **4-тоқсан** | | |
| 3. Тағам | 3.1. Азық- түліктер | 6.3.1.1 азық-түліктердің сақталу мерзімін білу; 6.3.1.2 азық-түліктерді сақтау орындарына, тоңазтқышқа орналастыра білу; 6.3.1.3 дайын тағамдарды сақтау; 6.3.1.4 сапалы және бұзылған азық-түліктерді, тағамдарды анықтай білу; 6.3.1.5 уақытында тамақ қалдықтарым мен бұзылған тамақтарды тастау; |
| | 3.2.Асхана және ас үй ыдыстары, техника | 6.3.2.1 плитаны пайдалану; (газ, электр), оны пайдалануда техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау; 6.3.2.2.азық-түліктердің тоңазтқышта орналасу тәртіп ережелерін білу; 6.3.2.3.тоңазтқышты пайдалану және оны таза ұстау ережесін білу; 6.3.2.4 азық-түлік өнімдерін тоңазтқыш сөресіне орналастыру тәртібін білу; 6.3.2.5. асүй ыдыстарын жуу және сүрту; |
| | 3.3. Ас әзірлеу | 6.3.3.1 жылы жағдайларда ас дайындау (макарон пісіру, сүтке жіне суға ботқа пісіру, картоп пісіру, оны езу); 6.3.3.2 қайнатылған көкөністерден винегрет салатын дайындай білу; 6.3.3.3. рецепт бойынша салат дайындай білу; 6.3.3.4.кешкі асқа мәзір бойынша дастарқан әзірлеу; |
| 1. Денсаулық | 1.1. Дене тазалығы | 6.1.1.1. шашты күту (жуу, фенмен кептіру, қарапайым шаш үлгісін жасау); 6.1.1.2 шаш күтіміне арналған құралдарды таңдау және сатып алу; 6.1.1.3 қолдарды, аяқтарды күту ережелерін білу; 6.1.1.4 уақытылы тырнақтарды алуды білу; |
| | 1.2. Медициналық көмек | 6.1.2.1 үйдегі дәрі қобдишасы туралы білу; 6.1.2.2. үйдегі дәрі қобдишасының сақталу жерлерін білу; 6.1.2.3. үйдегі дәрі қобдишасының қолдану қауіпсіздігін сақтау және білу. |

3) 7-сынып:
3-кесте

| Бөлімдер | Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 2. Киім және аяқ киім | 2.1 Киім, аяқ киім және бас киім түрлері | 7.2.1.1 аяқ киім түрлерін, оның қажеттілігін білу; 7.2.1.2 бас киімді күту және сақтау ережелерін білу; 7.2.1.3 бас киім атауларын білу; 7.2.1.4 бас киімді мезгілге және жағдайға қарай таңдай білу; |
| | 2.2 Киімді, аяқ киімді күту | 7.2.2.1 киімнің ерекшеліктері мен күтуіне байланысты шартты белгілерді (таңбаны) таңып білу; 7.2.2.2 кір жуудың, кептірудің, үтіктеудің ерекшеліктерін білу; 7.2.2.3 заттаңбада берілген шартты белгі бойынша киімді жуудың, кептірудің, үтіктеудің ерекшеліктерін анықтай білу; |
| 3. Тұрғын үй | 3.1 Тұрғын үй түрлері | 7.3.1.1 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін білу (дөңгелек, тез жиналады, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы); 7.3.1.2 жатын бөлме, жатын бөлме жиһаздарын білу; |
| | 3.2 Тұрғын үйді жинау | 7.3.2.1 терезелерді жуа білу; 7.3.2.2 терезедегі перделерді күте білу; 7.3.2.3 жылу батареяларын күте білу (шаңдарын сүрту, жуу); 7.3.2.4 жарықшамдарды күте білу (сүрту, жуу); 7.3.2.5 тұрғын үй- жайды мезгілдік жинай білу; |

(Жалғасы 24-бетте)

(Жалғасы. Басы 21-23-беттерде)

| | | |
|---|---|---|
| | **2-тоқсан** | |
| 6. Отбасы | 6.1 Отбасы мүшелері | 7.6.1.1 өзінің, жақын туыстардың, немере қарындас- ағаларының фамилиясын, атын, әкесінің атын білу;<br>7.6.1.2 олардың туысқандық дәрежелерін атай білу; |
| | 6.2 Отбасылық қарым-қатынас | 7.6.2.1 күнделікті үйдегі міндеттерді орындай білу;<br>7.6.2.2 отбасы мүшелеріне қамқорлық жасай білу;<br>7.6.2.3 отбасын құру, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті, отбасылық дәстүрлерді үйрену сұрақтары бойынша хабардар болу;<br>7.6.2.4 ақшалай қаражат бюджетінің құрамдас бөліктерін анықтай білу ( кіріс және шығыс);<br>7.6.2.5 отбасы кіріс көздерін, шығыс негіздерін анықтау;<br>7.6.2.6 отбасылық бюджетті жоспарлай білу (күнделікті, айлық шығысты жоспарлау) |
| | 6.3 Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары | 7.6.3.1 азаматты жекелеме куәләндіруші құжаттарды білу және атау (туу туралы куәлік, жеке куәлік);<br>7.6.3.2 жеке сәйкестендіру нөмірін білу |
| | **3-тоқсан** | |
| 8.Кәсіпорындар, мекемелер, байланыс құралдары | 8.1. Сауда кәсіпорындары | 7.8.1.1 сауда кәсіпорындарының әр алуан сұрыптамасына қарай қызметін білу (әмбебап,мамандандырылған);<br>7.8.1.2 өнеркәсіп тауарлары дүкені қызметін, тауарларды сатып алу тәртібін білу;<br>7.8.1.3 өнеркәсіп тауарлары дүкеніндегі кейбір бөлімдердің сұрыптамасын; жеке тауарлардың бағасын білу;<br>7.8.1.4 өнеркәсіп тауарлары дүкенінен тауарларды сатып алу;<br>7.8.1.5 сатып алған тауарлардың бағасын санай білу;<br>7.8.1.6 дүкендегі тәртіп ережесін білу |
| | 8.2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының кәсіпорындары | 7.8.2.1 ТКШ кіретін кәсіпорындар құрамын білу (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылумен жабдықтау, кәріз жүйесі, лифт шаруашылығы);<br>7.8.2.2 ТКШ қызметіне арнайы жерлерде төленетін төлемдердің тәртібін білу;<br>7.8.2.3 мекен жайы бойынша ТКШ кәсіпорнының орналасқан жерін білу; |
| | 8.3.Қаржы кәсіпорындары | 7.8.3.1. коммуналдық қызметке, телефонға, электр қуатына ақы төлеу;<br>7.8.3.2 нақты ақшамен және банк карточкасымен төлемақы жүргізе білу;<br>7.8.3.3 банкоматты, терминалды пайдалану; |
| | 8.4 Кәсіпорын тұрмыс қызметі | 7.8.4.1 киім тігетін ателье, киім жөндейтін шеберхана қызметін пайдалану; |
| | 8.5.Байланыс құралдары кәсіпорны | 7.8.5.1 посылка, бандерольдар жіберу; |
| | 8.6.Мәдениет мекемелері, демалыс орындары | 7.8.6.1 спорт мекемелерінде тәртіп ережелерін сақтау; |
| 5. Көлік, көше | 5.1 Көлік түрлері | 7.5.1.1 автобекеттің қызметін білу;<br>7.5.1.2 қала аймағындағы негізгі бағыттарды білу;<br>7.5.1.3 автобекеттегі қосымша қызметтерді білу;<br>7.5.1.4 жолаушыларға қызмет көрсететін адамдардың еңбектері туралы білу;<br>7.5.1.5 анықтамалық қызметінен автобустар бағыттарының кестесін білу;<br>7.5.1.6 автобекет кассасынан билетті сатып алу тәртібін білу;<br>7.5.1.7 қалааралық автокөліктің қызметі туралы білу;<br>7.5.1.8 қалааралық автобустардың негізгі бағыттарын білу,<br>7.5.1.9 жүк сақтау камерасы қызметі және оны қолдану тәртібін білу;<br>7.5.1.10 қала аймағы және қалааралық автобустарға отыру ережесін білу:<br>7.5.1.11жүкті жинау және қол жүгі ерекшеліктері |
| | 5.2. Көліктегі және жолдағы тәртіп | 7.5.2.1 қала аймағындағы, қалааралық көлікте сапарға жүруде жөн таба білу;<br>7.5.2.2 автобекет ғимаратында жөн таба білу<br>7.5.2.3 автобустар бағыты кестесі бойынша жөн таба білу. мүмкіндігінше автобекеттегі анықтамалық және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу;<br>7.5.2.4 билет сатып ала білу (мүмкіндігіне қарай);<br>7.5.2.5 жүкті және қол жүгін жинай білу;<br>7.5.2.6 жүк сақтау камерасы қызметін қолдана білу |
| | 5.3.Қала бойынша қозғалу бағыты | 7.5.3.1 қоғамдық көлікте жүруді іске асыру ( қалалық, мектепке бару, секцияға) ( бағыт, көлік түрлері) |
| 7. Мерекелер, салтанатты мерекелер | 7.1. Мерекелерге дайындалу және өткізу, сыйлықтарды, базарлықты безендіру | 7.7.1.1 әртүрлі халықтың діни мерекелерін: Рождество, Пасха, Масленица, Құрбан – Байрам, Ораза-Айт туралы білу;<br>7.7.1.2 діни мерекелерді мерекелеу дәстүрлерін білу;<br>7.7.1.3 әртүрлі халықтың дәстүрлі тағамдарының дайындалу жолдарын білу; |
| | 7.2. Құттықтау | 7.7.2.1 құттықтау мәтіндерін құрастыру;<br>7.7.2.2 құттықтау сөздерін айта білу;<br>7.7.2.3 қазақ халқының мақал- мәтелдерін, өлеңдерін, әндерін білу |
| | **4-тоқсан** | |
| 3. Тағам | 3.1. Азық-түліктер | 7.3.1.1 көкөністердің, еттің, балықтың алғашқы жылулық өндеуінің жолдарын білу;<br>7.3.1.2 көкөністерді қоймада, жерқоймада сақтау ережесін білу; |
| | 3.2.Асхана және ас үй ыдыстары, техника | 7.3.2.1 таңдап алынған мәзір бойынша дастарқанды түскі асқа әзірлей білу;<br>7.3.2.2 асханалық аспаптарын қолдану ережелерін білу; |
| | 3.3. Ас әзірлеу | 7.3.3.1 түскі асты дайындай білу (жеңіл тамақ, көкөністен жасалған бірінші және екінші тағам, балық және ет тағамдары, жартылай дайын өнімдер);<br>7.3.3.2 түскі асқа дастарқан әзірлей білу;<br>7.3.3.3. суып қалған тағамдарды жылыта білу; |
| 1. Денсаулық | 1.1 Дене тазалығы | 7.1.1.1 шашты күту, жуу, шашты күтуге арналған құралдарды пайдалану ержелерін білу;<br>7.1.1.2 жеке және интимді гигиеналар ережелерін сақтау және білу;<br>7.1.1.3 іш киімдерді жуа білу,<br>7.1.1.4 ваннаға , душқа жуыну мезгілін білу;<br>7.1.1.5 қарапайым шашты сәндеу үлгілерін жасай білу,<br>7.1.1.6 бет терісін күте білу; |
| | 1.2 Медициналық көмек | 7.1.2.1 дәріхана қызметін, жақын дәріхананың орналасу жерін, дәрі- дәрмекті сатып алу ережесін; дәріхананы тауып алу, дәріханашымен диалогқа түсе білу |

4) 8-сынып:
4-кесте

| Бөлімдер | Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| | **1-тоқсан** | |
| 3. Тұрғын үй | 3.1 Тұрғын үй түрлері | 8.4.1.1 киіз үйде киім мен үй тұрмысындағы заттардың сақталу ерекшеліктері туралы білу;<br>8.4.1.2 тұрғын үй түрлерін бағдарлай , тұрғын және қосалқы үй-жайларды ажыратып, олардың мақсатын және мазмұнын айқындауды білу;<br>8.4.1.3 пәтер мен үйдің үй-жайларында жиһаз және интерьер заттарын ұтымды орналастыра білу |
| | 3.2 Тұрғын үйді жинау | 8.4.2.1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды жүзеге асыру;<br>8.4.2.2 үйді косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жөндеуге дайындық бойынша қызметті қамтамасыз етуге басшылық жасай білу;<br>8.4.2.3 косметикалық жөндеулерге арналған құрылыс материалдарын сатып алу орындарында бағдарлай білу;<br>8.4.2.4 асүйді, жуынатын бөлмені, тазалай білу;<br>8.4.2.5 айналарды күте білу;<br>8.4.2.6 жуғыш заттарды таңдауды және сатып алуды білу |
| | **2-тоқсан** | |
| 6. Отбасы | 6.1 Отбасы құрамы | 8.6.1.1 жақын туыстарды достар мен таныстардан ажырата білу; |
| | 6.2 Отбасылық қарым-қатынас | 8.6.2.1 отбасының кіші және кәрі мүшелеріне қамқорлық жасауды білу;<br>8.6.2.3 отбасылық дәстүрлерді бағдарлай білу;<br>8.6.2.4 отбасылық бюджетті жоспарлай білу |
| | 6.3 Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары | 8.6.3.1 Қазақстан Республикасының азаматының негізгі құжаттарын бағдарлай білу (туу туралы куәлік, паспорт, білім туралы куәлік) |
| | **3-тоқсан** | |
| 7. Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары | 8.1 Сауда кәсіпорындары | 8.8.1.1 «Сауда үйі» ұғымын білу;<br>8.8.1.2 сауда үйіндегі тауарлар түрлерінің ерекшеліктерін білу;<br>8.8.1.3 сауда үйінің жұмыс кестесін білу;<br>8.8.1.4 қажетті тауарларды таңдай білу; |
| | 7.2.Коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары | 8.7.2.1 тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеу қажеттілігін түсіне білу |
| | 7.3.Қаржылық кәсіпорындары | 8.7.3.1 ломбард туралы тәуелсіз қаржылық кәсіпорын ретінде білу |
| | 7.4. Тұрмыстық қызмет көрсетуші кәсіпорындары | 8.7.4.1 шаштараз қызметтері, құрғақ тазалау, кір жуу, жалға беру қызметтерін білу; |
| | 7.5. Байланыс құралдарының кәсіпорындары | 8.7.5.1 ақша аударымдарын жүзеге асырады;ақша аударымдарын жүзеге асырады; |
| | 7.6. Мәдениет мекемелері, демалыс орындары | 8.7.6.1 театрға бару кезінде этикетті сақтай білу; |
| 5. Көлік, көше | 5.1 Көлік құралдарының түрлері | 8.5.1.1 вокзалдың негізгі қызметтері туралы білу;<br>8.5.1.2 теміржолдың жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптері туралы білу;<br>8.5.1.3 жолаушылар вагондарының типін және билеттің тиісті бағасын білу;<br>8.5.1.4 поездардың қозғалысы, анықтама қызметі, теміржол билеттерін алу тәртібі (билет кассасында сатып алу, телефон бойынша тапсырыс беру);<br>8.5.1.5 багажды және қол жүгін багажды сақтау қоймасына жеткізу және алу тәртібі туралы білу;<br>8.5.1.6 теміржолдағы жол-көлік апаттарының түрлерін анықтау, төтенше жағдайларда жолаушылардың мінез-құлық тәртібін;төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету туралы білу; |
| | 5.2. Көліктегі және жолдағы жүріс-тұрыс | 8.5.2.1 теміржол вокзалының ғимаратында, поезд кестесінде (мүмкіндігіне қарай) бағдарлай алуды білу;<br>8.5.2.2 вокзалдың анықтамалық және қызметтерін пайдалана алу, билетті сатып алуға тапсырыс беруді білу;<br>8.5.2.3 багажды және қол жүгін жинай білу, багажды және қол жүкті жинау үшін сақтау бөлмесін қолданыңыз, сақтау бөлмесін қолдана білу |
| | 5.3. Қаланың ішіндегі қозғалыс бағыттары | 8.5.3.11 қалалық көлікте сапарға шығу (мектепке бару (маршрут, көлік түрлері) туралы білу |
| 7. Мерекелер мен салтанатты жиындар | 7.1. Мерекеге дайындық және өткізу, сыйлықтарды, кәдісыйды рәсімдеу | 8.7.1.1. жерлеу рәсімінің ерекшеліктерін білу;<br>8.7.1.2 рәсімге қатысушылардың мінез-құлық тәртібін;<br>8.7.1.3 киінуге қабілеті бола білу |
| | 7.2. Құттықтау | 8.7.2.1 көңіл айту сөздерін білдіру |
| | **4-тоқсан** | |
| 3. Тамақтану | 3.1. Азық-түлік | 8.3.1.1. өнім мақсатын білу;<br>8.3.1.2 өнімдерді сынақтан өткізу шарттарын және мерзімін білу;<br>8.3.1.3 болашақта пайдалану үшін өнімдерді сатып алу, сатып алу тәсілдері туралы білу |
| | 3.2.Ас үй мен асханалық ыдыстар, техника | 8.3.2.1 қамырды жасау үшін қолданылатын әдісті білу;<br>8.3.2.2 өнімдерді дайындаудың техникалық құралдарын білу (консервілеу кілті, темір қақпақ, нейлоннан жасалған қақпақ);<br>8.3.2.3 консервілеу үшін ыдыстарды стерилизациялау жолдары; |
| | 3.3. Тағамды дайындау | 8.3.3.1 пеште және қыздырма пеште рецепт бойынша қамырдан (құймақ, күлше, торт) дайындауды білу;<br>8.3.3.2 көкөністерді, жемістерді, жидектерді сақтауды білу;<br>8.3.3.аспаздық кітаптап бойынша бағдарлауды білу |
| 1. Денсаулық | 1.1 Дене гигиенасы | 8.1.1.1 денсаулықты сақтау және көтермелеу үшін дене шынықтыру мен спорттың маңыздылығын білу;<br>8.1.1.2 табиғи күштердің (күн, ауа және су) денсаулыққа пайдасын түсіну;<br>8.1.1.3 біртіндеп және жүйелі жаттығу принциптерін білу |
| | 1.2 Медициналық көмек | 8.1.2.1 медициналық мекемелерге (емхана, аурухана, жедел жәрдем қызметі) бағыт беру, өз қызметтерін пайдалану ережелерін білу; 8.1.2.2 дәрігерге үйден қоңырау шалуға, дәрігерге өзіңіздің денсаулығыңыз туралы хабарлауға, үйдегі науқасқа қамқорлық жасай білу;<br>8.1.2.3 күйік, аяз, күн өту, улану, бас ауыруы кезінде алғашқы көмек көрсете білу |

5) 9 сынып:
5-кесте

| Бөлімдер | Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| | **1-тоқсан** | |
| 2. Киім және аяқ киім | 2.1 Киім, аяқ киім және бас киім түрлері | 9.2.1.1дүкенге шығып,өз өлшеміңіз бойынша киім мен аяқ киім табуып, киім мен аяқ киім сатыпалуды білу;<br>9.2.1.2 киіміңіздің өлшемін ,сатып алу кезінде киімдегі ақаулар туралы білу;<br>9.2.1.3 өзіңізден және досыңыздан өзіңіздің киіміңізді өлшеуге арналған өлшемдерді ала білу;<br>9.2.1.4 киім сатып алған кезде сатушы-консультанттың кеңесінен сыпайы түрде бас тартуа білу;<br>9.2.1.5 киімнің қажетті заттарын таңдауға, көруге және оларды сатып алуды білу;<br>9.2.1.6 төсек төсеніштерін таңдауды сатып алуды, жууды, және сақтауды білу;<br>9.2.1.7 маусымдық киімдер мен аяқ киімді сақтауды орналастыра білу |
| | 2.2 Киім, аяқ киімге күтім жасау | 9.2.2.1 киім, аяқ киімге күнделікті күтім жасай білу;<br>9.2.2.2 қолмен және кір жуғыш машинада жуа, құрғата, үтіктей, әртүрлі маталарға арналған киімді сақтай білу;<br>9.2.2.3 кәдімгі рәміздер бойынша киімді жуу, кептіру және үтіктеу талаптарын анықтай білу;<br>9.2.2.4 үйде киімнен дақтарды кетіре білу;<br>9.2.2.5 жасалған материалына байланысты аяқ киімге күтім жасай білу |
| 3. Тұрғын үй | 3.1 Тұрғын үй түрлері | 8.4.1.1 киіз үйде киім мен үй тұрмысындағы заттардың сақталу ерекшеліктері туралы білу;<br>8.4.1.2 тұрғын үй түрлерінде бағдарлауға, тұрғын үй және қосалқы үй-жайларға бөлуге, олардың мақсатын және мазмұнын анықтай алу;<br>8.4.1.3 пәтер мен үйде жиһаз және интерьер заттарын ұтымды орналастыра білу. |
| | 3.2 Тұрғын үйді тазалау | 8.4.2.11 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды жүзеге асыра білу;<br>8.4.2.2 үйді косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жөндеуге дайындық бойынша қызметті қамтамасыз етуге басшылық жасай білу;<br>8.4.2.3 косметикалық жөндеуге арналған құрылыс материалдарын сатып алу орындарын бағдарлай білу; (асүйді, жуынатын бөлмені) тазалай білу;<br>8.4.2.4 айналарды күтуді, жуғыш заттарды таңдай және сатып ала білу |
| | **2-тоқсан** | |
| 6.Отбасы | 6.1 Отбасы құрамы | 9.6.1.1 өзін және өзінің отбасы мүшелерін: атасы, анасы, ағасы, әпкесі және әжесін атай білу;<br>9.6.1.2 отбасындағы өзіңіздің әлеуметтік рөліңізді (ұлыңыз немесе қызыңыз, немере не немере, ағаңыз, апайыңыз) анықтай білу; |
| | 6.2 Отбасылық қарым-қатынас | 9.6.2.1 үй шаруашылығын басқаруға, отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға белсенді қатысу; 9.6.2.2 отбасылық бюджетті жоспарлай: отбасы табысының айлық мөлшерін анықтай, шығыстарды жоспарлай білу;<br>9.6.2.3 отбасындағы балаларға күтім жасаудың негізгі түрлерін орындау (монша, киім-кешек, тамақтандыру);<br>9.6.2. отбасы мүшелерінің арасында күнделікті өмірдегі міндеттерді бөлуді бағдарлай білу;<br>9.6.2.5 отбасылық демалыс ұйымдастыру, отбасылық дәстүрлерді бағдарлай білу;<br>9.6.2.6 мерекелерде құттықтай ала білу;<br>9.6.2.7 қонақтарды шақыру және қабылдау; |
| | 6.3 Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары | 9.6.3.1төлқұжатта, негізгі деректерде (серия, нөмір, жеке нөмір, төлқұжатта берген және кім берген ) оларды бағдарлап жазып алу;<br>9.6.3.2 жұмысқа қабылдауға арналған құжаттарды жинақтап, рәсімдеу |
| | **3-тоқсан** | |
| 8.Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары | 8.1 Сауда кәсіпорындары | 9.8.1.1әмбебап, арнайы дүкендерде, базарларда, киоскіерде сатып алуды жүзеге асыруға; 9.8.1.2 тауарлардың қаптамасындағы жазулардан жарамдылық мерзімі, қызмет ету мерзімі, тауарды өндіруші туралы анықтай білу; |
| | 8.2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының кәсіпорындары | 9.8.2.1 әр түрлі кәсіпорындар мен мекемелердің көрсететін қызметтерін бағдарлау;<br>9.8.2.2 үй басқармасы ұсынатын қызмет түрлерін бағдарлау, жұмысқа орналасуға өтініш беру; |
| | 8.3. Қаржылық кәсіпорындары | 9.8.3.1 салық түрлерін білу;<br>9.8.3.2 салықтарды алудың мақсатын біледі |
| | 8.4. Тұрмыстық қызмет көрсетуші кәсіпорындары | 9.8.4.1 тұрғылықты жердегі ең жақын кәсіпорындар мен халыққа қызмет көрсету секторы мекемелерінің орналасқан жеріне бағдарлау;<br>9.8.4.2 шаштараз қызметтерін, кірді құрғақ тазалауды, поштаны, жинақ кассаларын, жөндеу цехтарын, жалға беру қызметін, фото студияны, тігін фабрикасын пайдалануға; |
| | 8.5. Байланыс құралдарының кәсіпорындары | 9.8.5.1 телефонды пайдалану мүмкіндігін білу;<br>9.8.5.2 аварияльқ-құтқару қызметтеріне,өрт сөндіру, полиция, жедел жәрдемге телефон шала білу:<br>9.8.5.3 таксиді телефон шақыра білу |
| | 8.6. Мәдениет мекемелері, демалыс орындары | 9.8.6.1 асхана, кафе қызметін пайдалану;<br>9.8.6.2 үстел басында әңгімелесу тақырыбын таңдай білу |
| 5. Көлік, көше | 5.1 Көлік түрлері | 9.5.1.1 әуежайдың және оның негізгі қызметтері туралы білу;<br>9.5.1.2 әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың жұмысын түсіну;<br>9.5.1.3 ұшу кестесінің мақсаты туралы білу;<br>9.5.1.4 занықтамалық қызметтің мақсатын білу;<br>9.5.1.5 авиабилеттерді сатып алу тәртібі туралы білу (қолма-қол ақшаны сатып алу, телефон бойынша тапсырыс беру);<br>9.5.1.6 багажды және қол жүгі тіркеу тәртібі туралы білу;<br>9.5.1.7 сақтау қоймасын пайдалану тәртібі туралы білу;<br>9.5.1.8 терминалды және оның негізгі қызметтерін тағайындау туралы білу |
| | 5.2 Көліктегі және жолдағы жүріс-тұрыс | 9.5.2.1 әуежай мен әуежай ғимаратында арнайы таңбалар мен ақпараттық тақталар арқылы бағдарлай білу;<br>9.5.2.2 әуе кемесінің ұшу кестесін бағдарлай білу;<br>9.5.2.3 әуежай мен әуежай терминалының анықтамалық қызметтерін және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу;<br>9.5.2.4 әуе арқылы саяхат жасау процесіне бейімделе білу |
| | 5.3.. Қаланың айналасындағы қозғалыс бағыттары | 9.5.3.1 қоғамдық көлікте (қалалық, қала маңындағы, қалааралық) саяхаттау ережелерін білу және оларды пайдалана алу;<br>9.5.3.2 негізгі жергілікті көліктік бағыттарда жүре алу, такси қызметтерін пайдалана алу |
| 7. Мерекелер, салтанатты жиындар | 7.1. Мерекеге дайындық және өткізу, сыйлықтарды, кәдісыйды рәсімдеу | 9.7.1.1 әртүрлі елдердің дәстүрлеріндегі үйлену тойы;<br>9.7.1.2 мерейтойлар,айтулы күндер, зейнеткерлікке шығу үшін;<br>9.7.1.3 қазақ халқының ұлттық дәстүрлері бойыншаәртүрлі іс-шараларды өткізу(«Бесік той», «Тұсау кесу тойы», «Сүндет той», «Тілашар»);<br>9.7.1.4 үйлену тойларын, мерейтойларды, қазақ ұлттық салт-жораларын дайындау және өткізу ерекшеліктері; |
| | 7.2. Құттықтаулар | 9.7.2.1 құттықтау нысандары мен шараға сыйлықтар таңдау ережесін біліңіз |
| | **4-тоқсан** | |
| 3. Тамақтану | 3.1. Азық- түлік | 9.3.1.1 түрлі топтардан тағамды ажырату;<br>9.3.1.2 (пайдалы) және бүлінген (тұтынуға жарамсыз) өнімдерді ажырату;<br>9.3.1.3 тағамды тиісті орындарға орналастыруға; |
| | 3.2.Ас үй мен асханалық ыдыстар, техника | 9.3.2.1 ас үй, асхана, шай ыдысы, асхана аспаптары, ас үй аспаптары мен құралдарын, негізгі тұрмыстық ас үй құралдарын дұрыс қолдануға;<br>9.3.2.2 таңғы, түскі, кешкі асқа және мерекеге арналған үстелге қызмет ету;<br>9.3.2.3 тамақтанғаннан кейін үстелді жинауға ыдыстарды жууға, және тоңазытқышты жібітуге және жууға |
| | 3.3. Тағамды дайындау | 9.3.3.1 ұлттық тағамдар дайындау (палау, бауырсақ, тұшпара);<br>9.3.3.2 аспазкітабына бағдар беріп, рецепт бойынша тағамдарды дайындау;<br>9.3.3.3 мерекелік үстелдің мәзірін жасауға; |
| 1. Денсаулық | 1.1 Дене гигиенасы | 9.1.1.1.өз бетімендененің,шашының тазалығына көңіл бөлу;<br>9.1.1.2 қажетті гигиеналық талаптарды орындай білу;<br>9.1.1.3 заттар мен жеке гигиена өнімдерін таңдауға және пайдалануға, оларды дұрыс сақтауға;<br>9.1.1.4 алкогольдің, темекі шегудің, нашақорлықтың қауіптілігі туралы білу; жаман әдеттермен күрес қажеттілігін білу;<br>9.1.1.5 жұқпалы және жұқпалы аурулар туралы, олардың алдын алу шаралары туралы білу; |
| | 1.2 Медициналық көмек | 9.1.2.1 медициналық мекемелерге медициналық көмек көрсету үшін хабарласу ережесін білу, үйде дәрігер шақыру;<br>9.1.2.2 үйде науқастарға күтім жасау;<br>9.1.2.3 жарақат, мұрынның қанауы, сызаттар, жәндіктердің шағуы, күйік, үсік шалғанда, күннің өтуі, тағаммен улану, бас ауыруы кезінде алғашқы көмек көрсете білу |

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 89-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 529-қосымша*

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптары үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптары үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Жалпы еңбекке даярлау» пәні жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың мүдделері мен психофизикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оларды болашақ кәсіпті саналы түрде, өздігінен таңдауға дайындау мақсатында оқу жоспарына ендірілген.

3. «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәнінің міндеттері:

1) жалпы еңбектік біліктер мен дағдыларды: үлгіні талдай білу, тапсырмада бағдарлау, алдағы әрекетті жоспарлау, еңбектің ағымды және соңғы нәтижелерін бақылауды қалыптастыру;

2) білім алушыларды тәртіп талаптарын сақтауға, сөйлеу тілін еңбек процесінде өзара әрекеттену үшін пайдалануға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, бұйымның барынша сапалы болуына қол жеткізуге үйрету;

3) еңбек әрекетінің уәждік деңгейін арттыру және еңбекке қажетті жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

4) білім алушыларды еңбектің әр түрлі түрлеріне жататын жұмыстармен таныстыру;

5) еңбек тәсілдеріне үйрету процесіндегі еңбектік қимыл дағдыларын қалыптастыру, үйретілетін технологиялық амалдарды орындауды меңгерту;

6) білім алушыларда ауызша және жазбаша нұсқауларды, көрнекіліктің әр түрлі түрлерін пайдаланумен бағдарлау икемділігін дамыту.

**2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Оқыту білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне қарай бірнеше бағытта жүргізіледі. Әрбір еңбек түрі бойынша 5-6 сыныптарда орындауға жоспарланған жұмыс көлемі үлкен емес. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қызығушылықтары, икемділіктері мен қабілеттері зерттеледі, әр білім алушымен келесі кезеңде кәсіптік оқыту еңбектің қандай түрінде жүргізілетіні анықталады.

5. Мектеп әкімшілігі жергілікті жағдайға, бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне, білім беру ұйымының материалдық базасына сәйкес келетін еңбек түрлерін таңдайды, негізгі бағдарламалар мазмұнын нақтылайды немесе олардың үлгісінде қажетті еңбек түрлері бойынша жаңаларын әзірлейді.

6. «Жалпы еңбекке даярлау» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.

7. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту принципі баланың даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды білдіреді. Түзете дамыту бағыттылық принципі оқу және оқыту әрекетін арнайы әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді.

8. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме принципі психологияның «жетекші әрекет» түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыны дамытудың, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.

9. Саралау және жекелеу тәсілдеме принципі. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыға қатысты саралау және жекешелеу тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекешелеу тәсілі саралау тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

10. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік принципі. Педагог білім алушылардың дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті басқара алады.

11. Өткен материалдарды үнемі қайталау және бекіту қажеттілігі Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқыған білімі мен дағдыларын жылдам ұмытып қалатындықтарымен түсіндіріледі. Әр сабақта қайталау үшін уақыт бөлінеді.

12. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі – АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын «құрастыруға» көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді. АКТ оқу процесінде білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін есепке ала отырып шамалап қолданылады.

13. Сабақтарда АКТ келесі мақсаттарда қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі және сөйлеу тілінің көмегімен қандай да бір заттық мазмұннан еркін өтіп, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу, бір тәсілден басқасына көшу;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

14. Жалпы еңбекке даярлау сабақтарын ұйымдастыру және өткізу процесінде қажетті педагогикалық талаптар сақталады:

1) мұғалім Бағдарлама негізінде тапсырмаларды орындаудың күрделілік деңгейін, кезеңдерін ерекшелей отырып, өзі жүргізетін еңбек түрі бойынша үлгілік күнтізбелік жоспар әзірлейді; құрал-жабдықтарды, технологиялық құжаттарды, оларды орындауға арналған керек-жарақтарды таңдайды; еңбек тапсырмаларын немесе олардың кезеңдерін орындау бойынша критериалды бағалауды әзірлейді;

2) білім алушыларды оқыту ұйымдастырылатын кәсіптің кәсіби әрекеттің мазмұнына және мамандарға қоятын талаптарымен таныстырады. Мұғалім білім алушыларды осы кәсіп аясындағы заттармен, құралдармен, мақсаттармен, ережелермен, еңбек құралдарымен таныстырады;

3) диагностикалық сынақтама жүзеге асырылады. Сынақтаманы, оның мазмұнын және диагностикалық құндылығын таңдау негізделуге және психологтармен келісілуге міндетті. Диагностикалық сынақтаманы жүргізуге арналған нұсқау мұқият әзірленеді;

4) білім алушылардың кәсіптік икемін және олардың нақты осы әрекеттегі тәжірибесін анықтау. Бұл білім алушылардың қызығушылықтары, олардың білім деңгейі және мүмкіндігі, белгілі бір кәсіптік әрекет аясындағы тәджірибесі туралы түсінікті алуға; білім алушылардың күрделілік деңгейі әр түрлі тапсырмаларды орындауға дайындығын анықтауға мүмкіндік береді;

5) білім алушыларды әрбір еңбек түрі және оларды орындауды ұйымдастыру бойынша оқу жұмысының мазмұнымен таныстыру.

15. Жалпы еңбекке даярлау сабақтарының барысында білім берушілерге кәсіптік әрекеттердің нақты түрлері туралы негізгі мәліметтер беріледі; кәсіптік әрекеттердің әр түрлі түрлерінің негізгі элементтері үлгіленеді; олардың қандай да бір еңбек түрі бойынша тапсырмаларды орындауға деген дайындық деңгейі анықталады; оқу тапсырмаларын сапалы орындау үшін қажетті талаптармен қамтамасыз етіледі.

16. Сабақтарды аптасына 6 сағаттан оқу жылына жоспарлаған кезде негізгі бейін және қосымша еңбек түрі немесе еңбек түрлерін тоқсандар немесе апталар бойынша бөлу таңдалады.

17. «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәні бір мезгілде бірнеше еңбек түрін қамтуды білдіреді.

18. Еңбекке оқыту бейіні білім алушының психофизикалық ерекшелігін, дәрігердің ұсынысын және мектептің мүмкіндігін есепке ала отырып, жеке анықталады.

19. Білім алушының кәсіби қызығушылығы, кәсіби шамасы немесе денсаулық мүмкіндігі болмаса еңбекке оқыту бейіні өзгереді.

20. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизим идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

21. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қол еңбегі бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы біріңғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған

22. Оқытудың деңгейлік мақсатты анықталған дағдыларды қалыптастырған тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

23. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

24. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

25. Ағымды бақылау сабақ барысында білім алушыларды бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарды, әрекеттердің ұжымдық түрін талдау арқылы жүреді. Сабақ барысындағы бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтың пайдаланатын оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

26. Мерзімдік бақылау жұмысы бағдарламалық тақырыпты, бөлімді өткеннен кейін жүргізіледі. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагогпен оқу жылы бойы бақылаған сыныптың әр білім алушысының даму және табыстылық динамикасы талқыланады.

27. Бағалау шараларының көмегімен алынған ақпарат педагогқа дағдылар мен икемділіктерді меңгеру процесінде туындаған қиындықтарды дер кезінде байқауға және сайма-сай бағалауға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны мен тәсілдерін дәйекті анықтайды.

28. Сапалы оқытуды және білім алушыларлы жалпы еңбекке тиімді дайындау үшін еңбек сабағының кабинеттері санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жарақтандырылады.

**3-тарау. «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

29. «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрайды.

30. «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Материалтану. Құралдар және жабдықтар»;

2) 2-бөлім «Еңбек заттарын жасау технологиясы»;

3) 3-бөлім «Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы»;

4) 4-бөлім «Еңбек заттарын талдау және бағалау».

31. «Материалтану. Құралдар және жабдықтар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер;

2) материалдарды, құралдар мен жабдықтарды талдау.

32. «Еңбек заттарын жасау технологиясы» бөліміне кіретін бөлімшелер:

1) ағаш ұстасы;

2) түптеу картонаждық іс;

3) тігін ісі;

4) слесарлық іс;

5) сылақ-майлау ісі;

6) аяқ киім ісі.

33. «Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) гүл өсіру және сәндік бағбаншылық;

2) аула тазартушы;

3) қызмет көрсетуші кіші қызметкер.

34. «Еңбек заттарын талдау және бағалау» бөліміне кіретін бөлімшелер:

1) еңбек заттарын талдау;

2) еңбек заттарын бағалау.

35. 5-сыныпқа арналған «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) берілген әрекет аясындағы ситпат, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсінік; еңбек заттарының ерекшеліктері; еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамалары; кәсіби сынаманы орындау технологиясы; техникалық терминология; құралдар және оларды қолдану ережелері; шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелері және санитарлық-гигиеналық талаптары:

ағаш кесіндісін шектегіші бар стуслода белгі бойынша кесу технологиясы: қолданысы, негізгі техникалық сипаттамасы, стусломен және қол арамен жұмыс ережелері, ағаш ұстасы құралдарын жұмысқа дайындау, ағашты кесу;

қалта мен хатқалтаны жасау технологиясы: өлшеуіш сызғыштың және оның қимаүлгісінің көмегімен хатқалтаның жаймасын белгілеу, жайманы кесіп алу, бүйір және төменгі бөлігін жинастыру және желімдеу, пошта бұйымдарын қысу, есептеу және дайын бұйымдарды бандерольдау;

сәндік тігістерді орындау технологиясы: тамбурлық, ілмекті; қаңылтыр қорaптарды жасау (сызба бойынша белгілеу, шеттерін бүгу, өткір жиектерін қайыру);

ағаш бұйымдарды майлы бояу, сулы құраммен сыланған жазықтықты бояу технологиясы.

36. 6-сыныпқа арналған «Жалпы еңбекке даярлау» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) орындалатын жұмыстың сипатына байланысты жалпы теориялық мәліметтер; еңбек заттарының ерекшеліктері; тапсырмада үлгі, сурет және технологиялық карта бойынша бағдарлау; еңбек заттарын жасаған кезде материалдардың қасиеттері; терминдер мен технологиялық операциялардың атаулары:

зерттелген операцияларды орындау және орындалатын әрекеттің алгоритмының технологиясы;

бұйым бөліктерін дөңгелек кесінділерден жасау технологиясы;

қаптама мен құжаттарға арналған қорап жасау технологиясы;

бір бөлікті бұйымдарды (қалталы жастық тысы, спорттық аяқ киімге арналған дорба) орындау технологиясы;

жабындық болаттан қоқысқа арналған қалақша жасау технологиясы;

әр түрлі шаруашылық жайлардың қабырғаларын жөндеген кезде сылау және бояу әрекеттерінің технологиясы.

37. Осы бағдарламадағы оқу материалын сынып (тоқсан) бойынша шамамен бөлінген, мұғалім білім алушылардың меңгеру ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын бір сыныптан келесі сыныпқа (бір тоқсаннан келесі тоқсанға) ауыстыруға құқылы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жеке қарқында, көлемде дамуға және оқу материалын меңгеруге құқысын жүзеге асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты меңгеруге қажетті сағат санын өздігінен анықтайды. Әр сыныптағы оқу алдында өтілген материалды қайталаудан басталады.

(Жалғасы бар)